

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ
«ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРНЫ

БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғаудың
вице-министрі

_____ М. Н. Ысқақов

2012 ж. « ____ » _____

«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті орган қызметін қамтамасыз ету»
001 Бағдарламасының
ЕСЕБІ

Кіші бағдарламасы 004 «Орталық орган аппараты»
Ерекшелік: 149 «Өзге жұмыстар мен қызметтер»

тақырыбы:

«Қазақстан Республикасының трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді
бағалау туралы конвенциясын жүзеге асыру бойынша баяндамасын дайындау»

«ҚОҚ АТО» РМК Бас директоры

С. Васильев

Астана 2012

ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Жауапты орындаушы, ҚР Қоршағанорттаминінің «ҚОҚ АТО» РМК бас директорының орынбасары, биология ғылымдарының кандидаты (25.07.2007ж. мемлекеттік лицензия №01240Р «Табиғатты қорғауды жобалау, нормалау, экологиялық сараптамалау)	Л. В. Шабанова
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық сарапшы	А. Н. Мирошниченко
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық сарапшы, география ғылымдарының кандидаты	В. В. Лысенко
Жауапты орындаушы, халықаралық конвенция және экологиялық білім бөлімінің бастығы	А. Е. Жүсіпов
Жауапты орындаушы, қоғаммен байланыс бөлімінің бастығы	О.М. Мельник
Орындаушы, бас маман	А.З.Орақбаева
Орындаушы, маман	С. Ш. Шұматова
Орындаушы, маман	Б.А. Жүсіпов
Орындаушы, маман	К.С.Бекбенбетова
Орындаушы, маман	М.С. Байтемірова

РЕФЕРАТ

Есеп 110 беттен, 2 кестеден тұрады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША БАЯНДАМАСЫН ДАЙЫНДАУ.

«Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы» 21.10.2000 №86-II Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Трансшекаралық контекстегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенциясына қосылды (А қосымшасы).

Қоршаған ортаға трансшекаралық әсер ету мәселесі бойынша экологиялық кодекстің 43 бабында және жоспарланып отырған және өзге де қызмет түрінің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша Нұсқаулықта жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамаларын өңдеу барысында ескерілген, яғни трансшекаралық әсері бар объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау ерекшеліктері Қазақстан Республикасымен ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады.

Экологиялық кодексте қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу кезінде қоғамның қатысуы бойынша жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау құжаттамасында міндетті түрде қоғамдық пікірді ескеретін материалдар, яғни хаттамалармен рәсімделген және жоспарланып отырған қызметтің экологиялық аспектілерін қоғамдық талқылау нәтижелері жөніндегі қорытындыларды қамтитын материалдар, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптама жариялығы және жұртшылықтың қабылданған шешімге қолжетімділік мүмкіндігі үшін – қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге сұранымдарды қоспағанда, жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісі мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге сұранымды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндеттілігі.

Бұдан басқа, әзірленген трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясын іс жүзінде қолдану және трансшекаралық контекстегі қоршаған ортаға әсерді бағалауға қоғамның қатысуы бойынша нұсқаулықтары, және де Орталық Азия мемлекеттері үшін трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізуге нұсқаулық жеке және ұжымдық шараларды қабылдауға негіз болып табылады. Көрсетілген нұсқаулықтар «Қазақстанда және Қырғызстанда трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы БҰҰ ЕЭК Конвенциясын іс жүзінде қолдану» пилоттық жобасын жүзеге асыруға дерекқор болып табылды.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша шешімді қабылдау үрдісінің бастапқы сатысында қоршаған ортаға әсерді бағалауды қолдану тұрақты даму қағидаларын жүзеге асыруға септігін тигізетінін мойындай отырып және қоршаған ортаға қатысты ақпараттарға және шешімдер қабылдау үрдісіне жұртшылықтың қолжетімділігінің маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамызындағы №134 Жарлығымен трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша Каспий теңізінің орталығын қорғау бойынша Рамалық конвенциясына Хаттама жобасы мақұлданды.

Конвенцияның жұмыс Жоспары шеңберінде жүргізілген шаралар (халықаралық субаймақтық семинарлаға қатысу, Қазақстан Республикасының 2010-2012 жылдар кезеңдеріне трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенцияны жүзеге асыру бойынша баяндамасы үшін Сұраулықтарды дайындау) зиянды трансшекаралық әсерге ұшыраған мемлекеттермен халықаралық серіктестікті дұрыстауға оңды әсер береді, және шекаралық мемлекеттермен экологиялық мәселелерді шешуде және өзара алдын алу шараларын өңдеп шығару мүмкіншіліктерін береді.

Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау және Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) бойынша жұмыс тобының бірінші отырысының (2012ж. 24-26 сәуіріндегі, Женева) шешімдеріне сәйкес, ҚОӘБ конвенциясының Секретариатымен трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ конвенциясын жүзеге асыру бойынша 2010-2012 жылдар кезеңдеріне арналған сұраулықтар дайындалды. Сұраулық 2012 жылдың 30 қазанына дейін Конвенция тараптары арасында таратылды (Кездесу есебінің 20 тармағы (ECE/MP.EIA/WG.2/2012/2)). Конвенцияны жүзеге асырудың құқықтық аспектілері және трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ Конвенциясы бойынша іс жүзінде міндеттерді орындау бойынша сұрақтарға жауап берілді, сұраулықтар толтырылды. Сұраулық ҚОӘБ конвенциясының Секретариатына 2013 жылдың 31 наурызына дейін Конвенция бойынша құзыретті орган болып табылатын Қазақстан Республикасының Қоршаған орта министрінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің келісімінен кейін жіберілетін болады.

ҚОӘБ Конвенция мәселесі бойынша мемлекеттік орган, ҮЕҰ, кәсіпорындар өкілдерін ақпараттандыру кәсіби біліктілікті жоғарылату курстарымен семинарларында жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта министрінің «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық талдау орталығы» РМК жанындағы қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы кәсіби біліктілікті жоғарылату және қайта даярлау орталығымен жыл сайын қоршаған ортаны қорғау мәселесі бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдар, мемлекеттік емес ұйымдар, табиғатты пайдаланушылар өкілдерімен оқу курстары жүргізіледі. Курс бағдарламасына Қазақстан Республикасының халықаралық

міндеттері туралы тематика енгізілген, онда Қазақстан Республикасының трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенция ережелерін орындау бойынша міндеттері туралы ақпарат берілген.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

- ҚОӘБ конвенциясы (ЭСПО) – трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша конвенциясы;
- ҚОӘБ – қоршаған ортаға әсерді бағалау;
- СЭБ – стратегиялық экологиялық баға;
- ТМД – тәуелсіз мемлекеттер достығы;
- ОА – Орталық Азия;
- ШЕКОА – Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия;
- ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы;
- БҰҰДБ – Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы;
- ЕО – Еуропалық одақ;
- ОААЭО – Орталық Азияның аумақтық экологиялық орталығы;
- ҚР – Қазақстан Республикасы
- БҰҰ ЕЭК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық Комиссиясы;
- ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар;
- БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;
- ҚОҚМ – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- ЭРЖБК – Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті;
- ҚОҚОАБ – қоршаған ортаны қорғаудың облыстық аумақтық басқармасы.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	8
1	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУДЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ	10
2	ҚАЗАҚСТАНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ	17
	2.1 ҚОӘБ процедурасын жүргізу тәртібі	17
	2.2 Мемлекеттік экологиялық сараптама	19
	2.3 Траншекаралық контекстте ҚОӘБ жүргізу	20
	2.4 Қоршаған ортаның компоненттеріне жоспарланатын іс-шаралардың салдарын талдау кезеңдері	22
3	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР	23
	3.1 ОА елдеріндегі экология, экологиялық сараптама және ҚОӘБ саласындағы Халықаралық Келісімдер	25
	3.2 Үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі Жобалар	27
	3.3 Конференциялар мен семинарларға қатысу	28
	3.4 Траншекаралық мәселелер саласындағы ғылыми зерттеулер	29
4	2010-2012 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ ЕСЕПТІЛІГІ БОЙЫНША ТАЛАПТАР	30
5	КОНВЕНЦИЯ ТАРАПТАРЫ ОТЫРЫСЫ ШЕШІМДЕРІН ТАЛДАУ	31
6	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2010-2012 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША БАЯНДАМАҒА СҰРАУЛЫҚ	33
	ҚОРЫТЫНДЫ	51
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	53
	ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИИ	54
	ҚОСЫМШАЛАР	59

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қазанындағы «Қазақстан Республикасының трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенцияға қосылуы туралы» №86-ІІ Заңына сәйкес Қазақстан шекарааралық контекстегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы БҰҰ ЕЭК Конвенциясы тарапы болды (А қосымшасы).

1991 жылы экологиялық себептелген және тұрақты дамуды қамтамасыз ету қажеттілігін қолдай отырып Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы БҰҰ Конвенциясына (Эспо Конвенциясы) қол қойылды. Конвенция Тараптарға трансшекаралық әсері бар шекаралас мемлекеттердің қоршаған ортаға жоспарланатын іс-әрекеттерінің әсерін бағалауды міндеттейді, егер бұл қызмет трансшекаралық әсер көрсетуі мүмкін болса.

Конвенция 1997 жылы өз күшіне енді және қазіргі таңда Орталық Азия мемлекеттерінің ішінен Қазақстан мен Қырғызстан оның мүшелері болып табылады. Ресей Федерациясымен ҚОӘБ Конвенциясына қол қойды, бірақ ратификацияланбады. 2012 жылға арналған мәліметтер бойынша Конвенция тараптары болып 45 ел саналады, бұдан басқа 30 ел конвенцияға қол қойған, бірақ әзірге ратификацияламаған (қосымша В).

Конвенцияның мақсаты жоспарланатын шаралардың маңызды кері экологиялық нәтижелерінің алдын-алу, қысқарту және бақылауында болып табылады. Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалау жүргізу барлық мүдделі тараптармен оның рәсімдерін орындауға келісуді тұспалдайды.

Трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенция біздің Республикамыз үшін үлкен маңызы бар. Бұл Конвенцияға қосылу Қазақстан Республикасының өз территориясында жасалып жатқан іс-әрекеттердің нәтижелеріне жауапкершілігін арттырып, іс-әрекеттің бастапқы сатыларында – жобалау сатысында оның мүдделерін қорғайды, іс-әрекетті жүзеге асыру үрдісі кезіндегі барлық мүмкін әсерлерді болжауға мүмкіндік береді.

Конвенцияның тарапы болып табылатын Қазақстан Конвенцияның ережелерін орындау бойынша белгілі бір міндеттер қабылдады, атап айтқанда:

- жоспарланатын іс-әрекеттердің нәтижесінде зиянды трансшекаралық әсерінің алдын алу бойынша барлық қажетті және тиімді шараларды жеке және ұжымды түрде қабылдау, сонымен қатар әсерлердің көлемін қысқарту және бақылау;

- жоспарланатын қызметтің нәтижесіндегі маңызды зиянды трансшекаралық әсерді алдын алу, сондай-ақ оның азаюымен және оны бақылау бойынша барлық тиісті және ұтымды шараларды жекеше немесе ұжымдық қабылдау;

- айтарлықтай зиянды трансшекаралық әсері болатын жоспардағы іс-әрекеттердің қажетті заңнамалық, әкімшілік немесе басқа шараларын қабылдау;

- қоғамның қатысуына мүмкіндік беретін қоршаған ортаға әсерін бағалау жұмыстарын белгілеу, қоршаған ортаға әсерін бағалау жөнінде құжаттарды дайындау;

- қоршаған ортаға әсерін бағалау зиянды трансшекаралық әсері болатын жоспардағы іс-әрекеттердің санкциялау немесе жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдауға дейін жүргізілуін қамтамасыз ету;

- зиянды трансшекаралық әсері болатын жоспардағы іс-әрекеттердің түрі туралы Тараптарға хабарлау;

- зиянды трансшекаралық әсері болатын жоспардағы іс-әрекеттердің түрінің мүмкіндіктері жөнінде кеңестер жүргізу;

- жоспардағы іс-әрекеттердің қоршаған ортаға әсерін бағалау жұмыстарын қабылдауға мәселе туындайтын аудандарда тұратын қоғамның қатысуын қамтамасыз ету; Трансшекаралық экологиялық мәселелер мемлекеттік тәуелсіздік мәселелерінде шиеленісті арттыруға себеп болуы мүмкін. Трансшекаралық бағалау оны жүргізілетін елдердің арасындағы шиеленісті жеңілдетеді, себебі халыққа білікті көздерден қоршаған орта туралы өз кезегіндегі ақпаратты ұсынады, ал ол сыбыстардың таралуын болдырмайды.

Заңнамадағы және тәжірибедегі айырмашылықтар нәтижесінде болатын конвенцияны жүзеге асыру қиындықтары көршілес елдер арасындағы ақпаратпен алмасу үрдісін кеңейту жолымен азайтылуы мүмкін. Жеке елдердегі бағалауды жүргізудегі жетістіктерге іс-әрекеттердің нақты өңделген ережелері және трансшекаралық бағалау жүргізу бойынша үздіксіз жұмыс атқаратын топтар арқылы жетуге болады.

Трансшекаралық бағалауды жүргізуге қатысатын және қоршаған орта әсерін бағалауды бірігіп жүргізетін елдер үшін қабылданған заңнамалық базалары мен тәжірибелік іс-әрекеттері арасындағы айырмашылықтармен байланысты қиындықтарды жеңудің бірден-бір тәсілі екіжақты немесе көпжақты келісімшарттар/шаралар бола алады.

1 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУДЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы заңнамалардың құқықтық негізі республика азаматтарына денсаулық пен қолайлы өмір құқығын бекітетін Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Қолайлы қоршаған ортаны қорғау республиканың жалпы мемлекеттік міндеттерінің бірі болып танылады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы қоғамдық қарым-қатынастар мәселесін 2007 жылы қабылданған Экологиялық кодекс реттейді. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің негізгі ережелері Жер, Орман, Су кодекстерімен және Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану», «Мұнай туралы», «Радиациялық қауіпсіздік туралы», «Ерекше қорғалатын табиғат аймақтары туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және қайта өндіру» т.б. заңдарымен дамытылған және толықтырылған.

Экологиялық кодексті орындау мақсатында, республикамызда қоршаған орта әсерін бағалаудың және мемлекеттік экологиялық сараптаманың нормативті құжаттар әзірленіп, қолданысқа енгізілді:

2007 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалық құжаттарды әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша нұсқау»;

2007 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 207-ө бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сараптамасын жүргізу ережелері»;

2007 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 135-ө бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережесі»;

2007 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 160-ө бұйрығымен бекітілген «Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік экологиялық сараптама саласындағы қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесі»;

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы № 457 қаулысымен қоршаған ортаны қорғау саласында көрсетілген қызмет және жұмыс орындалуына талап етілетін лицензиялау және біліктілік талаптарының ережелері бекітілді.

ҚОӘБ және экологиялық сараптама саласындағы заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру жүзеге асырылуда.

26.03.2010 жылғы ҚОҚМ № 70-ө бұйрығымен (іске 01.01.2011 енгізілді) және 19.03.2012 жылғы ҚОҚМ № 72-ө бұйрығымен (30.01.2012 жылы пайда болған қарым-қатынастар үшін) «Жоспарлау алдындағы, жоба алды және жобалық құжаттарды әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша нұсқау» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 204-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. **Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 02.04.2012 жылғы № 88-Ө бұйрығымен «Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережесі» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-ө бұйрығына өзгерістер енгізілді;**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.01.2012 № 125 қаулысымен «Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы № 449 қаулысына өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 63-Ө бұйрығына сәйкес «Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 143-Ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

ҚР Экологиялық кодексінде Қазақстан Республикасы территориясындағы қоршаған орта жағдайына әсер ететін іс-әрекеттерді негіздеу бойынша құжаттарды әзірлеуде басшылыққа алуға қажет негізгі ұстанымдар берілген.

Экологиялық кодекс мазмұнында қоршаған ортаға әсерді бағалау тарауынан тұрады, онда ҚОӘБ жүргізу мақсаттары – қоршаған ортаға әсерді бағалау қабылданатын басқарушылық және шаруашылық шешімдердің экологиялық және өзге де қызмет түрлерін анықтау мақсатында, қоршаған ортаны сауықтыру бойынша, оның ішінде табиғи экологиялық жүйелер мен табиғат ресурстарының жойылуын, деградациясын, бұзылуы мен тозуын алдын алу ұсыныстарын әзірлеу анықталған.

1 Кесте - ҚОӘБ қатысты заңдар, нормативті-құқықтық актілер және әдістемелік нұсқаулар мәліметтерінің базасы

№	Құжат атауы	Бекітілген күні	Статусы	Құжат коды	Түсініктеме
1	Экологиялық кодекс	2007 жыл 9 қаңтар	қолданыстағы ҚР кодексі	№ 212-III ҚРЗ	ҚОҚ саласындағы негізгі құжат
2	Жер кодексі	2003 жыл 20 маусым	қолданыстағы ҚР кодексі	№ 442-II	Кодекс жерлерді қорғауды ұтымды пайдалану үшін жер қатынастарын реттейді, шаруашылықтың барлық формаларын, жерге деген азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын қорғау, жылжымайтын мүлік нарығын құрып, жетілдіру үшін жағдай жасайды, және де жер қатынастары саласындағы заңдылықты бекітеді.
3	Орман кодексі	2003 жыл 8 шілде	қолданыстағы ҚР кодексі	№ 477-II	Кодекс ормандарды күзету, қорғау, молықтыру мен орман өсіру үшін, ормандардың экологиялық және ресурстық әлеуетін ұтымды және балансталып пайдалану үшін, биологиялы алуантүрлілікті, табиғи-қорық қоры нысандарын сақтау үшін, қоғамдық қатынаста берілген саланың заңдылығын бекіту үшін орман қатынастарын реттейді.
4	Су кодексі	2003 жыл 9 шілде	қолданыстағы ҚР кодексі	№ 481-II ҚРЗ	Су кодексі су қатынастарының құқықтық, ұйымдастыру, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтайды және Қазақстан Республикасының су қорын сақтау және пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған.
5	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	1996 жыл 27 қаңтар	қолданыстағы ҚР заңы	№ 2828	Заң Қазақстан Республикасының және оң табиғат ресурстарының мүддесін қорғау, ҚР жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау, жер қойнауын пайдаланушылар мүддесін қорғау, шаруашылықтың барлық формаларының тең құқықты дамуы үшін жағдай жасау, жер қойнауын пайдалану қатынастары саласында заңдылықты бекіту мақсатында жерді пайдалану бойынша операцияларды жүргізуді реттейді
6	«Мұнай туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	1995 жыл 28 маусым	Күшін жоғалтқан	№ 2350	Заң ҚР заңдылығындағы аумақтарда, сонымен қатар теңіз бен ішкі суаттарда мұнай жұмыстарын жүргізу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді, мұнайды техникалық реттестіру (ары қарай қауіпсіздік) саласында және адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаның өмірлік циклінің үрдістеріне қауіпсіздіктің жалпы талаптарын бекітеді.

7	«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2004 жыл 9 шілде	қолданыстағы ҚР заңы	№ 593-ІІ	Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және жануарлар дүниесін, оның биологиялық алуантүрлілігін сақтау, қазіргі заманғы және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, экологиялық, экономикалық, эстетикалық және адамның өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жануарлар дүниесінің нысандарын орнықты пайдалануға бағытталған.
8	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» Қазақстан Республикасының Заңы	2006 жыл 7 шілде	қолданыстағы ҚР заңы	№ 175-ІІІ ҚРЗ	Заң ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар, сондай-ақ ұлттық, өңірлік және дүниежүзілік экологиялық желінің құрамдас бөлігі болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін құру, кеңейту, қорғау, қалпына келтіру, орнықты пайдалану және басқару жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.
9	«Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	1998 жыл 23 сәуір	қолданыстағы ҚР заңы	№ 219-І	Осы Заң халықтың денсаулығын иондаушы сәулелендірудің зиянды әсерінен қорғау мақсатында оның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.
10	«Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	2002 жыл 4 желтоқсан	қолданыстағы ҚР заңы	№ 361-ІІ	Заң Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайын белгілейді.
11	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды лицензиялау ережесі және біліктілік талаптары	2007 жыл 5 маусым	ҚР Үкіметінің қаулысы	№ 457	Ережелер оршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін анықтайды.
12	Мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу ережелері	2007 жылы 28 маусым	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 207-ө	Ереже мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын материалдардың мазмұны, құрамына талаптар бекітеді, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізетін ҚР ҚОҚМ МЭС, оның аумақтық органдар мен жергілікті атқарушы органдар қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.
13	Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық	2007 жыл 28 маусым	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 204-ө	Осы нұсқаулық жобалау алдындағы, жобалық құжаттамаға сәйкес көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметті ұйымдастырудың барлық сатыларында оны әзірлеу және жүргізу туралы шешімдерді қабылдау кезінде ҚОӘБ өткізудің жалпы тәртібін айқындайды.

14	Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережесі	2007 жыл 7 мамыр	ҚР ҚОҚ министрінің бұйрығы	№ 135-ө	Ереже қоршаған ортаға әсер ету материалдарын талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар ұйымдастыру және жүргізу тәртібін бекітеді.
15	Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік экологиялық сараптама саласындағы қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесі	2007 жыл 24 мамыр	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 160-ө	Ереже қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның және оның аумақтық органдарының мемлекеттік экологиялық сараптама саласындағы жергілікті атқарушы органдар лауазымды тұлғаларының қызметін бақылауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.
16	Экономика салаларын дамытудың мемлекеттік, салалық және аумақтық бағдарламаларын, өндіріс күштерінің орналастыру сызбасын әзірлеу барысында жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау ережелері	2003 жыл 9 маусым	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 129-ө	Ереже Қазақстан Республикасының қоршаған ортасына шаруашылық және өзге қызметтің жағымсыз әсерін болдырмау үшін мемлекеттік, салалық және аумақтық бағдарламаларын және өндіріс күштерін орналастыру сызбасын әзірлеу барысында экологиялық талаптарды реттеу мақсатында өңделген.
17	Тәжірибеден өткізілетін қызметті өткізу жоспарланып отырған жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылатын қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізудің мемлекеттік тіркелу ережелері	2004 жыл 29 мамыр	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 149-ө	Ереже аумақтарында шаруашылық қызметті жүзеге асыру жоспарланып отырған, облыс әкімдіктерімен уәкілеттендірілген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдармен жүзеге асырылатын қоғамдық экологиялық сараптаманы өткізудің мемлекеттік тіркелімімен және ұйымдастырудың тәртібін белгілейді
18	«Өндірістік объектілерді жобалауға санитарлық-эпидемиология-лық талаптар» санитарлық-эпидемиология-лық ережелермен және нормалары	2005 жыл 8 шілде	ҚР Денсаулық сақтау министрінің а. бұйрығы	№ 334	СанЕжәнеН өндірістік объектілерді жобалауға санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді. Ереже өндірістік және басқа да объектілердің санитарлық топтастырылуын және СҚА ең төменгі мөлшері белгіленген
19	Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытынды түрі	2007 жыл 24 сәуір	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 119-ө	
20	Жоспарланып отырған және өзге де қызмет бойынша шешімді қабылдау процесімен және қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне жататын экологиялық ақпаратқа шығудың ережесі	2007 жыл 25 шілде	ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығы	№ 238-ө	Ереже қоғамдық ұйым түріндегі барлық мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсімімен және олардың жоспарланып отырған және өзге де қызмет бойынша шешім қабылдау процесіне қатысуға жататын экологиялық ақпаратқа шығудың тәртібін айқындайды

21	Қоршаған ортаға байланысты мәселелер бойынша қоғамдық тыңдалымдарды ұйымдастыру және өткізу бойынша ақпараттық-анықтамалық нұсқаулық	2007 жыл	Ұсыныстық сипатта		Ақпараттық-анықтамалық нұсқаулық-тыңдалымдарды өткізу бойынша іс жүзіндегі ұсыныстарды Орхус Конвенциясының жұртшылықтың қатысуы бойынша талаптарды, қазақстандық заңнамаларды және қоршаған ортаға әсерді бағалау саласындағы қалыптасқан халықаралық тәжірибелерді ескере отырып береді. Бұл нұсқаулық қоғамдық тыңдалымдарды ұйымдастырудың барлық үдерісін шешімді қабылдау бастамасынан оның аяқталуына дейінгі іс-әрекеттерді айқындайды
22	ТМД қатысушы-мемлекеттер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша нұсқаулық	2003 жыл	Ұсыныстық сипатта		Нұсқаулық ұсыныстық сипаты бар, экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік деңгейде, әкімшілік білім деңгейінде бағыттарын анықтайтын және шешімдер қабылдайтын, сондай-ақ ҚОӘБ өткізуге жауапты қызметтің бастамашылары үшін, ҚОӘБ ұйымдар-орындаушылары, сарапшы органдар қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстрады пайдалану саласындағы арнайы уәкілеттендірілген мемлекеттік органдармен және өзге де ҚОӘБ және қоғамдастықты өткізуге қатынасушы заңмен уәкілеттендірілген сарапшы органдар тұлғалары үшін арналған.
23	Орталық Азия мемлекеттері үшін қоршаған ортаға трансшекаралық мазмұндағы әсерді бағалауды жүргізу бойынша нұсқаулық	2006 жыл	Ұсыныстық сипатта		Нұсқаулық ТМ ҚОӘБ Конвенциясын іс-жүзінде қолдану бойынша тетіктер рәсімін құру үшін әзірленді және ТМ ҚОӘБ Конвенциясымен айқындалатын ережелерге сәйкес егжей-тегжейлі қадамдар рәсімін қамтиды
24	Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органдармен және оның аумақтық бөлімшелері арасында бөрудің шарттары	2009 жыл 31 наурыз	ҚР Үкіметінің қаулысы	№ 449	I санаттағы объектілердің экологиялық сараптамасын жүзеге асырушы органдар үшін түсіндірме құжат
25	Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санаттағы объектілерді және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдармен және оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу	2009 жыл 23 шілде	ҚОҚ министрінің бұйрығы	143-ө	I – санаттағы объектілердің экологиялық сараптамасын жүзеге асырушы органдар үшін түсіндірме құжат

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ

Ұлттық заңнамаға сәйкес қоршаған орта әсерін бағалауға әсерін келтіретін жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру рұқсат етілмейді. Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері құжат түрінде рәсімделеді және жоспар алды, жоспарлық, жоба алды және жобалық құжаттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚОӘБ процедурасы жобалау барысындағы қажетті талап болып табылады. ҚОӘБ жүргізу кезіндегі негізгі ұлттық құжаттар болып: ҚР Экологиялық кодексі, Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық.

Осы нұсқаулық жобалау алдындағы, жобалық құжаттамаға сәйкес көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметті ұйымдастырудың барлық сатыларында оны әзірлеу және жүргізу туралы шешімдерді қабылдау кезінде ҚОӘБ өткізудің жалпы тәртібін айқындайды.

ҚОӘБ жүргізудің қажетті шарты жұршылықтың қатысуы, ол төмендегі ұлттық нормативті құжаттарда көрсетілген:

- «Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық», ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 28 маусымдағы № 204-ө бұйрығымен бекітілген;

«Қоғамдық тыңдаулар жүргізу», ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-ө бұйрығымен бекітілген.

2.1 ҚОӘБ процедурасын жүргізу тәртібі

ҚОӘБ материалдары жобалау сатыларына сай келетін деңгейдегі құжат түрінде әзірленеді. Олар жоспар алды, жоспарлық, жоба алды және жобалық құжаттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шаруашылық және өзге де қызметтерді көздейтін құжаттарды әзірлеу барысының кезеңдеріне сәйкес ҚОӘБ кезеңдеріне атаулар берілген:

1 кезең – Қоршаған орта әсерін алдын ала бағалау (АлдыҚОӘБ), қаржыландыру негіздемесімен жүреді (жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесі). Бұл кезеңде қоршаған және әлеуметтік-экономикалық орта компоненттеріндегі өзгерістердің әлеуетті мүмкіндік бағыттары және қоғам өмірі мен қоршаған ортадағы нәтижелері анықталады. Болжанған (жоспарланған) шаруашылық қызметтер алдыҚОӘБ нұсқалық техникалық шешімдерді талдау және қор мен мамандандырылған ғылыми материалдарды пайдалану

базасында жүргізіледі. Күрделі және ірі жоба алды зерттемелер барысында алдын-ала инженерлік-геологиялық барлаулар жүргізу керек.

2 кезең – *Әсерді бағалау*, жобаны іске асырудың мүмкін тиімділігіне толық және кешенді талдау жасау мақсатында немесе шаруашылық және өзге қызметтерді ары қарай жүзеге асыру, қоршаған ортаны қорғауды басқару жоспарын (бағдарламасын) жасау мақсатында орындалады;

3 кезең – жұмыс жобасы құрамындағы *«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі*, қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алу бойынша техникалық шешімдерден тұрады;

Әрбір кезең табиғи, әлеуметтік-экономикалық орта сипаттамасы бойынша белгілі ақпараттан тұруы қажет, ал бұл ақпараттарда ҚОӘБ бойынша негізгі ұстанымдар айқындалуы тиіс, оларға:

-қоршаған ортаға болжанатын қызметтің әсер ету түрі, олардың қарастырылатын аумақта басқа әсер түрлерімен өзара әрекеттесуі (бұзылу типтері, ластауыш заттардың атауы және мөлшері);

-мүмкін тастандылардың, ластағыш заттардың шығындыларының сипаттамасы, өндіріс және тұтыну қалдықтары түзілуінің бағдарлық көлемдері;

-өндіріс және тұтыну қалдықтарын тазалау және пайдаға асырудың (көму) мүмкін тәсілдері;

-апатты жағдайлардың мүмкіндігін бағалау (ықтималдылық, масштаб, әсер ету ұзақтығы);

-жалпы экологиялық қауіптілікті төмендетуге ықпал ететін болжамдық қызметтерді жүзеге асырудан болатын кері нәтижелерді шектеу немесе бейтараптандыру бойынша негізгі жоспарлы шешімдер.

Қоршаған орта әсерін бағалау қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстар мен қызметтерді орындауға лицензия алған жеке және заңды тұлғалармен жүзеге асырылады.

Қоршаған орта әсерін бағалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыруды болжамдық қызметті тапсырушы (бастамашы) өз мойнына алады.

Қоршаған ортаға әсерін бағалауы әзірлейтін жеке және заңды тұлғалар тапсырушы алдында қоршаған орта әсерін бағалауды жүргізуден алынған нәтижелердің нақтылығына, толықтылығына және сапасына жауап береді.

Ағымдағы нысандардың қоршаған ортаға әсерін бағалау, егер нысанды жобалау барысында мұндай бағалау жүргізілмесе, немесе табиғатты пайдалану шарты жоба шарттарынан айтарлықтай ерекше болса ғана әзірленеді. Бастапқы жобада болжанбаған нысанды құру кезінде қоршаған орта әсерін бағалау жалпы нысан бойынша қоршаған ортаға әсерін бағалаудың деректері немесе осы дерекетерге өзгертулер енгізу түрінде орындалады.

ҚОӘБ процедураларының бірінші үш кезеңінің нәтижелері жұртшылықтың пікірін ескеру үшін тапсырушы қоғамға ұсынады.

2.2 Мемлекеттік экологиялық сараптама

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ағымдағы нормативтік құжаттары ҚОӘБ процедураларының шаруашылық қызметтердің барлық кезеңдерін – бастапқы талаптардан, жобалау, құрылыс, пайдалануға беру арқылы нысанды жоюға дейінгі кезеңдерді қамтиды. ҚОӘБ негізгі міндеті – экологиялық қауіпті болжау, бағалау болып табылады. Мемлекеттік экологиялық тексерістің жалпы жүйесінің маңызды, профилактикалық бөлігі ретінде рөлі міндеттердің орындалуын тексеру болып табылады. Қоршаған ортаның мүмкін болатын әсерлерін болжап, алдын алу олардың нәтижесін жоюға қарағанда тиімдірек болады.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік экологиялық сараптама 1984 жылы Гидрометеорология жөніндегі мемлекеттік комитет жүйесінде қызмет атқара бастады, өзінің қазіргі қалпында 1988 жылы Табиғатты қорғау бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік комитеті құрамында қалыптасты.

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жоспар алды, жоспарлық, жоба алды және жобалық құжаттамалар тиісті. Кез-келген шаруашылық қызметтер сараптаманың оң қорытындысын алғаннан және соның негізінде табиғатты пайдалануға алған рұқсаттан кейін ғана жүзеге асырылады. Қоршаған орта мен халықтың денсаулығына қауіпті әсерлер қоршаған ортаға болжанған шаруашылық қызметтің әсерін бағалау (ҚОӘБ) процедураларын іске асыру барысында анықталады.

Экологиялық кодекске сәйкес Қазақстан Республикасындағы экологиялық сараптама екі формада көрсетілген – мемлекеттік экологиялық сараптама және қоғамдық экологиялық сараптама.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы жоқ жобалар бекітілмейді, сонымен қатар қаржыландырылмайды.

Ұсынылатын жобалардың күрделілігі мен болжанған шаруашылық қызметтің әсерін бағалау дәрежесіне байланысты мемлекеттік сараптама үш деңгейдің бірінде жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Экологиялық сараптама басқармасының, оның аумақтық бөлімшелері мен облыстық жергілікті атқарушы органдардың экологиялық сараптама бөлімдерінің қызметкерлерімен жекеше түрде;

- белгілі бір қызмет түріне лицензия алған фирмалардың, өндірістің жеке техникалық, технологиялық бағыттары немесе салалары бойынша штаттан тыс сарапшы-мамандарды қатыстыру арқылы;

- тәуелсіз сарапшылар қатыстырылған комиссия.

Күрделі жағдайлар мен күрделі жобалар үшін экологиялық сараптаманың қорытындысы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанында Сараптамалық Кеңес отырысында қарастырылады. Сондай-ақ сараптамалық Кеңес Министрліктің аумақтық бөлімшелерінде де бар. Сарапшылардың мәліметтер базасы құрылған (С қосымшасы).

Сараптаманы жүргізудің базалық негізі шаруашылық және өзге қызметтердің экологиялық нормалау және экологиялық талаптары болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімшелерінің қызметі республиканың басқа ведомстваларының сараптамалық бөлімшелерімен, оның ішінде Денсаулық сақтау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мұнай және газ министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Жер ресурстарын басқару агенттігі, Атом энергетикасы агенттігі; Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитетімен бірге жүзеге асырылады.

2.3 Траншекаралық мазмұнда ҚОӘБ жүргізу

ҚОӘБ Конвенциясының тараптары ретінде Қазақстан Республикасы жоспарланатын қызмет салдарынан зиянды трансшекаралық әсерді болдырмаудың барлық тиісті және тиімді шараларын (*Конвенцияның «I қосымшасы»*), және де зардабын азайту, бақылау бойынша, сондай-ақ *«I қосымшада»* сипатталған ҚОӘБ құжаттамасын дайындау шараларын қабылдайды.

Экологиялық кодексте және «Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықта» трансшекаралық әсері бар нысандардың қоршаған ортаға әсерін бағалау ерекшеліктері Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалғандығы көрсетілген.

Конвенция ережелеріне сәйкес:

I. Шығу тарабы I қосымшаға сәйкес жоспарланатын қызмет түрі жөнінде мүдделі Тараптарға хабарлайды.

II. Осы Тараптардың бастамасы бойынша мүдделі Тараптар I Қосымшада аталмаған жоспарланатын қызметтің қандай бір түрі едәуір зиянды ықпал көрсетуі мүмкіндігіне

қатысты және оған I Қосымшада көрсетілген қызмет түрі болғандай кеңестер жүргізеді. Егер тараптар оңды келіссөзге келсе, онда қызметтің осы түріне немесе түрлеріне аталған режимі қолданылады. Әдәуір ықпалын белгілеуге көмектесетін критерилерді анықтаудың жалпы ұстанымдары III Қосымшада берілген.

III. Шығу Тарабы барынша ықтималдылығы жағынан оршаған ортаға жоспарланатын қызметке ықпалды бағалаудың тиісті рәсімдеріне қатысу мүмкіндігі қозғалатын аудандардағы жұртшылықтың атынан уәкілдік етеді және қозғаушы тараптың жұртшылығы атынан берілетін бұл мүмкіндіктің шығуы Тарап жұртшылығы атынан берілетін мүмкіндікке тепе-тең болуын қамтамасыз етеді.

Траншекаралық мазмұнда ҚОӘБ жүргізгенде міндетті түрде жауап берілетін келесі сұрақтар жатады:

- іс-шараның бастамашылық мақсатын көрсету;
- ҚОӘБ жүзеге асырудың мән-жайын мазмұндау;
- жоспарланатын қызметтің, соның ішінде қызметтен бас тарту, саналы альтернативалардың (мысалы, географиялық немесе технологиялық сипаттамада), керек кезде сипаттау;
- қоршаған ортаның компоненттеріне іс-шаралар әсерінің маңыздылығын негіздеу;
- жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға әсерінің ықтимал түрлерін және оның альтернативті нұсқалары мен масштабының бағасы;
- қоршаған ортаға зиянды әсерді минимумға қысқарту үшін бағытталған сақтандыру шараларын сипаттау;
- болжау әдістеріне және оның негізінде бастапқы ережелер мен қоршаған орта туралы пайдаланатын тиісті мәліметтерді нақты нұсқау;
- талап етілетін мәліметтерді дайындау кезінде айқындалған білім мен белгісіздік кемшіліктерін анықтау;
- қажет болған жағдайда, мониторинг және басқару бағдарламасын жобалаудан кейінгі талдаудың барлық жоспарларының қысқа мазмұны;
- қажет болған жағдайда, материалдарды визуалды ұсынылу құралдарды техникалық емес сипаттағы түйіндемені (карталар, графиктер және т.б.) пайдалану;
- басқа да қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастыққа қоса, әсерді бағалау үрдісі процедурасын анықтау;
- қажет болған жағдайда әсерді бағалауға қозғалатын тараптардың қатысуы;
- іс-шараның іске асырылуының саяси әрекеттердің жүзеге асырылуы;

2.4 Қоршаған ортаның компоненттеріне жоспарланатын іс-шаралардың салдарын талдау кезеңдері

Трансшекаралық мазмұндағы жоспарланатын іс шаралардың қоршаған ортаға әсерін қарау экологиялық саясаттың бар мақсаттарынан шығуды және Қазақстан Республикасының азаматтары шекаралық контексттегі жоспарланатын іс шаралардың қоршаған ортаға әсері туралы мәліметтерін алуға құқығы бар фактіні мойындауды қажет етеді.

Қоршаған ортаға әсердің трансшекаралық бағалаудың іс шаралар кешеніне төмендегілер жатады:

- Үкіметтің, облыстық және жергілікті әкімшіліктердің, жеке меншік компаниялардың, жеке тұлғалармен қоса коммерциялық және өндірістік кәсіпорындардың позициясынан жүргізілетін іс шаралар әсерін бағалау;

- альтернативті механизмдерді бағалау (мәсеелердің шешілуі және ол бойынша шешім қабылдауға қатысуы керек).

Қоршаған орта әсерінің салдарын бағалаудың құрамына:

- қоршаған орта мен табиғи ресурстар саласына қатысты жоспарланатын іс шаралардың басты жағдайларын талқылау;

- қоршаған ортаға жоспарланатын іс шаралардың мүмкін салдарын мазмұндау. Позитивті және негативті, тікелей және жанама, қысқа және ұзақ мерзімді әсерге акцент жасау. Іс шараның аталған мақсаттар мен факторларға сәйкес келмеуі мен басқа мүдделі қатысушылардың көзқарас тарапынан қоршаған ортаға әсердің салдарының маңыздылығын бағалау туралы мәлімет ұсынылады. Мүдделі тараптың табиғатты қорғаудың қызығушылығын қамтамасыз етудің мүмкін әдістері мен қоршаған ортаны сақтау үшін тиімді іс шаралардың мақсаттарына жету мүмкіндігі назардан тыс қалмайды.

- бағалау жүргізу негізделетін мәлімет базасының сипаттамасы. Қоршаған ортаға іс шаралар әсерінің дәрежесі мен сипатына байланысты, кемшілік себебі болатын және жеткілікті мәліметті алуға кедергі болатын мүмкін проблемалар көрсетіледі.

- қоршаған ортаның компоненттеріне әсерін төмендету амалдарын, соның ішінде альтернативті механизмдердің қолданылуымен; осы әсерлердің жоспарлау кезеңін және іс шараларды іске асыру тәсілдерін мазмұндау.

Альтернативті стратегиялар мен механизмдерді бағалауда экологиялық зардаптың нұсқаларын альтернативтердің әр түрлерімен салыстыру үшін негізді қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаға жоспарланатын іс әрекеттердің зардаптарын соңғы құжаттың бөлек тарауында қаржы, әкімшілік және басқа да маңызды салдарлармен қоса көрсету қажет.

Әсердің салдары мүмкін жағдайда сандық қатынаста бағалануы тиіс. Бірақ мүмкін әсердің сапалық сипаттауы да қажет. Алайда, сапалы сипаттама мен мүмкін болатын салдардың себептері қажет. Осылай әр жағдайда сапалы бағалау тәсілдерін қолдана отырып, қандай салдарларды бағалау және оны қалай жасау, қандай сандық салдарларды бағалауды анықтау қажет екенін қарастыру қажет.

Әсерді бағалайтын және трансшекаралық бағалауды жүргізу функциялары бар, трансшекаралық ҚОӘБ өткізуін бақылайтын орган болып *Құзіретті орган* болып табылады. Ол Конвенцияның қамтитын қызметтерін жүзеге асыратын жауапты жоспарланатын іс шараларға байланысты шешім қабылдайтын тараптардың біеуімен және/немесе ұйыммен тағайындалады. Құзіретті орган мәселенің сипатына қарай, мемлекеттік (ұлттық), аумақтық және жергілікті дәрежеде тағайындалады.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақстан Республикасы аумағының ұзындығы 2,7 млн. км². Қазақстанның құрлықтық шекарасы 12 мың км, оның 6,7 мың км – Ресей Федерациясымен, 1,7 мың км – Қытай Халық Республикасымен, 1,1 мың км – Қырғызстан Республикасымен, 2,1 мың км – Өзбекстан Республикасымен, 0,4 мың км – Түркіменстанмен шекаралас.

Су кеңістігі шекарасында Қазақстан Арал теңізі арқылы шамамен 230 км – Өзбекстан Республикасымен, Каспий теңізі арқылы Ресей Федерациясымен, Әзірбайжан Республикасымен және Түркіменстанмен шекараласып жатыр.

Құрлықтық шекарасының сипаты алуантүрлі. Оның көп бөлігі дала жазықтығымен (солтүстігінде), шөлейт және шөл (батысында – Ресеймен, оңтүстігінде Түркіменстан мен Өзбекстан Республикасымен) жазықтарынан өтеді. Шығыс және оңтүстік-шығыс шекаралары Алтай (Ресей және Қытаймен), Тарбағатай, Жоңғар Алатауы мен Шығыс Тянь-Шань (Қытаймен), Солтүстік және Батыс Тянь-Шань (Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларымен) суайрықтарына сай келеді.

Қытаймен шекаралас жерлер Ертіс, Іле трансшекаралық су ағындарымен тазаланатын тауаралық Ертіс-Зайсан, Балқаш-Алакөл және Іле ойпаттарымен қиылысады.

Ресеймен шекаралас кейбір жерлер батысында – Кіші Өзен, Орал өзенінің кескіндері, саласы – Ілек өзенінің, солтүстігінде – Тобыл өзенінің жоғарғы жағымен шектеседі.

Оңтүстігінде – Шу және Талас өзендері арқылы Қырғыз Республикасымен, Сырдария өзені және Арал теңізі арқылы Өзбекстан Республикасымен шектеседі.

Республиканың географиялық және саяси-экономикалық жағдайының ерекшеліктері оның республика мен шекаралас мемлекеттер аумағындағы шаруашылық алуан түрлі әрекеттерінің қоршаған ортаға трансшекаралық әсерлерінің маңыздылығына назарын арттырады.

Қазақстанның халықаралық табиғатты қорғау ынтымақтастығына мүше болуы қоршаған ортаны қорғау саласында республика саясатының құрамды элементі болып табылады. Экологиялық кодексте ұлттық ережелерден өзге халықаралық нормалардың басымдылығы қарастырылған. Бұл халықаралық конвенциялар тәртібі ұлттық заңнамада және заңға қосымша актілерде көрсетілуі керектігін білдіреді.

Басқа көптеген халықаралық құқықық құжаттар секілді табиғатты қорғау конвенциялары жалпы орындалмағандығы үшін тараптарға жаза қолданбайды. Бұл өзіне белгілі міндеттердің алуын жеңілдетеді, бірақ олардың жүзеге асырылуын және сақталуын қаупін туғызады.

Қазақстан Республикасы үшін, Орталық Азия мен ТМД басқа республикалары үшін Траншекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясының үлкен маңызы бар.

Мемлекеттердің қазіргі даму кезеңдерінде қоршаған ортаның балансталып пайдалану және қоршаған ортаға әсерінің бағалануы комплексті қолдануға ықпал құралы ретінде қоршаған ортаға әсер бағасын қолданады. Бұл жобаларды таңдау үшін жоспарланатын және альтернативті қызмет әсерін кешенді бағалау, шаруашылық қызметтің мүмкін салдарының шығындарын алдын алу оның жоюға қарағанда артып кеткенін түсіну үшін қажет етеді.

Көршілес елдермен өзара тәуелділік жоспарлау кезеңіндегі жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға зиянды шекаралық әсерін әлеуетті шектеу немесе алдын алу азайтуға шақырады. Мемлекеттердің жалпы міндеттері қоршаған ортаға аса зиян келтіре алатын ірі жобаларға қатысты хабарландыру мен бір-бірімен кеңестер өткізу кодификацияланған, шекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясының негізгі ережелері осыған бағытталған.

Қазақстан Республикасының ҚОӘБ Конвенциясына қосылуының басты себептерінің бірі дәл шекаралық мәселелерді шешудің қажеттілігіне себепші болды, олар:

- трансшекаралық ағындар мен халықаралық көлдердің ластануы;
- ауаның трансшекаралық ластануы;
- қоршаған ортаның радиоактивті трансшекаралық ластануы;
- ғарыштық сынақтар салдарынан қоршаған ортаның ластануы;
- трансшекаралық бактериялық ластану қаупі;
- жабайы жануарлардың трансшекаралық миграциясы;
- генетикалық өзгерген ағзалардың трансшекаралық орын ауыстыруы;
- қоршаған орта үшін салдары бар эпизоотиялар;
- құқыққа қайшы трансшекаралық әрекеттер;
- трансшекаралық салдары бар абайсыз әрекеттер.

Траншекаралық экологиялық мәселелердің ішінде трансшекаралық су мәселелерінің маңызы үлкен. Себебі ҚР барлық ірі суаттары мен суағындары трансшекаралық болып табылады.

3.1 ОА елдеріндегі экология, экологиялық сараптама және ҚОӘБ саласындағы Халықаралық Келісімдер

Қазақстан трансшекаралық контекстте ҚОӘБ саласында халықаралық ынтымақтастық бойынша үлкен жұмыстар жүргізілуде. 2003 жылы Тегеранда қол қойылған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясын жүзеге асыру аясында Конвенция

тараптары Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Траншекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Хаттама жобасын әзірлеуді ұсынды (D Қосымшасы).

Тегеран конвенциясының 17 бап 3 параграфта, Уағдаласушы Тараптар трансшекаралық контекстінде Каспий теңізінің теңіз ортасына әсер етуін бағалау рәсімдерін белгілейтін осы Конвенцияның хаттамаларын әзірлеуде ынтымақтасады.

Хаттаманың мақсаты теңіздің жақын орналасуынан теңіз ортасына және құрлыққа трансшекаралық әсер ететін, теңіз және құрлық ортасының ластануын алдын алу, қысқарту және бақылау үшін, табиғат ресурстарын ұтымы пайдалану және биоалуантүрлілікті сақтау, адамның денсаулығын сақтау үшін жоспарланатын шаралардың трансшекаралық контекстте ҚОӘБ тиімді және ашық процедураларын жүргізу болып табылады.

Конвенция Тараптары Әзірбайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Түркіменстан Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау және сақтау мақсатында Уағдаласушы Тараптардың өзара және тиісті халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуын қарастырып, жоспарланатын әрекеттер бойынша шешімдерді қабылдаудың бастапқы кезеңінде қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу орнықты даму ұстанымын жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін мойындайды.

Ақтау қаласындағы 2012 жылдың 10-12 тамыз аралығында өткен Конвенция Тараптарының үшінші Конференциясында Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Траншекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Хаттама мәтіні бойынша жеткен келісімдерді ескеріп (ТС/СОР3/4 құжатына I Қосымша), министрлер Хаттаманы дайындау және қол қоюды Конвенция Тараптарының төртінші Конференциясына дейін тезірек аяқтауды тапсырды.

2012 жылы 10-12 желтоқсанда Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран конвенциясы) тараптары конференциясының төртінші сессиясы болады. Тегеран конвенциясы Тараптарының Конференциясында Траншекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы, биоалуантүрлілікті сақтау Хаттамасын қабылдау және қол қою жоспарлануда.

Қазіргі таңда Қазақстанда Траншекаралық контекстте қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Хаттама жобасы бойынша ішкі мемлекеттік процедуралар жүргізілді.

Бұдан басқа, Орал трансшекаралық өзенінің экожүйелерін сақтау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында Келісім жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Орал трансшекаралық өзенінің экожүйелерін сақтау бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы Келісім жобасы Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісіліп, жасалды.

Қазіргі таңда, аталған Келісім жобасы ресей тарабының дипломатиялық каналдары бойынша келісу және жөңелту үшін ҚР Сыртқы істер министрлігіне бағытталды.

18 қыркүйекте Павлодар қаласында Қазақстан Республикасымен және Ресей Федерациясы президенттерінің қатысуымен РФ президенті Владимир Путинмен және ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатынасуларымен Қазақстан және Ресей аймақаралық ынтымақтастығының IX Форумы өткізілді. 2003 жылы Омскіде басталған, осы тәріздес форумдар 9 жыл бойына үзілместен келеді. Осы уақыт ішінде Ресей және Қазақстан өкілдері Челябинскіде, Новосибирскіде, Оренбургте, Өскеменде, Ақтөбеде кездескен болатын. Қазақстан президентімен қойылған ұсыныстардың ішінде Байқоңыр ғарышжайында «Байқоңырлық инновациялық форумын» ғарышты өзара бірлескен зерттеулер үшін, Сколковадағы ресей ғылыми орталығы және Астанадағы Халықаралық университет арасында байланысты орнатумен және ресейлік және қазақстандық жоғары оқу орындары үшін бірыңғай ақпараттық-зерттеу желісін өңдеуді құру болды. Путин таяу уақытта Ресей және Қазақстанмен бірлесе жүзеге асырылатын бірнеше жобаларды атап өтті: толық айналымды автомобиль зауыты, Ка-226Т азаматтық тікұшағын құрастыру бойынша кәсіпорын, нанотехнология қоры, Еуропа-Батыс Қытай транзиттік коридоры. Форум қорытындысы бойынша қол қойылды: Шекаралас аймақтарда өрттердің алдын алумен және сөндіру бойынша Келісіміне, Волго-Оралдағы бөкендердің тобырын қорғау және өсіру Келісіміне қол қойылды.

Бұдан басқа, келесі келісімдер жүргізілді:

1. 1992 жылы 8 ақпанда Мәскеу қаласында қол қойылған, Қоршаған ортаны қорғау және экология саласында өзара ынтымақтастық туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы Келісім.

2. 1997 жылы 8 сәуір Алматы қаласында қол қойылған, Қоршаған ортаны қорғау және экология саласында өзара ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғызстан Республикасы Үкіметі арасындағы Келісім.

3. Қоршаған ортаны қорғау және экология саласында өзара ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы Келісім. 2004 жылы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 102 Қаулысы.

4. Қоршаған ортаны қорғау және экология саласында өзара ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы Келісім. 2005 жылы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 907 Қаулысы.

5. 2006 жылы 20 желтоқсан Пекин қаласындағы Негізгі трансшекаралық өзендердің шекаралас гидробекеттерінің гидрологиялық және гидрохимиялық ақпараттармен (мәліметтер) өзара алмасу жөнінде Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы Келісім.

6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Келісім. 2012 жылы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 583 Қаулысы.

3.2 Үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі Жобалар

Ел экономикасын жедел әртарапандыру - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында 2010-2014 жылдарға арналған Индустриаландырудың республикалық картасы жасалды.

2 Кесте - 2010-2014 жылдарға арналған Индустриаландырудың республикалық картасына енгізілген Жобалар

№ п/п	Жобаның атауы	Жауапты мемлекеттік орган және ұлттық холдинг	Аймақ	Жобаны ұсынушы	Жүзеге асыру мерзімі* / Жоба статусы	2012 жылға инвестицияны игеру жоспары, млн.теңге
1	2	3	4	5	6	7
2.	Феррокорытпа өндіру және оның шикізат қорын диверсификациялау және ұлғайту, қуатын жылына 300 мың тоннаға жеткізу	ИЖТМ	Жамбыл облысы	"Тараз металлургиялық зауыты" ЖШС	2011 – 2014 жж.	0
3.	Минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша зауыттың құрылысы	ИЖТМ	Жамбыл облысы	"ЕвроХим-Удобрения" ЖШС	2011 – 2017 жж.	1 055
4.	Балқаш ЖЭС құрылысы	ИЖТМ, АО "ФНБ "Самрұқ-Қазына"	Алматы облысы	"Самрұқ-Энерго" АҚ	2010 – 2015 жж.	5 173
5.	«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізін құрау	ККМ	Аймақаралық жоба	МТК	2007 – 2015 жж.	176 715
6.	Алматы қаласындағы дүниежүзілік деңгейдегі тау шаңғы курорты	ИЖТМ, Алматы қаласының әкімшілігі	Алматы қ.		Перспективалық	-

Траншекаралық контекстте ҚОӘБ Конвенциясын жүзеге асыру шеңберінде 2010-2014 жылдарға арналған Индустриаландырудың республикалық картасына енгізілген келесі жобалар трансшекаралық контекстте ҚОӘБ жүргізу нысаны болуы мүмкін.

3.3 Конференциялар мен семинарларға қатысу

«Еуропа үшін қоршаған орта» атты министрлердің жетінші Конференциясы 2011 жылдың 21-23 қыркүйек аралығында Астанадағы Тәуелсіздік Сарайында өтті. 1911 жылы басталған бұл «Еуропа үшін қоршаған орта» үрдісі БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы аймағына (БҰҰ ЕЭК) жататын мемлекеттердің ерекше серіктестігі болып табылады, сонымен қатар осы аймақтағы БҰҰ жүйесінің мекемесі, басқа үкіметаралық ұйымдар, аймақтық экологиялық орталықтар, жеке сектор және өзге негізгі топтар серіктестігі.

Конференцияның басты тақырыптары: «Су және сумен байланысты экожүйелерді тұрақты басқару» және «Экономиканы көгалдандыру: экономикалық даму үрдісінде қоршаған ортаны ілгерілету». Жоғары деңгейде өткен, 1400 астам делегаттар қатысқан бұл кездесуде сумен байланысты экожүйелерді қорғау үшін, адамның сумен байланысы, су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруіне бейімделу, трансшекаралық бассейндердегі ынтымақтастық, су ресурстарының өнімділігі бойынша тиімді саясаттар, және де көлік, тұрғын үй, энергетика, ауыл шаруашылығы және білім беру секторларында «жасыл экономика» саласындағы тиімді саясат талқыланды. Конференция қорытындысы «Суды үнемдеңдер, жасыл дамуға көшіңдер!» министрлер декларациясы және суға қатысты Астаналық ұсыныстар.

2010 жылы 16-18 маусымда Бакуде (Әзірбайжан) «Орталық Азияда ҚОӘБ бойынша әлеуеттің дамуы» атты семинар болды. Өкінішке орай, Қазақстан өкілдері бұл семинарға қатыса алмады.

ҚОӘБ Конвенциясының Соңғы төртінші конференциясы 2008 жылдың 19-21 мамырында Бухарест қаласында өтті.

3.4 Траншекаралық мәселелер саласындағы ғылыми зерттеулер

2007 жылдан бастап Қоршағанортаминінің бюджеттік қаражаттандыру шеңберінде трансшекаралық сипаттағы мәселелерді зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді:

- «Траншекаралық мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жағдайын зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есебі, 2008 жыл. Зерттеу нысаны Ресей терриориясымен шекаралас жатқан Ақтөбе облысы (Қобды, Мартук, Қарғалы, Әйтекеби әкімшілік аудандары жәге Ақтөбе қаласы);

- «Трансшекаралық мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жағдайын зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есебі, 2009 жыл. Отчет о научно-исследовательской работе «Исследование экологического состояния приграничных районов Казахстана для решения проблем трансграничного характера», 2009 г. Зерттеу нысаны Ресей территориясымен шекаралас жатқан Қостанай облысы (сегіз әкімшілік аудандар - Қамысты, Жетіқара, Денисовский, Тарановский, Карабалыкский Федоровский, Меңдіқаринский, Ұзынкөл және үш қала - Қостанай, Лисаковск, Рудный);

- «Трансшекаралық мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жағдайын зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есебі, 2010 жыл. Зерттеу нысаны Ресей территориясымен шекаралас жатқан Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары;

- «Трансшекаралық мәселелерді шешу үшін Қазақстанның ҚХР және Орталық Азия елдерімен шекаралық аудандарының экологиялық жағдайын зерттеу» (аралық), 2011 жыл. Жоба мақсаты – Қазақстанның ҚХР, Қырғызстан, Өзбексан және Түркіменстан елдерімен шекаралас аумақтарындағы табиғатты орнықты пайдалану мәселелерін шешу шараларын әзірлеу және ландшафттық-экологиялық ағалау негізінде табиғатты трансшекаралық реттеу бойынша табиғатты қорғау ұсыныстарын әзірлеу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәліметтері 2007 жылдан 2011 жылға дейін ТОО «Экосервис» орындалған. Зерттеулер шекаралас аймақтардың экологиялық жағдайын айшықтайтын жетекші табиғи, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Табиғи-территориялық кешендерге антропогендік әсер ету факторларының барлық жүйелерін орнату және бағалау зерттеу барысында техногендік және ауылшаруашылық әсер кезіндегі ландшафттардың бұзылу дәрежесін бағалау мүмкіндігін берді, соңында шекаралық аймақтадың ландшафттық құрылымы ерекшеліктерімен бірге шекаралық ландшафттық жүйенің қазіргі жағдайын кешенді экологиялық бағалау негізінде жатыр.

Жүргізілген зерттеулер өзінің шешілуін талап ететін трансшекаралық аумақтардың экологиялық мәселелерінің ортақ тізбегіндегі бірінші буыны болып табылады. Оны шешу қажеттілігі 2008-2011 жылдарға арналған Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының Шекаралық аумақтарының ынтымақтастығы бағдарламасымен анықталады (Новосибирск, 2007 жыл). Зерттуден алынған нәтижелер Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының әкімшілік органдарының ұйымдастырушылық және басқармалық деңгейлер шешімін қабылдаудың құралы болуы мүмкін және қажет.

4 2010-2012 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ ЕСЕПТІЛІГІ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

ҚОӘБ Конвенциясының 11 бабының 2 тармағына сәйкес «Тараптар әрдайым осы Конвенцияның орындалу қадамын үнемі бақылауда ұстайды және осы мақсатта:

Тараптардың трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерді бағалау процедураларын ары қарай жетілдіру мақсатында қоршаған ортаға әсер етуін бағалаудың саясатын және әдістемелік тәсілдерін қарастыруды қамтиды».

Тараптардың бірінші Конференциясында Секретариат Сұрақнамалар әзірлеу және трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ жүзеге асыру бойынша Тараптардың ақпаратты жинау және талдау үшін толтыру ұсыныстарын әзірлеуге бастама жасады. Тараптардың есептілігі берілген сұрақнамаларды толтыру жолымен жүргізіледі. Конвенция тараптарының толтырылған сұрақнамаларының мәліметтері Секретариатпен Конвенцияны жүзеге асыруды шолумен айқындайды. Тараптардың Бірінші конференциясындағы шешімдерін орындау мақсатында Конвенция Секретариатымен 2003-2005, 2006-2009 жылдар мерзіміне Сұрақнамалар әзірленді. Конвенция Секретариатының талаптарына сәйкес Қазақстан Секретариатқа толтырылған сұрақнамаларды бекітілген мерзімде ұсынды. Сұрақнамалар орыс тілінде конвенцияның веб-сайтына орналастырылды. ҚОӘБ мен Стратегиялық экологиялық бағалаудың Жұмыс топтарының бірінші Кездесуінде (Женева, 2012 жыл 24-26 сәуір) 2010-2012 жылдарға трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ Конвенциясын жүзеге асыру бойынша Сұрақнама мақұлданды (ECE/MP.EIA/WG.2/2012/2).

Берілген сұрақнама Конвенция сайтына орналастырылды. Жұмыс топтарының кездесуінде сұрақнаманың тарату және толтырудың уақытша шектері келісілді. Сұрақнамаларды Конвенция Тараптары 2012 жылдың 30 қазанына дейін жіберілді, ал толтырылған Сұрақнама Секретариатқа 2013 жылдың 31 наурызға дейін ұсынылуы тиіс (Кездесу шешімінің 20 пункті (ECE/MP.EIA/WG.2/2012/2)) (Е Қосымшасы). 2010-2012 жылдардың Сұрақнамасы Қазақстандағы трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ Конвенциясын жүзеге асыру бойынша ағымдағы жағдаймен сәйкес толтырылды (F Қосымшасы). Сұрақнамада ҚОӘБ қатысты нормативті-құқықтық құжаттардағы өзгерістер көрсетілген. ҚР Экологиялық кодекстің 43 бабына сәйкес трансшекаралық әсерімен қоршаған ортаға нысандардың әсерін бағалау ерекшеліктері Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық келісім шарттармен анықталады. Есептік кезең барысында елде бұл конвенцияны қолданған жағдайлар тіптен болмаған.

5 КОНВЕНЦИЯ ТАРАПТАРЫ ОТЫРЫСЫ ШЕШІМДЕРІН ТАЛДАУ

1998 жылдың 18-19 мамырында Осло (Норвегия) қаласында өткен Конвенция тараптарының **Бірінші отырысында** Ослодағы Министрлердің Өтініші қабылданды.

Өздерінің өтініштерінде Министрлер БҰҰ ЕЭК елдерін трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ Конвенциясына қосылуға екі жақты және көп жақты келісім шарттар әзірлеуге, Конвенция ережелеріне сай субаймақтық дәрежеде қызметтерді дамытуға шақырды. Конвенцияның бірінші отырысында Конвенцияның жаңа құжаттары қарастырылып, мақұлданды:

- Конвенция тараптары отырысын жүргізу процедураларының ережелері;
- Конвенцияны жүзеге асыру механизмі;
- Байланыс пункттерінің тізбесі;
- Конвенцияның 3 бабына сәйкес хабарладыру формасы;
- ҚОӘБ бойынша мәліметтер базасы құрылды;
- Жұмыс жоспарларын бекіту процедуралары;
- 1998-2000 жылдарға арналған жұмыс жоспары;
- Өтпелі экономикалы елдерге қаржылық көмек көрсету;
- Тараптардың екінші отырысына дейінгі кезеңге жасалған бюджеттік және қаржылық шаралар.

Трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ бойынша Конвенция Тараптарының **Екінші Отырысы** Конвенцияға қол қойғаннан 10 жылдан кейін 2001 жылдың ақпан айында Болгарияда өтті. Отырыс Конвенцияға сәйкес міндеттерді орындау шолуды дайындау мақсатында Жүзеге асыру Комитетін ұйымдастырды.

Сонымен қатар Тараптар отырысы министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» бесінші Конференциясында (Киев, Украина, 2003 жыл мамыр) бекіту мақсатында стратегиялық экологиялық бағалау хаттамасын дайындау үшін Жұмыс тобын ұйымдастырды. Отырыста Конвенцияны жүзеге асырумен байланысты тәжірибені жан-жақты шолуға дайындау шешімдері, және де үшінші отырыс үшін түзетулерді енгізу шешімдері қабылданды.

Тараптар Отырысы 2001-2003 жылдарға жұмыс жоспарын бекітіп, Конвенцияға бірінші түзетулерін енгізді. Бұл БҰҰ мүше басқа елдерге Тараптар Отырысын мақұлдағаннан кейін Конвенция Тараптары болуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, тараптардың Екінші отырысында екі жақты және көп жақты келісім шарттар бойынша шешімдер қабылданып, Конвенция тараптарымен практикалық қолданысқа шолу жасалынды.

Конвенцияның кезектен тыс отырысы министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» Конференциясы шеңберінде 2003 жыл мамырда Киев қаласында (Украина) өтті. Тараптар отырысы трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ Конвенциясына Стратегиялық экологиялық бағалау туралы хаттамасы бір ауыздан қабылдады. Бұл Хаттамада жоспарларды, бағдарламаларды дайындай және қабылдау барысында экологиялық, медико-санитарлық факторларды саясат пен заңнамаға енгізу жолымен орнықты дамуға ықпал ететін пәнаралық тәсілге екіпінделеді. Отырыстағы негізгі баяндамалардың бірімен Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Самакова шықты.

Конвенция Тараптарының трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ туралы **Үшінші отырысы** 2004 жылы маусымда Кавтат қаласында (Хорватии) өтті. Онда 2003 жылы мамырда Киевте министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» Конференциясында қабылданған Стратегиялық экологиялық бағалау Хаттамасына қол қойған Тараптардың бірінші отырысын жүргізу болды. Отырыс Хаттаманы қолдану, субаймақтық ынтымақтастық және қоғамның қатынасы бойынша басшылықты қабылдап, Конвенцияны іске асырудың бірінші шолуының нәтижелерін бекітті. Отырыс сондай-ақ, Тараптардың төртінші отырысына дейінгі кезеңнің жаңа жұмыс жоспарын және бюджетін бекітті. Отырыс трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ шеңберіндегі «қамту шеңберін анықтау» процедуралары енгізілетін, I Қосымшаның Конвенцияға қарастыру және кеңейтуді қарастыратын, құқықтық базаны жетілдіруге мүмкіндік беретін Конвенцияға айқындауыштар қатарын енгізу тәсілдерімен Конвенцияға түзетулер енгізді және Кавтат декларациясын қабылдады.

Конвенция Тараптарының трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ туралы **төртінші отырысы** 2008 жылы 19-21 мамырда Румыния үкіметін шақыртуымен Бухаресттегі Парламент сарайында өтті. Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің субаймақтық ынтымақтастығын жүзеге асыру шаралары шеңберінде Конвенцияны орындау мақсаттарында Көп жақты келісім бойынша келіссөздер жүргізілді. Келісім шартты жеті ел мақұлдап, қол қойды, олар: Болгария, бұрынғы югославия Республикасы Македония, Грекия, Румыния, Сербия, Хорватия және Черногория. Отырыста ҚОӘБ Жұмыс тобының, Орындау бойынша Комитеттің жасаған жұмыстарын шолу асалып, тараптардың бесінші отырысына дейінгі Жұмыс жоспарлары мақұлданды, Стратегиялық экологиялық бағалау хаттамасына қатысты сұрақтар қарастырылып, келесі шешімдер қабылданды:

- Конвенцияны орындау (Украина және Румыния, Арменияның өтініштері қарастырылды);
- субаймақтық ынтымақтастық нығайту;
- Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінің әлеуетін арттыру бойынша.

6 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2010-2012 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША БАЯНДАМАҒА СҰРАУЛЫҚ

Конвенция бойынша координациялық орталықтар туралы ақпараттар

1. Атауы және байланыс ақпараттары.

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс.

Конвенция бойынша байланысу пункттері туралы ақпараттар

2. Атауы және байланыс ақпараттары (жоғарыда аталғандардан ерекше болса ғана).

ҚР Қоршаған орта министрінің Экологиялық реттеу және басқару комитеті

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс.

Баяндаманы дайындауға жауапты тұлға жөнінде ақпарат

3. Мемлекет: Қазақстан Республикасы

4. Тегі: Сулейменова

5. Аты: Шолпан

6. Мекеме: Қоршаған орта қорғау министрлігі

7. Пошталық адресі: Астана қаласы, Министрліктер үйі, Орынбор көшесі 8

8. Электронды пошта адресі: Suleimenova@eco.gov.kz

9. Телефон нөмірі: +7 7172 74 08 30

10. Факс нөмірі: +7 7172 740817

11. Баяндаманы дайындау уақыты:

Бірінші бөлім

Конвенцияны жүзеге асырудың құқықтық және әкімшілік шектері

12. Бұл бөлімде алдыңғы баяндамадағы ақпаратқа кез-келген түзетулер енгізу немесе ақпаратты ұсынуға сұраныс. Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында сіздің елдегі қолданыстағы құқықтық, әкімшілік және өзге шараларды сипаттаңдар. Бұл бөлімде қолдану барысындағы елдегі Конвенцияны орындау шектерін сипаттау керек.

2 Бап

Жалпы ережелер

13. Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында қабылданатын жалпы заңнамалық, әкімшілік және өзге шараларды атаңыздар (2 пункт 2 бап).

- 2000 жылғы 21 қазандағы «Қазақстан Республикасының трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясына қосылуы жөніндегі» № 86-II ҚР заңы;

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, бекітілген;

- 2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы» № 97 ҚР Заңы;

- 2007 жылы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бекіткен «Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық» № 204-п бұйрығы;

- 2007 жылғы 7 мамырда Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің № 135-п бекітілген бұйрығы «Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелері» (02.04.2012);

- 2007 жылғы 25 маусымда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің № 238-п бұйрығымен бекіткен «Қоршаған ортаға әсерін бағалау процедурасына және болжанған шаруашылық және өзге де қызметтер бойынша шешімдер қабылдау үрдісіне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жетімділік ережелері»;

- Трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясын практикалық қолдану бойынша нұсқаулық;

- трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалауға жұртшылықтың қатысуы бойынша нұсқаулық;

- Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша нұсқаулық;

- Қоршаған ортаға болжанған шаруашылық қызметтердің әсерін бағалаудың әдістемесі.

14. Жақын болашақта қабылдану жоспарланып отырған Конвенция ережелерін жүзеге асыру бойынша алдағы кез-келген шараларды көрсетіңіз.

ҚОӘБ Конвенцияның 2.2. бабын орында кезінде трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға болжанған шаруашылық қызметтердің әсерін бағалауды жүргізу нұсқаулығын әзірлеу және қабылдау жоспарлануда.

2007 жылғы 7 мамырда Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің № 135-п бекітілген бұйрығы «Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелеріне» өзгертулер енгізу жоспарлануда. Ережелер редакциясын жаңарту жобасы Қазақстан Республикасы Орхус орталығының веб-сайтында орналастырылған:

15. Мемлекет ішіндегі трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың жүзеге асуына жауап беретін құзырлы түрлі органдарды атаңдар.

Трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ түрлі кезеңдеріне жауапты органдар:

- ҚР Қоршағанортaмині Экологиялық реттеу және басқару комитеті және аумақтық бөлімшелері;

Мемлекет ішінде ҚОӘБ процедураларын орындауға жауапты органдар:

- ҚР Қоршағанортaмині Экологиялық реттеу және басқару комитеті және аумақтық бөлімшелері, жергілікті атқарушы органдар;

- ҚОӘБ және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді талап ететін шаруашылық нысандар мен өзге қызмет түрлерінің жобаларына тапсырыс берушілер;

- ҚОӘБ және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үрдісіне қатысатын сарапшылар;

- ҚОӘБ үрдісіне қатысуға қызығушылық танытқан немесе жоғарыда аталған бір тараптың қызметіне қатысуды болжап жүрген ҮЕҰ және қоғам өкілдері, жергілікті халықтар.

Мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімшелерінің қызметі республиканың өзге де сараптамалық бөлімдерімен өзара байланыста жүзеге асады:

- Денсаулық министрлігі;

- Білім және ғылым министрлігі;

- Мұнай және газ министрлігі;

- Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі;

- Көлік және коммуникация министрлігі;

- Жер ресурстарын басқару агенттігі;

- Төтенше жағдайлар министрлігі;

- Атом энергиясы агенттігі;

- Ауыл шаруашылығы министрлігі (Су ресурстары комитеті, Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Балық шаруашылығы комитеті) және т.б.

16. Сіздің еліңізде трансшекаралық ҚОӘБ барлық жағдайлары бойынша ақпараттар жинаумен айналысатын қандай да бір орган бар ма? Егер болса, оны көрсетіңдер.

ҚР Қоршағанортамині Экологиялық реттеу және басқару комитеті трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ бойынша әрекет ететін органдар болып табылады.

17. Сіздің еліңізде трансшекаралық жобалармен бірге байланысты (мысалы, жол құрылысы, құбыр) ҚОӘБ трансшекаралық процедуралары үшін арнайы ережелер қызмет ете ма?

Республикада трансшекаралық жобалар үшін арнайы ережелер жоқ. Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша нұсқаулық бар.

Конвенцияға сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізуді талап ететін болжамдық қызметтерді сәйкестендіру.

18. Сіздің еліңіздің ұлттық заңнамасында Конвенцияға I Қосымша толығымен енгізілген бе? Ұлттық тізім мен Конвенцияға I Қосымша арасындағы кез-келген сипаттаманы келтіру сұранысы.

Көрсетілген Конвенцияға енгізілген I Қосымша тізімімен толық сай келетін ҚОӘБ талап ету қызмет түрлерінің ұлттық тізімі.

19. Конвенцияға I Қосымшадағы қарастырылған заңнама толығымен іске асырылуда ма (ECE/MP.EIA/6, III/7 шешімі)?

ҚОӘБ талап ететін қызметтердің ұлттық тізімі Конвенцияға I Қосымшадағы тізімге толығымен сай келеді, және 2004 жылы Цавтатта трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ онвенция Тараптарының III Конференциясында Эспоо Конвенциясының III/7 шешіміне қабылданған Екінші түзетулерге енгізілген қызмет түрлерімен толықтырылды.

Жұртшылықтың қатысуы

20. Сіздің еліңіз мүдделі Тараппен 6 пункт 2 баптың талаптарына сай қоғамға мүдделі Тараптан ұсынылатын мүмкіндік сіздің елдегі қоғамға ұсынылатын мүмкіндіктермен тең құқылы екендігін қалай қамтамасыз етеді?

ҚОӘБ процедурасына қоғамның қатысуы республиканың экологиялық заңнамасында бекітілген.

3 Бап

Хабарлама

Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар

21. Сіздің еліңіз хабарламаны мүдделі тарапқа «мүмкіндігінше тез, және кешіктірмей, өз елінің қоғамына ақпарат жеткенше жылдам» бағыттау керектігін қалай анықтайтынын сипаттаңдар.

Тәжірибесі жоқ.

22. Сіздің еліңіздегі ұлттық заңында төмендегі ережелер көрсетілген бе, егер ия болса, онда атап көрсетіңіз:

a) сіздің ел әдетте мүдделі Тарапқа хабарлайтын ҚОӘБ процедуралар кезеңі (1 пункт 3 бап);

Практикасы жоқ. ҚР Экологиялық кодексінің 43 бабына сәйкес трансшекаралық әсері бар нысандардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық келісім шарттармен анықтайды.

b) сіздің ел Тараптардың бірінші отырысында I/4 шешімімен (ECE/MPEIA/2, IV Қосымша, толықтыру) қабылдаған хабарлама форматын қолдана ма? Егер ия болса, онда сіздің ел өз форматын қолдана ма;

I/4 хабарлама форматын қолдану бойынша тәжірибе жоқ. Өзіндік форматы жоқ және қолданылмайды.

c) мүдделі Тараптардан алынатын хабарлама мерзімдері (3 пункттің 3 бабымен «хабарламада көрсетілген мерзімі»), болжанған мерзімдердің мүдделі Тараптармен сақталмауының нәтижелері;

Тәжірибесі жоқ.

d) ҚОӘБ туралы құжатты дайындау үшін қажет мүдделі ақпаратты ұсыну туралы сұраныс (6 пункт, 3 бап);

Тәжірибесі жоқ.

e) сіздің ел қоғамның қатысуы туралы сұрақ бойынша мүдделі Тараптардың мемлекеттік органдары қандай жолмен ынтымақтасады (8 пункт 3 бап);

Ақпарат жоқ.

f) мүдделі Тараптың қоғамына қашан және қалай хабарлайды (бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрі)? Қоғамды хабарландыруға қандай мәліметтер кіреді?

Қоғам газеттер, теледидар, елді-мекендер көшелеріне ілінген қағаздар арқылы ақпараттандырылады.

g) Шығу тараптары қоғамға қалай және қашан хабарлайды (бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрлері қолданылады)? Қоғамды хабарлау қандай мәліметтерден тұрады? Қоғам газетке, теледидарға, елді-мекендер көшелеріне ілінген қағаздар арқылы ақпараттандырылады.

h) мүдделі Тараптардың қоғамға хабарлауы мазмұны бойынша мемлекеттегі қоғамды хабарландыру мазмұнымен сай келе ма? Егер жоқ болса, неге екенін түсіндіріңдер.

Ақпараттар жоқ.

23. Тараптардың бірінші отырысына (ЕСЕ/МР.ЕІА/2, III қосымша, шешім I/3) сәйкес хабарландыру үшін Конвенцияның веб-сайтында тізім орналастырылған байланысу пункттерін пайдалана ма?

Тәжірибесі жоқ. Хабарландыру қажеттілігі туындаса, ақпаратты Конвенцияның веб-сайтынан аламыз.

Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар

24. төменде аталғандар ережелер сіздің еліңізде бар ма, егер болса:

a) сіздің елде ҚОӘБ процедурасына қатысу қалай жүргізіледі (3 баптың 3 пункті);

Тәжірибесі жоқ. 43 бапқа сай ҚР Экологиялық кодексі трансшекаралық әсері бар нысандардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық келісім шарттармен анықтайды.

b) ҚОӘБ туралы құжатты дайындау үшін қажет мүдделі ақпаратты ұсыну туралы сұраныс (6 пункт, 3 бап);

Тәжірибесі жоқ.

c) сіздің ел қоғамның қатысуы туралы сұрақ бойынша мүдделі Тараптардың мемлекеттік органдары қандай жолмен ынтымақтасады (8 пункт 3 бап);

Ақпарат жоқ.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі қоғамдық тыңдаулар жүргізу қажеттілігі жөнінде жергілікті атқарушы органға жазбаша хабарлайды. Жұртшылықтың қатысуы бойынша жұмысарды ұйымдстыруды жергілікті атқарушы орган аймақтардың бастамашыл қоғамдық ұйымдары мен болжанатын жұмыс бастамашыларымен біріге қамтамасыз етеді. Министрлік байланыс құралдары, e-mail арқылы қоғамдық тыңдауларға дайындық жөнінде қажет ақпаратты алады.

d) қоғам қашан және қалай хабарландырылаы (мысалы, ол үшін БАҚ қандай түрлері қажет). Қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 20 күн қалғанда жергілікті БАҚ – теледидар, радио, газеттерге хабарлама беріледі және де уақытын, орнын және тақырыбын көрсете отырып басқа да ақпараттандыру түрлерін (ақпараттық парақтар, қабырғалар, жарнамалар және т.б.) пайдалануға болады.

4 Бап

Қоршаған ортаға әсерін бағалау жөнінде құжаттарды дайындау

Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар

25. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) ҚОӘБ туралы құжаттың мазмұнына (4 бап пункт 1, II қосымша);

410 бапқа сай ҚР Экологиялық кодексінің қоршаған ортаға әсерін бағалау құжаттамасына:

1) шаруашылық және өзге қызметтің тапсырыс берушісінің реквизиттері;

2) жоспарланатын қызметті жүзеге асыру қажеттілігін негіздеген өтініш, инвестициға дәйектеме, техника-экономикалық жоба, жұмыс жобасының бекітілетін бөлігі, түсіндірме хат;

3) қоршаған орта компоненттерінің жағдайын ағымдағы мезеттегі әрекетті орындауға дейін сипаттау;

4) жобаның сипаттамасы, оның ішінде:

- барлық жоспардың мақсаты мен сандық сипаттамасы, құрылыс және пайдаға асыру кезеңдері кезінде орналасу талаптары;

- өндірістік үрдістердің негізгі сипаттамасы, пайдаланылатын қызметтің әсердің мүмкін түрлері көрсетілген материалдар мен жабдықтар типі және саны, мұнда қоршаған орта эмиссиясының көлемі мен ингредиент құрамы, тұтынылатын шикізат және табылатын ресурстар анықталады;

5) қолданылатын технологияның ең жақсы технологиялар мен техникалық меншікті нормативтермен сәйкестігі, техникалық регламентке және технологияларға, жабдықтарға, техникаға қойылатын экологиялық талаптарға сәйкестігі бойынша талдау жасау;

6) балама нұсқалар жөнінде ақпарат және жобалық нұсқаны таңдаудың негізгі себептерін көрсету;

7) қоршаған ортаға, халықтың денсаулығы мен әлеуметтік-экономикалық шарттарға қызметтердің мүмкін әсеріне сипаттама беру;

8) қоршаған ортаға жобалық шараушылық және өзге қызметтің айқын емес әсерлері;

9) экологиялық қауіптер мен халық денсаулығы үшін қатерлерді бағалау;

10) қоршаған ортаға әсерін төмендету, жою шараларын сипаттау, экологиялық мониторинг бойынша ұсыныстармен қоса алғанда;

11) қоршаған орта эмиссиясының жобалық нормативтері және табиғат ресурстарын игеру нормативтері;

12) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын негіздеу;

13) мүмкін қауіптерді және келтірілген залалдың орнын толтыру мүмкіндіктерін ескеріп жобаны экологиялық-экономикалық бағалау;

14) қоғамды пікірді ескеру материалдары, ол материалдар хаттамалармен рәсімделіп, жобаланып отырған қызметтің экологиялық аспектілерін қоғамдық талдау нәтижелері бойынша қорытындылары бар;

15) қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу кезінде кез-келген қиындықты және ақпараттың жеткіліксіздігін көрсету;

16) қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізудің нәтижелері бойынша негізгі қорытындылар;

b) әрбір нақты жағдайда ҚОӘБ құжаттамасын анықтау процедураларын (сұрақтарды зерттеу процедуралары) (4 бап 1 пункт);

Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобалаудың барлық сатыларында жүргізіледі және төмендегілер ескеріледі:

1) жобаланатын қызмет орны бойынша қоршаған орта жағдайы;

2) жобаланатын қызметтің мақсатына жетудің балама нұсқалары, оның ішінде осы қызметтен бас тарту да бар;

3) аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму перспективасы;

4) қоршаған ортағаны қорғау саласында ҚР қолданыстағы заңнаманың өзге талаптары.

c) II Қосымша b) пункт бөлімшесімен сәйкес «саналы баламаларды» анықтау; "Саналы баламалар" – жобаланатын қызметтің салдарын бағалау кезіндегі технологиялық, әлеуметтік, жоспарлық және экономикалық жоспар шешімдерін қарастыру.

d) Ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы ұсыну процедуралары мен форматы; Қоршаған ортаға әсерін бағалаудың әрбір сатысында құжаттама мазмұнының толықтығы Қоршаған ортаға әсерін бағалау нұсқаулығымен анықталады.

e) мүдделі тараптың ҚОӘБ туралы құжаттамасын ұсыну процедуралары мен форматы. Ел ішіндегі және мүдделі Тараптың қолдануы үшін қажет процедуралар мен форматтар арасында айырмашылық болса, оның себебін түсіндіріңдер;

Тәжірибесі жоқ.

f) Ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы зерттеу процедуралары мен ескертпелер мерзімі, оның ішіне ел ішіндегі ескертулер қалай қарастырылуда;

ҚР Экологиялық Кодексінің 57 бабына сәйкес барлық мүдделі азаматтарға және қоғамдық ұйымдарға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезіндегі өз пікірлерін білдіру мүмкіндігі болады.

ҚОӘБ құжаттамасы және ескертпелерді ұсыну процедуралары мен зерттеу мерзімдері Жоба алды, жобалық, жоспар алды және жоспарлық құжаттаманы әзірлеу барысында Қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге қызметтің әсерін бағалау нұсқаулығымен анықталған.

г) Мүдделі Тараптан алынған ҚОӘБ құжаттамасын қарастыру процедуралары және ескертпелерді ұсыну мерзімдері, және де мүдделі Тарап ұсынатын ескертпелер қалай қарастырылады;

Тәжірибесі жоқ.

h) Сіздің еліңіздегі қоғамдық тыңдаулар жүргізу процедуралары;

Қоғамдық тыңдаулар жүргізу процедуралары Процедура проведения общественных слушаний 2007 жылғы 7 мамырда Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің № 135-п бекітілген Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелері бұйрығымен анықталған;

i) мүдделі тарап аумағындағы қоғамдық тыңдауларды жүргізу процедуралар.

Тәжірибесі жоқ.

Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар

26. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) Шығу Тарабына көрсету үшін ҚОӘБ құжаттамасы бойынша ескертпелерді бағыттау процедуралары мен мерзімдері;

ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық пікірді ескеруді ұйымдастыруды хабарлау күнінен бастап тапсырыс беруші қоғамдық өкілдердің ҚОӘБ жобасына қол жетімділігін, ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау және тіркеуді қамтамасыз етеді.

б) Ел ішіндегі ҚОӘБ құжаттамасын қарастыруда қоғамның қатысу процедуралары, жоғарыда аталған процедуралардың орындалуына жауапты органдар;

ҚР Экологиялық Кодексіне сәйкес қоғамның қатысуы жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады. Қоғамның қатысуды ұйымдастыру мүдделі Тарап рөлінде елдің заңнамасына сай жүргізіледі.

Қоғамдық пікірді ескеру ҚОӘБ материалдарын дайындау және талқылауда қоғамның қатысуымен қамтылып, болжанатын шаруашылық және өзге қызметті тапсырушы ұйымдастырады.

Қоғамдық пікірді есептеудің негізгі ұйымдастыру формалары қоғамдық тыңдаулар болып табылады. Жоба алды, жобалық құжаттама тапсырыстарын қоғам өкілдеріне жиналыс өткізу жолымен қоғам өкілдерінің пікірлерін қоғамдық тыңдауды ұйымдастырады. Ол үшін тапсырыс беруші бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) қоғамның ҚОӘБ жобасына, өткізу күні, уақыты және орнына қол жетімділігі ретінде өткізілген қоғамдық тыңдаулар туралы ақпараттарды ұсынады. Қоғамдық тыңдауларға мүдделі қоғамның өкілдері, тапсырыс беруші мен орындаушы, қоршаған ортаны қорғаудың жергілікті атқарушы органдары, аймақтық органдарының өкілдері қатысады;

Қоғамның жазбаша ұсыныстар мен ескертпелерін жинау, бұл кезде тікелей байланысты тапсырыс беруші БАҚ ҚОӘБ жобасының материалдарына қоғамның қатысуы мен қоғамдық пікірді есепке алу үшін ұсыныстар мен ескертпелерді ұсыну тәртібі туралы қоғамды ақпараттандыру жолымен жүзеге асады. Тапсырыс беруші жұртшылықтан келіп түсетін ұсыныстар мен ескертпелерді қабылдау және тіркеу пункттерін ұйымдастырады;

Қызмет аймағының халқына сауалнама жүргізу жолымен жазбаша ұсыныстар мен ескертпелерді жинау. Бұл іс-шараларды жүргізу үшін тапсырыс беруші БАҚ арқылы ҚОӘБ жобаларының материалдарына қол жетімділік тәртібі мен мерзімдері туралы, сауалнама ұйымдастыру мерзімдері мен шарттары туралы қоғамды ақпараттандырады.

с) ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы зерттеу процедуралары.

ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды ұйымдастыру жөніндегі хабарландыру күнінен бастап тапсырыс беруші қоғамның ҚОӘБ жобасына, ұсыныстар мен ескертпелерді қабылдау мен тіркеуге қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

5 Бап

Кеңестер

Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар

27. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) кеңес берумен байланысты мүдделі Тараптардың ынтымақтастығы үшін процедуралар;

Кеңес берулер жоспарланған қызметтің жобасын жүзеге асыруды бастағанға дейін ұйымдастырылып бітуі тиіс. Екінші кезең – алдын ала ҚОӘБ кезеңі ең тиімді.

б) мүдделі Тараппен кеңес жүргізу кезеңдері, процедуралары мен мерзімдері;

с) кеңес беруге қатысатын ел ішінде және тараптарда кеңес берудің кезеңдер, процедуралары мен мерзімдері.

Ел ішіндегі кеңестер барлық деңгейде жүргізіледі, мұнда барлық мүдделі тараптар мен ұйымдар қатысады. Ақпарат алмасу отырыстар ұйымдастыру және жазбаша хаттарды жіберу арқылы орындалады.

Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар

28. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) кеңес берумен байланысты, шығу Тараптармен өзара әрекеттесу үшін процедуралар;

б) кеңес беруге қатысатын ел ішінде және тараптарда кеңес берудің кезеңдері, процедуралары мен мерзімдері.

Кеңес беру қажеттілігі әрбір нақты жағдайда анықталуы тиіс.

6 Бап

Соңғы шешім

Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар

29. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) жоспарлы әрекетті орындауға; шешім мазмұны; оны қабылдау процедураларына қатысты «соңғы шешімді» анықтау;

ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң нәтижесі жоспарлық қызмет бойынша шешім қабылдау үшін негіз болады.

б) I Қосымшада көрсетілген әрбір қызмет түрі үшін «соңғы шешім» білдіретін түсініктерді көрсетіндер, оның негізінде жоспарланатын қызметке рұқсат беріліп, жүзеге асады (6 бап 2 баптың 3 пунктімен бірге); сондай-ақ ұлттық тілде ұлттық заңнамада пайдаланылатын терминді көрсетіңіз. I Қосымшада көрсетілген барлық нысандар үшін мұндай шешім міндетті ма? Жоспар алды, жоспарлық, жоба алды және жобалық құжаттамада қарастырылған болжанған қызметті тапсырған нысан үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының тиімді нұсқа бойынша болжанған қызметтің нақты нысандары мн құрылымдарын жобалауға бастама болады.

с) Ел ішіндегі және мүдделі Тарап үшін «соңғы шешім» туралы ақпарат үшін процедуралар;

Тәжірибесі жоқ.

d) мемлекеттік органдар және қоғамның мүдделі Тараптың ескертпелері және кеңес беру нәтижелері сіздің елдегі екерпелерге назар аударылатын шамада ескеріле ме 6 бап 1 пункт)?

Жалпы, мемлекеттік органдар мен қоғамның ескертпелері ескеріледі.

e) қызметті жүзеге асыруға дейін 6 баптың 3 пунктіне сәйкес қосымша ақпарат белгілі болса шешімді қайта қарастыру мүмкіндігі бар ма?

Экологиялық заңнамада шешімді қайта қарау мүмкіндіктері ескерілген.

7 Бап

Жобадан кейінгі талдау

30. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

a) жобадан кейінгі талдау (7 бап, 1 пункт);

Жобадан кейін талдау жасау қажеттілігі Экологиялық кодексте айқындалған. Кодекске сай – жобадан кейінгі талдау шаруашылық және өзге қызметті орындау басынан бір жылдан кейін қоршаған ортаға нысандардың қауіпсіздігін растау және табиғатты қорғау шараларына түзету енгізу үшін жүргізеді.

b) жобадан кейінгі талдау нәтижелері туралы ақпараттандыру процедуралары.

Тәжірибесі жоқ.

8 Бап

Екі жақты және көп жақты келісімшарттар

31. Сіздің еліңіз Конвенция негізінде (8 бап, VI Қосымша) қандай да бір екі және көп жақты келісім шарттар жасаған ба? Егер ия болса, оларды атаңыз. Осы келісімдердің қысқаша сипаттамасын беріңіздер. Бұл келісімдер VI Қосымшада қандай дәрежеге негізделеді, және қандай сұрақтарды қамтиды? Қол жетімді екі жақты және көп жақты келісім шарттардың мейлінше, ағылшын, орыс немесе француз тілінде мәтіндерді ұсыныңдар.

ҚОӘБ туралы Конвенция негізінде жасалған келісім шарттар жоқ.

32. Сіздің елде екі жақты және көп жақты келісім шарттарға сәйкес қандай да бір қосымша байланыс пункттері құрылған ба?

Жоқ, құрылмаған.

9 Бап

Зерттеулер бағдарламасы

33. Сіздің елде 9 бапта аталған сұрақтармен байланысты жүргізілген қандай да нақты зерттеулер туралы ақпараттар бар ма? Егер ия болса, оның қысқаша сипаттамасын беріңдер.

Қазақстанда 2008 жыл мерзімінен келесі ғылыми зерттеулер жүргізілген болатын:

- Траншекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралас аймақтардың экологиялық жай-күйін зерттеу. Ресей Федерациясымен шекаралас аймақтар зерттеу нысаны болып табылды;

- Траншекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Орталық Азия елдерімен және ҚХР шекаралас Қазақстан аймақтарының экологиялық жай-күйін зерттеу. *Жоба мақсаты* - Қазақстанға шекаралас аймақтармен және ҚХР, Қырғызстан, Өзбекістан және Түрікменстан іргелес аймақтарындағы табиғатты пайдаланудың орнықты мәселесін шешу үшін шараларды әзірлеумен және ландшафтты-экологиялық баға негізінде трансшекаралық табиғатты пайдалануды реттеу бойынша табиғатты қорғау ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеулер шекаралас аймақтардың экологиялық жай-күйін анықтайтын жетекші табиғи, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Антропогендік факторлардың табиғи-аймақтық кешендеріне барлық әсер жүйесін анықтау және бағалау, зерттеу барысында ландшафттарға техногендік және ауылшаруашылық әсер кезіндегі қаншалықты бұзылғандығының деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ақыр соңында шекаралас аймақтардағы ландшафттық құрылым ерекшеліктерімен қатар, шекаралас ландшафттық жүйенің қазіргі таңдағы кешенді экологиялық бағалау негізінде болды.

Стратегиялық экологиялық бағалау Хатамасы мен Конвенциясына түзетулерді бекіту (ратификация)

34. Егер сіздің ел Конвенцияға бірінші түзетулер әлі енгізбесе, онда енді енгізуі мүмкін бе? Егер ия болса, қашан?

Күні анықталмаған.

35. Егер сіздің ел Конвенцияға екінші түзетулер әлі енгізбесе, онда енді енгізуі мүмкін бе? Егер ия болса, қашан?

Күні анықталмаған.

36. Егер сіздің ел СЭБ Хатамасын бекітбесе, онда енді енгізуі мүмкін бе? Егер ия болса, қашан? Күні анықталмаған.

Екінші бөлім

2010-2012 жылдар кезінде Конвенцияны іс жүзінде қолдану

37. Сіздің елде Конвенцияны іс жүзінде қолдану бойынша жинақталуы (бірінші бөлімде сипатталған процедуралар жөніндегі ақпарат емес) сіздің ел Шығу Тарабы ретінде көзге көрінген және сіздің ел мүдделі тарап ретінде қатысқаны туралы ақпараттарды ұсынуыңызды сұраймыз. Бұл бөлімнің мақсаты – Конвенцияны іс жүзінде пайдалану кезінде пайда болған қиындықтар мен практиканы табу, міндеті Тараптарға табылған шешімдер туралы ақпаратпен алмасу мүмкіндігі болы табылады. Соған байланысты Конвенцияның қолданғанын және оны жүзеге асыру үрдісін жетілдірудің жаңашыл тәсілдерін көрсететін мысалдарды ұсыну тиіс.

Тәжірибесі жоқ.

2010-2012 жылдар кезеңінде қолданған мысалдар

38. Сіздің елдің мемлекеттік органдары көрсетілген уақытта жүзеге асырған ҚОӘБ трансшекаралық процедуралары туралы ақпаратқа ие ма, бұл ақпараттарда сіздің ел Шығу немесе Мүдделі Тарап ретінде қатысты ма? Осындай процедуралар тізімін ұсынуыңызды сұраймыз.

Тәжірибесі жоқ.

39. Сіздің ел жоғарыда аталған ҚОӘБ трансшекаралық процедураларға қарсы ма? Бұл процедуралар тізімі Конвенцияның вебсайтына орналастырылады (егер қарсы болсаңыз "ия" деп көрсетіңіз)?

Жоқ.

40. ҚОӘБ трансшекаралық процедураларын орындаудың орташа ұзақтығы – жеке кезеңдері, процедуралары жөнінде ақпарат және түсіндірме беруіңізді сұраймыз.

Тәжірибесі жоқ.

2006-2009 жылдарға қоршаған ортаға әсерін бағалаудың трансшекаралық процедураларын орындау кезінде жиналған тәжірибе

41. Егер сіздің ел бір есептік уақыт ішінде трансшекаралық ҚОӘБ жүргізу процедуралары саласында тәжірибе жинаса, онда Конвенцияның қоршаған ортаға айтарлықтай мүмкін трансшекаралық әсердің алдын алу, қысқарту немесе жоюға ықпал етті ма? Болған жағдайда іс жүзіндегі мысалдарды келтіріңіз.

Тәжірибесі жоқ.

42. Конвенцияны іс жүзінде қолданудың тәжірибесімен басқа Тараптармен пікір алмасындар. Төменде көрсетілген әрбір сұрақтарға бір немесе екі практикалық мысалдар келтіріңдер. Басқа Тараптарға көмек көрсету тәртібінде меңгерген сабақтардың мысалын айтқан жөн:

а) ҚОӘБ құжаттамасына трансшекаралық сұрақтарға арналған жеке бөлім енгізілгенін көрсетіңдер. Сіздің ел ҚОӘБ құжаттамасында қандай ақпараттар көлемі болуын қалай анықтайды? ҚОӘБ құжаттамасының мазмұны көлемі, толық өңделуі, экологиялық ғылыми-зерттеу және жобалық-зерттеу жұмыстарының деңгейі мен толық баяндалуы жобалау кезеңдеріне, қоршаған орта мен адам денсаулығына болжанған шаруашылық және өзге қызметтер әсерінің масштабы мен қарқындылығына байланысты болады.

б) Конвенция аудару мәселесі туындамайды. Сіздің ел аудармаға қатысты мәселелерді қалай шешеді? Сіздің елде әдетте қандай материалдар аударылады? Жазбаша және ауызша аудару кезінде сіздің қандай қиындықтарға тап болады және бұл мәселелерді қалай шешеді?

Құжаттаманы аударуға байланысты проблемалар жоқ.

с) Сіздің ел қоғамның трансшекаралық қатысуын қалай ұйымдастырады? Шығу Тарабы бола тұра сіздің ел мүдделі Тарап қоғамын қатыстыруды ұйымдастырды ма, егер ия болса, қандай жолмен? Өз қоғамының қатысуы әлде басқа Тараптың қоғамын қатыстыру жөнінде қиындықтарға тап бола ма (мысалы, пайдаланатын процедураларға қатысты қоғамның шағымдары түскен ба)?

Тәжірибесі жоқ.

д) Кеңес беру кезінде сіздің ел тап болған кез-келген мысалы мерзімі, тілі және қосымша ақпаратты алу қажеттілігіне қатысты қиындықтарды сипаттап беріңіз. Егер сіздің ел мүдделі Тарап болса, 5 бапқа сай, қоршаған ортаға айтарлықтай мүмкін трансшекаралық әсердің алдын алу, қысқарту немесе жою бойынша кеңестер жүргізілді ма?

Тәжірибесі жоқ

е) Мүдделі Тарап және оның қоғамына хабарлау қалай орындалды және соңғы шешім форматы, мазмұны және тілінің мысалдарын сипаттаңдар.

Тәжірибесі жоқ

ф) сіздің ел жобадан кейінгі талдаулар жүргізді ма, егер ия болса жобаның қандай типі бойынша?

Қоршаған ортаға әсерін бағалаудың жобадан кейінгі талдауы Жаңа өндірісті іске қосқаннан бір жылдан кейін қоршаған орта эмиссиясы бойынша анықтаулар мен түзеулер үшін Тараз металлургиялық зауытын қайта құрастыру жобасы бойынша жүргізілді.

г) сіздің елде ҚОӘБ трансшекаралық процедураларын орындаудың бірге трансшекаралық жобаларға қатысты сәтті мысалдары бар ма? Сіздің елдің жинаған

тәжірибесі туралы ақпаратты сипатамасымен бірге тапсырыңыз, мысалы, ынтымақтастық құралдары (мысалы, байланыс пункттері, бірлескен органдар, екі жақты келісімдер), институттық механизмдер және іс жүзіндегі сұрақтар қандай жолмен шешімін табады (мысалы, ауызша және жазбаша аударма, құжаттарды беру және т.б.).

Жоқ

h) үрдістерді толығымен және оның жеке элементтерінің (мысалы, хабарлама, кеңес беру немесе қоғамның қатысуы) тиісті практикаларын келтіріңдер. Сіздің ел мысалы Конвенция бойынша «тақырыптық зерттеулер туралы мәліметтер топтамасы» түрінде әзірленгенін қалайды ма?

Жоқ

i) Конвенцияның ең көп таралған қолдану құралдарын көрсетіңдер (мысалы, координациялық орталықтар, бірегей органдар, көп жақты келісім шарттар арқылы).

Координация орталықтары

2010-2012 жылдар Тараптар арасындағы ынтымақтастық

43. Сіздің елде көрші елдерде өзге құқықтық жүйелердің нәтижесінде туындаған қиындықтарды жеңудің жарқын мысалдары бар ма? Егер бар болса, хабарлауды өтінеміз.

Мысалдар жоқ.

2010-2012 жылдарға басшылық нұсқауды пайдалану саласындағы тәжірибелер

44. сіздің ел іс жүзінде Тараптар Отырысында қабылданып, Интернетте орналастырылған төмендегі басшылықты қолданды ма:

a) Трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ қоғамның қатысуы бойынша басшылық нұсқау (ECE/MP.EIA/7);

b) Субаймақтық ынтымақтастық бойынша басшылық нұсқау (ECE/MP.EIA/6, V Қосымша,);

c) Тиісті практика мен еке және көп жақты келісім шарттар бойынша басшылық принциптер (ECE/MP.EIA/6, қосымша IV).

Осы нұсқалық құжаттарды қолдану саласындағы жинақталған тәжірибелерді сипаттаңдар, және де оның жақсарту немесе толықтыру жолдарын қарастырыңдар.

Жоқ

Конвенцияның анықтылығы

45. Сіздің ел Шығу Тарабы немесе мүдделі Тарап рөлінде Конвенциядағы процедураларды іске асыру кезінде қиындықтарға тап болды ма? Конвенцияда анық емес ережелер бар ма?

Жоқ

Конвенция туралы хабардар ету

46. Сіздің ел Конвенция туралы мүдделі тараптар арасында ақпараттандыру дегейін жоғарылатудың қандай да бір шараларын жүргізді ма (мысалы, қоғам, жергілікті билік органдары, кеңес берушілер және сарапшылар, ғылыми орта, инвесторлар)? Егер ия болса, оның сипаттамасын келтіріңіз.

Қоршаған орта министрлігі жыл сайын қоршаған орта саласында барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, үкіметтік емес ұйымдар, табиғатты пайдаланушылар өкілдеріне біліктілікті жетілдіру курстарын (оқыту семинарларын) жүргізеді.

47. Сіздің ел Конвенцияны қолдану үрдісін жақсарту қажет деп ойла ма, егер ия болса, онда оны қандай жолмен жүзеге асыруды өздейді?

Қазақстан Республикасында Экологиялық кодекс әрекет етеді.

Баяндаманы жақсарту бойынша ұсыныстар

48. Бұл баяндаманы қандай жолмен жетілдіруге болатындығы туралы ұсыныстарыңызды беруді өтінеміз.

Ұсыныстар жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қазандағы «Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы» № 86-II заңымен Қазақстан шекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясын қолдады. Конвенция ережелері орындалуы бойынша Қазақстан келесі міндеттерді қабылдады:

- жоспарланатын қызметтің зиян шекаралық әсерін алдын алу және оны азайту мен бақылау бойынша тиісті және тиімді шараларды жекелей немесе ұжымдық қабылдау;

- зиянды шекаралық әсер келтіретін жоспарланатын қызметтің қажетті заңын, әкімшілік немесе өзге шараларын қабылдау;

- қоғамның қатысуына мүмкіндік беретін қоршаған ортаға әсерін бағалаудың құжаттамасын дайындау және қоршаған ортаға әсерін бағалау процедураларын белгілеу;

- зиянды шекаралық әсер келтіретін жоспарланатын қызмет түрінің қоршаған ортаға әсерін бағалауға рұқсат ету немесе оны жүзеге асыру шешімі қабылданға дейін орындалуын қамтамасыз ету;

- зиянды шекаралық әсерді келтіретін қозғаушы Тараптың жоспарланатын қызмет түрі туралы хабарлануын қамтамасыз ету;

- зиянды шекаралық әсер келтіретін қозғаушы Тараптардың жоспарланатын қызмет түрінің қайсы бірі немесе түрлері зиянды шекаралық әсер келтіретін мүмкіндік бойынша кеңестер өткізу;

- қоршаған ортаға жоспарланатын әсер бағасы тиісті процедураларына қатысу мүмкіндігі туралы аталатын барлық мүмкіндіктер бойынша қоғамдық аудандарда ұсыну.

«Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясын іс жүзінде қолдану бойынша басшылық нұсқау», «Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалауға қоғамның қатысуы туралы жетекшілік» және «Орталық Азия мемлекеттері үшін мазмұндағы трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу туралы басшылық нұсқауға» сәйкес «БҰҰ ЕЭК трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясының Қазақстан мен Қырғызстанда тәжірибелік қолдану» пилотты жобасы іске асырылды.

Қырғызстан Республикасының ОсОО «Андаш Майнинг Компани» компаниясының пилотты жобасының шеңберінде Қырғызстан Республикасы «Андаш кен орнының өндірістік өңдеу» ТЭН және «Андаш мыс-алтын кен орнын өңдеудің қоршаған ортаға әсерін бағалау» материалдары қарастыруға ұсынылды.

Осылайша, осы пилотты жоба шеңберінде Қазақстан және қозғаушы Тарап ретінде қоғамдық тыңдауларды өткізу және шекаралық жобаларды қарастыру процедурасын жүргізді.

Сонымен қатар, Конвенция жұмыс жоспарының шеңберінде өткізілген іс-шаралар (халықаралық субаймақтық семинарларға және ұлттық семинарға қатысуы) зиянды шекаралық әсердің факторларына шалдыққан мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты жолға қою бойынша оң нәтиже және шекаралас мемлекеттермен бірлесіп экологиялық мәселелерді шешуді алдын алу шараларын әзірлеу мүмкіндігін берді.

Сондай-ақ, Республикалық ақпаратты талдау орталығы қоршаған ортаны қорғау саласындағы табиғатты тұтынушылар, барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар үшін жыл сайын оқыту семинарларын өткізу. Семинар бағдарламасына Қазақстан Республикасында Траншекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясының ережелерін орындау мәліметі көрсетілген, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттері туралы тақырыбы қосылған, яғни Траншекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенциясы ережелері белсенді түрде насихатталады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қазандағы «Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы» № 86-II заңы;
2. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;
3. 2007 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің «Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық» № 204-ө бұйрығы;
4. 2007 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің «Мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу ережелері» № 207-ө бұйрығы;
5. 2007 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 135-ө бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар өткізу ережелері;
6. 2007 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 160-ө бұйрығымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік экологиялық сараптама саласындағы қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесі;
7. 2007 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметінің № 457 Қаулысымен бекітілген Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды лицензиялау ережесі және біліктілік талаптары;
8. ҚОӘБ тараптарының III Конференциясымен мақұлданған ҚОӘБ Конвенциясын іс жүзінде қолдану жөнінде нұсқаулық;
9. Орталық Азия мемлекеттері үшін Трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың нұсқаулығы;
10. 2004 жылдың 1-4 маусымындағы Хорватияның Кавтат қаласында өткен трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша үшінші отырыстың жұмысы туралы конвенция тараптары отырысының баяндамасы;
11. 2008 жылдың 19-21 мамырында Румынияның Бухарест қаласында өткен ҚОӘБ Конвенциясы тараптарының төртінші конференциясының секретариатымен әзірленген «Қоршаған ортаға әсерін бағалаудың жұмыс тобының атқарған жұмыстары бойынша шолу және шешім қабылдау»;

12. 2008 жылдың 19-21 мамырында Румынияның Бухарест қаласында өткен трансшеаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша төртінші отырыстың жұмысы туралы конвенция тараптары отырысының баяндамасы;
13. ҚР Қоршағанортaмині, «Экосервис» ЖШС 2007 жылғы «Трансшекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жай-күйін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі;
14. ҚР Қоршағанортaмині, «Экосервис» ЖШС 2008 жылғы «Трансшекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жай-күйін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі;
15. ҚР Қоршағанортaмині, «Экосервис» ЖШС 2009 жылғы «Трансшекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жай-күйін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі;
16. ҚР Қоршағанортaмині, «Экосервис» ЖШС 2010 жылғы «Трансшекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жай-күйін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі;
17. ҚР Қоршағанортaмині, «Экосервис» ЖШС 2011 жылғы «Трансшекаралық сипаттағы мәселелерді шешу үшін Қазақстанның шекаралық аудандарының экологиялық жай-күйін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есебі.
18. ҚОӘБ Конвенциясының веб-сайты (http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2012/eia/wg.2/ece.mp.eia.wg.2.2012.2.e_advance_copy.pdf)
19. Қазақстан Республикасының Орхус конвенциясының веб-сайты (http://aarhus.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=569)

СЭБ және ҚОӘБ бойынша ТЕРМИНДЕР ГЛОССАРИИ

Термин	Анықтамасы
Апат қаупін талдау	Қауіпті өндірістік нысандарындағы жеке адамдар немесе адам топтарына, мүлік немесе қоршаған табиғи орта үшін апат қаупін бағалау және қауіптілікті сәйкестендіру үрдісі
Өзара әрекеттесудің әрекеттесуі	Түрлі әсерлер арасындағы реакция (бір жоба ішіндегі әсерлер арасында, осы саладағы басқа жобалардағы әсерлер арасында)
Ықпал ету	Өнеркәсіптік апаттың адамдар, флора мен фауна, экожүйелер, материалдық құндылықтар және мәдени мұра, тарихи ескерткіштерге тигізетін кез-келген тікелей немесе жанама, тез немесе біршама уақыттан кейін шығатын зиянды салдары,
Жоғары мәні бар ықпал	Мүмкін шектерден асса немесе құнды/сезімтал ресурстарға қатысты үлкен масштабта ықпал еткенде білінеді
Төмен мәні бар ықпал	Салдары байқалып, бірақ ықпал шамасы жеткілікті мөлшерден төмен болғанда, және де мүмкін стандарттар шегінде немесе рецепторлар төмен сезімталдылық/құндылыққа ие болғанда анықталады
Орта мәні бар ықпал	Кең диапазонда болады, яғни бастапқы аз шамадан заңнамадағы шекке дейін қауіпті деңгейге дейін болады. Мүмкіндігінше, орташа мәнді ықпалды ытөмендету дәлелін көрсету қажет
Орташа ұзақтықтағы ықпал	Бір маусымнан (3 ай) 1 жылға дейін созылатын әсер
Мемлекеттік экологиялық сараптама (МЭС)	Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік уәкілетті органмен арнайы жүргізіледі. МЭС қорытындысы орындауға міндетті ведомствалық құжат күші бар
ҚОӘБ тобы	Құзіретті органдарға ұсыну үшін қоршаған орта әсерін бағалауды орындайтын және ҚО және ҚОӘБ бойынша ақпараттарды дайындайтын топ
Мүдделі Тараптар	Кез-келген Шығу Тарабын және қозғаушы Тарапты білдіреді
Қозғаушы Тарап	Өнеркәсіптік апаттың трансшекаралық әсеріне қатысты болатын кез-келген Тараптарды білдіреді
Қоршаған ортаға әсер ету туралы өтініш (ҚОӘӨ)	Орындалған қоршаған ортаға әсерін бағалаудың негізгі қорытындылары қысқаша түрде баяндалатын құжат
Жобаның әсер ету зонасы	Жоба және оның барлық жанама аспектілері ықпал ететін аумақтар (энергия асымалының магистрал жолдары, құбырлар, каналдар, туннельдер, көлік жолдары, қалдықтарды тастау және көму зоналары, құрылысшылардың уақытша мекендері, жобаны жүзеге асырумен байланысты жобаланған операциялар, кенеттен қоныстану)
Төтенше экологиялық жағдай зоннасы	Шаруашылық немесе өзге шаруашылық қызметтер нәтижесінде қоршаған табиғи ортадағы халықтың денсаулығына, табиғи экожүйелердің жағдайына, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық фоннаға қауіп төндіретін тұрақты кері өзгерістер орын алатын территориялардың бөлігі.
Экологиялық апат аймағы	Шаруашылық немесе өзге шаруашылық қызметтер нәтижесінде қоршаған табиғи ортадағы халықтың денсаулығына, табиғи экожүйелердің жағдайына, табиғаттың тепе-теңдігін бұзатын, флора мен фаунаның жойылуына ықпал ететін территория бөлігі
Идентификация опасностей аварии	Қауіпті өндірістік нысанда апат қаупінің көздеріне талдау жасау үрдісі және де осы қауіптердің сипаттамасын анықтау.
Әрекеттің бастамашылы	Жоспардағы қызмет бойынша осы аталған шаруашылық түріне қойылатын нормативті талаптарға сәкес құжаттарды дайындауға жауапты жеке немесе заңды тұлға

Жүзеге асыру Комитеті	Тараптардың Конвенцияға сәйкес өздерінің міндеттерін сақтауын қарау үшін олардың өздерінің міндеттерін орындауына жан-жақты көмек көрсету мақсатында Тараптар Кеңесімен тағайындалған орган
Құзыретті орган	Конвенциямен қамтитын міндеттерді орындау үшін жауапты ретінде Тараптардың бірімен тағайындалатын орган немесе органдар және/немесе жоспарланатын қызметке қатысты шешімдерді қабылдау үшін Тараптардың бірімен өкілеттілік жүктелетін орган немесе органдарды білдіреді.
Табиғи ортаның компоненттері	Экожүйенің құрамдас бөліктері: ауа, су үсті және жер асты сулары, жер қойнаулары (тау жыныстарымен жерді қоса алғанда), топырақ, өсімдіктер және жан-жануарлар әлемі.
Қоғамдастықпен кеңестер	ҚОӘБ шеңберінде қоғамды жоспарланып отырған қызмет туралы ақпараттандыруға бағытталған, өзгеше ілтипаттырды айқындау, барынша объективті ақпаратпен және әсер ету үрдісінде есепке алу мақсатында аталған қызметтің қоршаған ортаға мүмкін әсер етудің барлық аспектілерін анықтауға өткізілетін іс-шаралар жиынтығы.
Үйлестіруші орталық	Эспоо Конвенциясы бойынша әкімшілік аспектілер біліміне ие, бірақ байланыс Пункті болып табылмайтын субъектіні білдіреді.
Жанама әсер	Жобаны жүзеге асырудағы тура (тікелей) нәтижесі болып табылмайтын әлеуметтік-экономикалық ортаға әсер ету, олар жобаны іске асыру ауданынан қашық жерде байқалып, немесе жобаның тікелей әсер етуімен байланысты жағдайлардың себеп-салдарын анықтайтын нәтижесі болып табылады. Кейде, бұл түр екінші ретті әсер түрінде қарастырылуы мүмкін.
Қысқа мерзімдегі әсер	Шектелген мерзім уақытында бақыланатын (мысалы, құрылыс, бұрғылау барысында немесе эксплуатациядан шығару кезінде), бірақ әдеттегідей жұмыс қозғалысын аяқтағаннан кейін тоқталатын, ұзақтығы бір маусымнан аспайтын (3 айда жіберіледі)
Кумулятивтік әсер	Жобаны іске асыруға ілесе жасалатын, өткен, қазіргі немесе негізделіп алдын ала болжанатын іс-әрекеттерден туындайтын, үнемі ұлғаю үстіндегі өзгерістер салдарынан пайда болатын әсер
Жергілікті әсер	Табиғи орта компоненттеріне әсер ететін, фация немесе мекен деңгейінде құрлықтаың табиғи-аумақтық кешендеріне әсер ететін ауданы бойынша (1-ден 2км-ге дейін) біршама үлкенірек немесе нысанның аумақта таралуы шеңберінде шектелген әсерлер
ҚОӘБ бойынша материалдар	Жоспарланып отырған қызметке ҚОӘБ нәтижесінде дайындалған құжаттар жиынтығы
Жергілікті (аумақтық) әсер ету	Ландшафт деңгейінде құрлықтың табиғи-аумақтық кешендеріне әсер ететін және 100 км ² дейін аумақта (акватория) табиғи орта компоненттеріне ықпалын тигізетін әсер.
Көп жылдық әсер	3 жылдан 5 жылға дейінгі және одан да артық бақыланатын әсер (мысалы, эксплуатациядан гуіл), және негізінен периодты немесе қайталанушы болып келетін (мысалы, жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету жұмыстары нәтижесіндегі әсер). Негізінен жобалық қуатқа жеткен кездегі мерзімге жатады.
Қоршаған ортаның жай-күйін шолу	ҚОӘБ өткізудің бірінші кезеңі, онда жоспарланып отырған қызмет аймағында табиғи және әлеуметтік-экономикалық ортасының жалпылама сипаттамасы келтіріледі, аймақты шаруашылық пайдаланудың негізгі бағыттары (аймақтық өлшемдермен) қарастырылады және ҚОӘБ бойынша бір беткейлі ұстанымдары айқындалады
Қоғамдық қатысу	Бұл шешімді қабылдауға жауапты мекемемен (ұйыммен) және жоспарланып отырған шешім салдарынан тікелей немесе жанама мүдделері қозғауы мүмкін азаматтармен, сондай-ақ аталған қызмет түрін реттеуші әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік

	органдар арасындағы үздіксіз өзара әрекет.
Қоғам	Бір немесе бірнеше жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді
Қоғамдық экологиялық сараптама (КЭС)	Қоғамдық бірлестіктер бастамсымен ұйымдастырылады және мемлекеттік емес құрылымдармен өткізіледі. Оның нәтижелері ұсынымдық сипатта болады.
Шектелген әсер	Урочище, мекен деңгейінде құрлықтың табиғи-аумақтық кешендеріне әсер ететін және 100 км ² дейін аумақта (акватория) табиғи орта компоненттеріне ықпалын тигізетін әсер.
Қауіпті қызмет	Траншекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясының 1 қосымшасында аталып көрсетілген шамаға тең немесе шекті шамадан асатын мөлшерде бір немесе бірден аса қауіпті зат болуы мүмкін немесе бар, және трансшекаралық әсерге әкеліп соқтыруы мүмкін кез-келген қызметті білдіреді.
Оператор	Қандай болса да бір қызметтің өткізілуіне жауапты, мысалы қандай да бір қызмет сонын бақылауымен жүзеге асырылады, Мемлекеттік органды қоса алғанда, кез-келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді
Қалдық әсер	Жеңілдету бойынша шараны жүзеге асырғаннан кейінгі қалатын әсер
Кері әсер	Жобаның әсерінен болған кері өзгерістер
Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)	Жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал салдарлары бағаланатын ұлттық рәсімді білдіреді
Апат қауіптілігін бағалау	Адамның денсаулығы, мүлік немесе табиғи қоршаған орта үшін ықтимал апат салдарының ауырлық дәрежесін анықтау (немесе күтілетін жиілікті) анықтау процесі
Жоспарланып отырған қызмет	Кез-келген қызметті немесе құзыретті органның қолданылатын ұлттық рәсімге сәйкес шешімін есекере отырып кез-келген қандай да бір қызметтегі маңызды өзгерісті білдіреді
Оңды әсер	Жобаны жүзеге асыру кезіндегі жағдайларды оңды өзгерісі
Қызметті жүзеге асыру кезеңінде іске асырылатын жобалаудан кейінгі талдау	Қоршаған ортаға әсерді бағалауды орындау нәтижесінде жасалынған тұжырымдарды іс-жүзіндегі әсерлермен салыстырылуы, яғни қызметтің есептік нәтижелерін іс-жүзіндегі әсерлермен салыстырып қарау. Бұл-қоршаған ортаға әсерді бағалау шешімінің кері есебі.
Белгіленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау (Алдын ала ҚОӘБ)	ҚОӘБ жүргізудің екінші кезеңі, онда қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаның құрамындағы өзгерістердің және қоғам өмірінде және қоршаған ортадағы келтіретін зардаптарының ықтимал әлеуетті бағыттары айқындалады
Мүмкін апат қауіпі	Деңгейі әлеуметтік-экономикалық түсініктерге байланысты болатын қауіп. Нысанды пайдалану қауіпі қоғам өзінің пайдасы үшін осы қауіпке тәуекел етсе, орын алады.
Ұзақ әсер	Ұзақ уақыт мерзімінде бақыланатын (1 жылдан аса, бірақ 3 жылдан кем) әсер және әдетте жоспарланып қойылған объекті құрылысының мерзімін қамтиды
Өндірістік апат	Кез-келген қызмет барысында басқарылмайтын өзгерістер нәтижесінде туындайтын қауіпті заттармен байланысты оқиғаны білдіреді
Тікелей әсер	Жобаны жүзеге асырудың оны іске асыру ауданымен тікелей байланысты операциялар әсері. Олар еңбекпен қамту, әл-ауқат деңгейі, халықтың денсаулығы секілді әлеуметтік көрсеткіштердегі өзгерістер жатады.

Байланыс пункті	Эспоо Конвенциясына сәйкес ескерту үшін ресми пунктті білдіреді
ҚОӘБ бойынша жұмыс тобы	Тараптар Кеңесімен трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясын жүзеге асыру ісіне және жұмыс жоспарын орындауды ұйымдастыруға жәрдем беру үшін құрылған қосалқы орган
Аймақтық әсер	Табиғи орта компоненттеріне аймақтық масштабта 100км ² артық аумақта (су айдынында) әсер ететін, табиғи-аймақтық комплекстерге құрғақшылықты ландшафты ауыл-аймақ немесе аудан деңгейіндегі әсер
Скопинг	Кейіннен құзыретті органның қарауы үшін ұсынылатын ҚОӘБ жобасының материалдары құрамына қосуға қажетті сұрақтардың мазмұнымен және көлемін анықтау процесі
Скринингтік әсер	Жоспарланып отырған қызметтің табиғи және әлеуметтік-экономикалық ортаға ықтимал әсер етулерінің түрлерін табу, анықтау, белгілеу, анықтау үрдісі
Әсер етуді Жеңілдету	Компаниялардың теріс әсерлерді қысқарту немесе жоюы үшін қолданылуы қажет іс-әрекеттер
Тарап Сторона	Егерда мәтінде өзге көрсетулер болмаса, трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенциясының Уағдаласушы Тарапты білдіреді
Шығу тарапы	Құқықтық өкілеттігі іс-әрекеті шегінде орын алған немесе болуы мүмкін өндірістік апаттың кез-келген Тарапты немесе Тараптарды білдіреді
Стратегиялық экологиялық баға (СЭБ)	Тұрғындардың денсаулығына байланысты ықтимал экологиялық әсерлерді, салдарын бағалау, экологиялық баяндаманың орны мен оны дайындау, қоғамның қатысуын қамту және пікірін білу, экологиялық баяндама жоспарын немесе бағдарламасын ескеру жатады.
Трансшекаралық әсер ету	Басқа елдің заңды әрекеттері шегінде орын алған өнеркәсіптік апат салдары нәтижесінде осы не өзге Тараптың шегіндегі үлкен әсерді білдіреді.
Ескерту хаты	Ескерту хат ҚОӘБ трансшекаралық рәсімін бастау үшін ресми және міндетті іс-шара. Ескерту хаты жоба туралы қысқаша ақпарат тіркелетін техникалық сипаттағы емес қысқа хат болып есептелінеді
Әсер етуді күшейту	Компаниямен оңды әлеуметтік-экономикалық салдарды барынша күшейтуге қолданылатын іс-әрекет
Экологиялық мониторинг	Қоршаған ортаның жай-күйін болжамдау және бағалауды, антропогендік әсер ету көздерін және қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында шешімдерді қабылдауға қамтамасыз ету үшін экожүйенің өзгеру үрдісін анықтаудың бақылау жүйесі
Экологиялық қауіпсіздік	Табиғатта экологиялық теңдікті қамтамасыз ететін және қоршаған ортамен және адамды табиғи процестермен және ауылшаруашылық, антропогендік әсер ету (өнеркәсіп, құрылыс) техногендік қоса алғанда шақырылған жағымсыз факторлардың зиянды әсер етуінен қорғайтын табиғи ортаның жай-күйі
Экологиялықтәуекел	Белгілі бір факторлардың әсер етуі салдарынан қоршаған орта жай-күйінің және (немесе) табиғи объектілердің жағымсыз

	ерулерінің ықтималдығы
Экологиялық сүйемелдеу	Көзделіп отырған қызметті жүзеге асырудың барлық сатыларында оған экологиялық негіздеме беру бойынша ұйымдық-техникалық және қисынды түрдегі өзара байланысқан әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз ететін рәсім
Экологиялық қауіп	Антропогендік және табиғи әсер етудің әсерінен қоршаған ортаның жай-күйінің өзгеруі, ықтимал бұзушылықпен, апаттармен, қатерлермен және де қоғам мен тұлғалардың мүддесіне өмірлік қауіп тудыратын әсерлер
Экологиялық қауіпті қызмет	Адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін басқарушылық және инвестициялық қызметті қоса алғандағы тікелей және жанама қызмет
Экологиялық сараптама	Жоспарланып отырған және өзге де қызметтің экологиялық талаптарға сәйкестігін және осы қызметтің қоршаған табиғи ортаға және соларға байланысты әлеуметтік, экономикалық және өзге де зардаптардың алдын алу мақсатында сараптама объектісін іске асыруға қол жеткізілетіндігінің анықтау
Экологиялық қауіпті объект	Құрылысы және қызметі адамдардың және қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін шаруашылық және өзге нысан.

**Қазақстан Республикасының Шекарааралық тұрғыдан қоршаған ортаға
жасалатын әсерді бағалау туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан
Республикасының Заңы 2000 жылғы 21 қазан N 86-II**

Қазақстан Республикасы Эспода (Финляндия) 1991 жылғы 25 ақпанда жасалған Шекарааралық тұрғыдан қоршаған ортаға жасалатын әсерді бағалау туралы **Конвенцияға** қосылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

**Шекаралық мәтінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы
Конвенция**

(Эспо (Финляндия), 1991 жылғы 25 ақпан)

Осы Конвенцияның тараптары:

- экологиялық қызметтің әр алуан түрлері және олардың экологиялық зардаптары арасындағы өзара байланысты ескере отырып,
- экологиялық жағынан негізделген және тұрақты дамуды қамтамасыз ету қажеттігін растай отырып,
- қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау саласындағы, оның ішінде шекаралық мәтіндегі халықаралық ынтымақтастықты дамытуға күшті ниет білдіре отырып,
- тұтастай алғанда қоршаған ортаға жасалатын ықпалдардағы, оның ішінде, шекаралық мәтіндегі озық саясатты және едәуір зиянды түрлерді болдырмау, азайту және мониторингін әзірлеудің қажеттігін және маңызды мәнін назарға ала отырып,
- Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Адамды қоршаған ортаның проблемалары бойынша Стокгольм конференциясы декларациясының, Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңес (ЕҚЫК) Қорытынды актісінің және ЕҚЫК қатысушы-мемлекеттер өкілдерінің Мадрид және Вена кездесулері Қорытынды құжаттарының тиісті ережелеріне сүйене отырып,
- мемлекеттердің өздерінің ұлттық құқықтық және әкімшілік ережелері және өздерінің ұлттық саясаты негізінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауды

жүргізуді қамтамасыз ету мақсатымен жүзеге асыратын іс-шараларын жоғары бағалай отырып,

- шешімдер қабылдау процесінің ерте кезеңінде жіті назар аудару қажеттігіне өзіне есеп бере отырып, барлық тиісті әкімшілік деңгейлерде жарлықшы органдарға берілетін ақпарат сапасын арттырудың қажетті құралы ретінде, едәуір зиянды, оның ішінде шекарааралық мәтіндегі ықпалды ең аз дәрежеге апару қажеттігін ерекше ескеретін экологиялық негізделген шешімді өздерінің қабылдай алатындай болуы үшін,

- қоршаған ортаға ұлттық деңгейлерде де және халықаралық деңгейлерде де жасалатын ықпалды бағалауды пайдалануды көтермелеуге бағытталған халықаралық ұйымдардың күш-жігерін назарға алып және БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы эгидасымен жүргізілетін негізінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау саласындағы жұмысты, оның ішінде негізінде

Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау жөніндегі семинар жұмысының нәтижелерін ескеріп, сондай-ақ БҚҚ Басқарушылар кеңесі қабылдаған Бағдарламалардың және Тұрақты даму жөніндегі министрлік декларацияның қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау Мақсаттары мен принциптерін атап көрсете отырып, мыналар туралы уағдаласты:

1-бап

Анықтама

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

I. "Тараптар", егер мәтінде басқа аталу болмаса, осы Конвенцияның уағдаласушы тараптарын білдіреді;

II. "Шығу тарабы", оның (олардың) юрисдикциясымен жоспарланатын қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген осы Конвенцияның Уағдаласушы Тарабын (Тараптарын) білдіреді;

III. "Қозғаушы Тарап", ол (олар) жоспарланатын қызметке трансшекаралық жасалатын ықпалды қозғауға мүмкін болатын (мүмкіндік алатын) Уағдаласушы Тарапты (Тараптарды) білдіреді;

IV. "Мүдделі Тараптар", шығу Тарабы және осы Конвенцияға сәйкес жасайтын қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау әдістерін қолдануға қатысатын қозғаушы тарап ретінде түсініледі;

V. "Жоспарланатын қызмет", қолданылатын ұлттық рәсімге сәйкес құзыретті органның шешім қабылдауы қажет болатын сол немесе өзге қызметтегі кез келген қызмет немесе кез келген өзгеріс ретінде түсініледі;

VI. "Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау", ортаға жасалатын мүмкін болатын ықпалды бағалаудың ұлттық рәсімін білдіреді;

VII. "Ықпал" - адамдар денсаулығының, флораның, фаунаның, топырақтың, ауаның, судың, климаттың, ландшафттың, тарихи ескерткіштер мен басқа да материалдық объектілердің қауіпсіздігін қоса алғанда, орта үшін жоспарланатын қызметтің кез келген салдарлары; ол сондай-ақ осы факторлардың өзгеру нәтижесі болып табылатын мәдени мұра немесе әлеуметтік-экономикалық шарттар үшін салдарларды да қамтиды;

VIII. "Шекаралық ықпал", ғаламдық сипаттағы ғана емес, физикалық көзі басқа Тараптың юрисдикциясына тап болатын аудан шектерінде орналасқан жоспарланатын қызметті туғызатын сол немесе өзге тараптың юрисдикциясында болатын ауданда болатын ықпалды білдіреді;

IX. "Құзыретті орган", ұлттық органды немесе Конвенция қамтитын міндеттерді орындау үшін жауапты ретінде сол немесе өзге тарап тағайындайтын және (немесе) сол немесе өзге Тарап жоспарланатын қызметке қатысты шешімдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді жүктейтін органды (органдарды) білдіреді;

X. "Жұртшылық", бір немесе бірнеше жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді.

2-бап

Жалпы ережелер

1. Тараптар жоспарланатын қызмет нәтижесінде зиянды шекарааралық ықпалды болдырмау жөніндегі, сондай-ақ оны азайту және бақылау жасау жөніндегі барлық тиісті және тиімді шараларды қабылдайды.

2. Әрбір Тарап едәуір зиянды шекарааралық ықпал көрсетуі, II Қосымшада сипатталған қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттамаға жұртшылықтың қатысуы және әзірлеуі үшін мүмкіндік туғызатын қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсімін белгілеуі мүмкін I Қосымшада аталған қызметтің жоспарланатын түрлеріне қатысты қоса алғанда, Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру үшін қажетті заңдарды, әкімшілік немесе басқа шараларды қабылдайды.

3. Шығу Тарабы қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау Конвенция ережелеріне сәйкес жүргізілуін, зиянды трансшекаралық ықпал көрсетуі мүмкін I Қосымшаға енгізілген қызметтің жоспарланатын түрін санкциялау немесе жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға дейін жүргізілуін қамтамасыз етеді.

4. Шығу Тарабы Конвенцияның ережелеріне сәйкес едәуір зиянды шекаралық ықпал көрсетуі мүмкін I Қосымшаға аталған қызметтік жоспарланатын түрі туралы Қозғаушы Тараптардың хабардар болуын қамтамасыз етеді.

5. Мүдделі тараптар едәуір зиянды шекарааралық ықпал көрсететін I Қосымшада аталмаған жоспарланатын қызметтің қандай бір түрінің немесе түрлерінің мүмкіндігіне қатысты және оған немесе оларға сондықтан, егер олар I Қосымшада аталған болса, оларға қандай қатысты болады дегенге осындай Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша консультациялар өткізеді: Егер бұл Тараптар оңды уағдаластыққа келсе, онда қызметтің осы түріне немесе түрлеріне аталған режим қолданылады. Едәуір зиянды ықпалды белгілеуге мүмкіндік беретін критерийлерді анықтау үшін жалпы принциптер III Қосымшада жазылады.

6. Шығу Тарабы осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес барынша ықтималдығы жағынан қоршаған ортаға жоспарланатын қызметке ықпалды бағалаудың тиісті рәсімдеріне қатысу мүмкіндігі қозғалатын аудандардағы жұртшылықтың атынан өкілдік етеді және қозғаушы тараптың жұртшылығы атынан берілетін бұл мүмкіндіктің шығу Тарабы жұртшылығы атынан берілетін мүмкіндікке тепе-тең болуын қамтамасыз етеді.

7. Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға жасалатын ықпалды ең төменгі талап ретінде бағалау жоспарланатын қызмет деңгейінде жүргізіледі. Мүмкіндігіне қарай, Тараптар, сондай-ақ қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауды негізінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды саясатқа, жоспарлар мен бағдарламаларға қатысты бағалау принциптерін қолдануға ұмтылатын болады.

8. Осы Конвенцияның ережелері Тараптардың Ұлттық заңдарды, нұсқамаларды, әкімшілік ережелерді немесе оны беру өндірістік немесе коммерциялық құпияға немесе ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпараттан қорғайтын қабылданған құқықтық практиканы қолдану құқығын қозғамайды.

9. Осы Конвенцияның ережелері нақты Тараптардың қажетіне кезінде екі тарапты немесе көп тарапты келісім бойынша осы Конвенцияда болатынға қарағанда барынша қатаң шаралар қолдану құқығын қозғамайды.

10. Осы Конвенцияның ережелері шекарааралық ықпал көрсететін немесе көрсетуі мүмкін қызметке қатысты халықаралық шарттарға сәйкес тараптардың кез келген міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

3-бап

Хабарлама

1. Шығу Тарабы едәуір зиянды шекаралық ықпал көрсетуі мүмкін I Қосымшада аталған қызметтің жоспарланған түріне қатысты 5-бапқа сәйкес тиісті және тиімді консультациялар өткізу мақсатында, оның пікірінше, қорғаушы Тарап болуы мүмкін, барынша жылдам және ол жоспарланатын қызмет туралы өз елінің жұртшылығын хабардар етуге қарағаннан кешіктірмейтіндей кез келген Тарапты хабардар етеді.

2. Бұл хабарламада, соның ішінде мыналар болады:

а) мүмкін болатын шекаралық ықпал туралы кез келген ақпаратты қоса алғанда, жоспарланатын қызмет туралы ақпарат;

б) мүмкін болатын шешімнің сипаты туралы ақпарат; және

с) осы Баптың 3-тармағына сәйкес оның барасында жоспарланатын қызмет сипатын ескере отырып жауап беру қажет болатын; және осы баптың 5-тармағында аталған ақпаратты енгізуі мүмкін ақылға қонымды мерзімді көрсету.

3. Қозғаушы Тарап хабарламаны алғанын растай отырып, хабарламада аталған мерзім ішінде шығу Тарабына жауап береді, және өзінің қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсіміне қатысатыны туралы ниетін көрсетеді.

4. Егер қозғаушы Тарап өзінің қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсіміне қатыспайтын ниетін көрсетсе немесе егер ол хабарламада аталған мерзім ішінде жауап бермесе, онда осы Баптың 5, 6, 7 және 8-тармақтарының ережелері мен 4-7-баптардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдаяттар кезінде Шығу тарабының өзінің ұлттық заңдары мен практикасы негізінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау жүргізу қажеттігін анықтау құқығына нұқсан келтірілмейді.

5. Қозғаушы Тараптан қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсіміне оның қатысу ниетін көрсеткен жауабын алғаннан кейін шығу Тарабы қозғаушы Тарапқа мыналарды береді:

а) ескертпелерді беру мерзімін көрсетуді қоса алғанда, қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсіміне қатысты тиісті ақпарат; және

б) жоспарланатын қызмет және оның мүмкін болатын едәуір зиянды трансшекаралық салдарлары туралы ақпарат.

6. Шығу Тарабының өтініш бойынша қозғаушы Тарап, қозғаушы Тараптың юрисдикциясында болатын әлеуетті қозғалатын қоршаған орта туралы бірінші ақылға қонымды ақпаратты, егер ондай ақпарат қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттаманы әзірлеу үшін қажет болса, береді. Бұл ақпарат шұғыл түрде және, қажет жағдайда, егер ондай бар болса, бірлескен орган арқылы беріледі.

7. Егер қандай бір Тарап I Қосымшада аталған жоспарланатын қызметтің едәуір зиянды ықпалы нәтижесінде ол қозғалды деп есептесе, және егер осы баптың I-тармағына сәйкес ешқандай хабарлама түспесе, онда қозғаушы Тараптың өтініші бойынша мүдделі Тараптар едәуір зиянды трансшекаралық ықпалдың пайда болу ықтималдығы туралы мәселені талқылау мақсатымен ақпараттар алмасуды жүргізеді. Егер бұл Тараптар шекаралық ықпал орын алып отыр деп келіссе, онда тиісінше осы Конвенцияның ережелері қолданылады. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, онда IV қосымшаның ережелеріне сәйкес сұрау салу комиссиясының қарауына, егер Тараптар мәселені реттеудің өзге жолы туралы

келісімге келе алмаса, ықпалдың ықтималдығы туралы оның пікірін білу мақсатымен бұл мәселені енгізуге болады.

8. Мүдделі Тараптар жұртшылықта ақпарат және ескертпелерді беру мүмкіндігі болуын қамтамасыз етеді.

4-бап

Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттаманы әзірлеу

1. Ықпалды бағалау туралы құжаттамада II Қосымшада сипатталған ақпарат болады.

2. Шығу тарапы қозғаушы тарапқа қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттаманы береді. Мүдделі Тараптар бұл құжаттаманың ықпалға ұшыраған аудандардағы органдар мен жұртшылық арасында қолданылуын, сондай-ақ жоспарланатын қызметке қатысты түбегейлі шешім қабылдағанға дейін ақылға қонымды мерзімдерде шығу Тарапының құзыретті органына ескертпелерді беруді қамтамасыз етеді.

5-бап

Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттама негізінде өткізілетін консультациялар

Шығу Тарабы ықпалды бағалау туралы құжаттама әзірлеуді аяқтағаннан кейін тиісті Тараппен мыналар тұрғысында консультациялар өткізеді:

а) жоспарланатын қызметтің мүмкін болатын баламалары, трансшекаралық ықпалдарды азайту және мұндай шараларды шығу тарапының қаражаты есебінен жүзеге асыру салдарларының мониторингі жөніндегі мүмкін болатын шаралар;

в) жоспарланатын қызметке кез келген шекаралық ықпалды азайтуға өзара көмек берудің басқа да нысандары;

с) жоспарланатын қызметке қатысы бар кез келген басқа да мәселелер. Тараптар консультациялардың бастапқы кезеңінде ыңғайлы уақытша шеңбер шегіндегі олардың ұзақтығы туралы мәселені келіседі. Консультациялар, ондай бар болатын болса, тиісті бірлескен орган арқылы өткізіледі.

6-бап

Түбегейлі шешім

1. Тараптар қызмет жөніндегі шешімде, ықпалды бағалау туралы құжаттаманы және осы құжаттама бойынша 3-баптың 8-тармағына және 4-баптың 2-тармағына сәйкес

алынған ескертпелерді және 5-бапта аталған консультацияларды қоса алғанда, ортаға жасалатын ықпалды бағалау нәтижелерінің ескерілуін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар түбегейлі шешімді ол негізделген себептермен және пайымдаулармен бірге береді.

3. Егер жоспарланатын қызметке шекаралық ықпал туралы қосымша ақпараттың шешім қабылдау кезінде болмағаны осы қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін мүдделі Тарапқа мәлім болса, бұл Тарап басқасын хабардар етеді. Егер Тараптардың бірі бұл туралы өтініш жасаса, онда бұл шешімді қараудың қажеттігі туралы мәселе бойынша консультациялар өткізіледі.

7-бап

Жобадан кейінгі талдау

1. Ортаға жасалатын ықпалды бағалауды жүзеге асыруға қатысты қызметке ықтимал шекаралық ықпалды ескере отырып, Тараптар жобадан кейінгі талдау өткізіледі ме және қандай дәрежеде өткізіледі дегенді анықтайды. Кез келген талдауға осы қызметті байқау және кез келген зиянды трансшекаралық ықпалды анықтау енеді.

2. Егер талдау жүргізу нәтижесінде шығу Тарабының немесе қозғаушы Тараптың, трансшекаралық ықпал орын алды және осындай ықпалға соқтыруы мүмкін факторлар байқалды деп есептеуге жеткілікті негізі болса, ол бұл туралы басқа мүдделі Тараптарды хабарландырады. Мүдделі Тараптар ықпалды азайтатын немесе жоятын шаралар бойынша консультациялар өткізеді.

8-бап

Екі тарапты және көп тарапты ынтымақтастық

Тараптар қолданылып жүрген келісімдерді жалғастырады немесе осы Конвенцияға сәйкес өз міндеттемелерін сақтау мақсатымен жаңа екі тарапты немесе көп тарапты келісімдерге немесе басқа да уағдаластықтарға кіре алады. Мұндай келісімдер немесе басқа да уағдаластықтар VI Қосымшада аталған элементтерге негізделуі мүмкін.

9-бап

Зерттеулердің бағдарламалары

Тараптар мыналарға мақсатталған нақты зерттеу бағдарламаларын әзірлеуге және белсенді орындауға көңіл бөледі:

а) қызметтің жоспарланған түрлерінің салдарларын сапалық және сандық бағалау әдістерінің қолданылып жүрген әдістерін жетілдіру;

б) себеп-салдар байланыстарын барынша терең ұсыну және кешенді ұтымды табиғат пайдаланудағы олардың ролі;

с) ықпалды ең төмен мөлшерге дейін апару немесе болдырмау мақсатында қызметтің жоспарланатын түрлеріне қатысты шешімдердің орындалуына талдау және тиімділігінің мониторингін өткізу;

д) қызметтің жоспарланған түрлеріне, өндіріс және тұтыну құрылымдарына экологиялық жағынан негізделген баламаларды іздестіруге жаңашыл көзқарастарды ынталандыру әдістерін әзірлеу;

е) макроэкономикалық деңгейде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау принциптерін қолдану әдіснамасын әзірлеу.

Тараптар жоғарыда аталған бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелерін алмасады.

10-бап

Қосымшалар мәртебесі

Осы Конвенцияға қосымшалар Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылады.

11-бап

Тараптар кеңесі

1. Тараптар қоршаған орта және су ресурстары проблемалары бойынша ЕЭК елдері үкіметтері аға кеңесшілерінің жыл сайынғы сессияларына мүмкіндігі болғанша бейімделген кеңестер өткізеді. Алғашқы кеңес осы Конвенция күшіне енген күнінен бастап, бір жылдан кешіктірілмей өткізіледі. Кейіннен кеңестерді өткізудің қажеттілігі мен олардың мерзімдері Тараптар кеңесінде немесе Тараптар хатшылығы бұл өтініш туралы хабардар еткен күннен бастап алты ай ішінде оны тараптардың кемінде үштен бірі қолдаған жағдайда Тараптардың кез келгенінің жазбаша түрдегі берілген өтінішімен анықталады.

2. Тараптар осы Конвенцияның орындалу барысына бақылау жасайды және осы мақсатпен:

а) Тараптар шекаралық мәтінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсімдерін одан әрі жетілдіру мақсатымен қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау саясатына және әдіснамалық көзқарастарға шолу жасауды жүзеге асырады;

б) екі тарапты және көп тарапты келісімдерді немесе олардың тараптары бір немесе одан да көп Тараптар болып табылатын трансшекаралық мәтінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауды пайдалануға қатысты басқа да уағдаластықтарды жасасу және орындау саласындағы жинақталған тәжірибеге қатысты ақпарат алмасады;

с) қажет жағдайда осы конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу жолында пайда болған әдіснамалық немесе техникалық мәселелерді шешу үшін құзыретті халықаралық органдар мен ғылыми комитеттердің қызметтеріне жүгінеді;

d) өзінің бірінші кеңесінде өз кеңестерінің рәсімдері ережелерін қарайды және консенсус қабылдайды;

e) қажет болған жағдайда осы Конвенцияға түзетулерді де қарайды;

f) осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін қажет болуы мүмкін кез келген қосымша шараларды қарайды және қабылдайды.

12-бап

Дауыс беру құқығы

1. Осы Конвенцияға қатысушы әрбір Тарап бір дауыс алады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген жалпы ережеде болмаса, экономикалық интеграция жөніндегі аймақтық ұйымдар өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырып, осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын өздерінің қатысушы-мемлекеттерінің санына тең дауыстардың санына ие болады. Мұндай ұйымдар, егер өздерінің қатысушы-мемлекеттері өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырса, немесе керісінше болса, дауыс беру құқығын ескеріп отырады.

13-бап

Хатшылық

Еуропалық экономикалық комиссияның атқарушы хатшысы мынадай хатшылық міндеттерді орындайды:

a) Тараптардың кеңесін шақырады және әзірлейді;

b) Тараптарға Конвенцияның ережелеріне сәйкес алынған баяндамалар мен басқа да ақпаратты береді; және

c) Конвенцияда көзделуі мүмкін немесе осы Конвенцияда көзделуі мүмкін немесе оларды Тараптар белгілеуі мүмкін өзге де міндеттерді жізеге асырады.

14-бап

Конвенцияға түзетулер

1. Тараптардың кез келгені Конвенцияға түзетулер ұсына алады.

2. Ұсынылатын түзетулер хатшылыққа жазбаша түрде беріліп, ол оларды барлық Тараптарға жібереді. Ұсынылатын түзетулер Тараптардың кезекті кеңесінде ең аз дегенде ол

басталғанға дейін 90 күн бұрын Тараптар хатшылығына бұл түзетулер жіберілген жағдайда талқыланады.

3. Тараптар Конвенцияға ұсынылған кез келген түзетулерді қабылдауға қатысты келісімге консенсус арқылы қол жеткізуге бүкіл күш-жігерлерін жұмсайды. Егер консенсусқа қол жеткізу үшін барлық амалдар таусылып, келісімге қол жеткізілмесе, онда соңғы шара ретіндегі түзету кеңеске келген және дауыс беруге қатысушы Тараптардың төрттен үш көпшілік даусымен қабылданады.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес бекіту, мақұлдау немесе қабылдау үшін қабылданған осы Конвенцияға түзетулердің депозитарийі барлық Тараптардың назарына жеткізіледі. Олар бекіткен, мақұлдаған немесе қабылдаған Тараптар үшін аз дегенде Тараптардың төрттен үші оларды бекіту, мақұлдау немесе бекіту туралы хабарламаны Депозитариймен алғаннан кейін 90-күні күшіне енеді. Одан әрі кез келген Тарап үшін түзетулер Тарап бекіту, мақұлдау немесе осы түзетулерді қабылдау туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін 90-күні күшіне енеді.

5. Осы Баптың мақсаттары үшін "дауыс беруге келген және қатысқан Тараптар" деп "жақтап" немесе "қарсы" дауыс берген Тараптар түсініледі.

6. Осы баптың 3-тармағында жазылған дауыс беру рәсімі ЕЭК шеңберлерінде жасасылуы мүмкін болашақ келісімдер үшін заңды шешім туғызбайды.

15-бап

Дауларды реттеу

1. Екі немесе көп Тараптар арасында дау туындаған жағдайда Конвенцияны түсіндіруге немесе сақтауға қатысты олар өз қалауы бойынша келіссөздер немесе кез келген өзге де әдіс арқылы дауды реттеуге ұмтылады.

2. Конвенцияға қол қойған, бекіткен, қабылдаған, мақұлдасан немесе оған қосылған жағдайда кез келген сәтте Тараптар бұдан кейін Депозитарийге осы Баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес шешілмеген дауға қатысты алғанда жазбаша мәлімдеме жасай алады, ол кез келген Тарапқа қатысты өзіне осындай міндеттеме алған міндетті түрдегі дауды реттеудің мынадай құралдарын біреуі немесе екеуі де:

- a) дауды халықаралық сотқа беруді;
- b) VII қосымшада белгіленген рәсімге сәйкес дауды төрелікке беруді таниды.

3. Егер дау Тараптары осы Баптың 2-тармағында аталған дауды реттеудің екі рәсімін қабылдаса, онда дау, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Халықаралық Сотқа ғана берілуі мүмкін.

16-бап

Қол қою

Осы Конвенция 1991 жылғы 25 ақпан - 1 наурыз аралығында Эспода, содан соң 1991 жылғы 2 қыркүйекке дейін Нью-Йоркте ЕЭК-ға мүше-мемлекеттердің БҰҰ-дағы орталық мекемелері, сондай-ақ 1947 жылғы 28 наурыздағы Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 36 (IV) қарарының 8-тармағына сәйкес ЕЭК жанында консультациялық мәртебесі бар мемлекеттердің және ЕЭК-ке мүше егеменді мемлекеттер құрған, оған мүше-мемлекеттер Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өкілеттіктер берген, осы мәселелерге қатысты шарттар жасасуға өкілеттіктер берген экономикалық интеграция жөніндегі аймақтық ұйымдар үшін қол қоюға ашық болады.

17-бап

Бекіту, қабылдау, мақұлдау және қосылу

1. Конвенция оған қол қойған мемлекеттер мен экономикалық интеграция жөніндегі аймақтық ұйымдардың бекітуіне, қабылдауына немесе мақұлдауына жатады.

2. 16-бапта аталған мемлекеттер мен ұйымдардың 1991 жылғы 3 қыркүйектен бастап қосылуы үшін ашық болады.

3. Бекіту, қабылдау, мақұлдау және қосылу туралы құжаттар Депозитарий міндетін орындайтын БҰҰ Бас хатшысының сақтауына тапсырылады.

4. Осы Конвенцияның Тарабы болатын, 16-бапта аталған кез келген ұйым осы ұйымға мүше-мемлекеттердің бірде-біреуі Конвенцияның Тараптардың мүше-мемлекеттері болмаған жағдайда Конвенциядан туындайтын бүкіл міндеттелермен байланысты болады. Осындай ұйымның бір немесе бірнеше мүше-мемлекеті осы Конвенцияның Тараптары болған жағдайда осы ұйым мен оның мүше-мемлекеттері Конвенция бойынша өз міндеттемелерін орындау жөніндегі сәйкес келетін міндеттерге қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда осы ұйым да және оның мүше-мемлекеттері де Конвенциядан туындайтын құқықтарды бір мезгілде пайдалана алмайды.

5. 16-бапта аталған экономикалық интеграция жөніндегі аймақтық ұйымдар бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өз құжаттарында Конвенция реттейтін мәселелер шегіндегі өз құзыреті туралы мәлімдейді. Сондай-ақ бұл ұйымдар өз құзыреттерінің шегінде сәйкес келетін кез келген өзгерістер туралы Депозитарийге хабарлама жасайды.

18-бап

Күшіне ену

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы он алты құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін 90-күні күшіне енеді.

2. Осы Баптың 1-тармағының мақсаты үшін экономикалық интеграция жөніндегі қандай бір ұйым сақтауға тапсырған кез келген құжат осындай ұйымның мүше-мемлекеттері сақтауға тапсырған құжаттарға қосымша ретінде көзделмейді.

3. Осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын немесе мақұлдайтын немесе оған бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы он алты құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін әрбір мемлекет немесе ұйым үшін осы Конвенция осындай мемлекет немесе ұйым бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжатты тапсырғаннан кейін 90-күні күшіне енеді.

19-бап

Конвенциядан шығу

Осы Тарап үшін осы Конвенция күшіне енген күнінен бастап төрт жыл өткеннен кейін кез келген уақытта осы Тарап Депозитарийді жазбаша хабарлау арқылы Конвенциядан шыға алады. Кез келген осындай шығу ол туралы Депозитариймен хабарландыру алған күнінен бастап күшінде болады. Осы Конвенциядан кез келген осындай шығу 3-баптың 1-тармағына сәйкес келу тұрғысында хабарлама жасалған жоспарланған қызметке Конвенцияның 3-баптарын қолдануды немесе осындай шығу күшіне енгенге дейін 3-баптың 7-тармағына сәйкес сұрау салуды көздемейді.

20-бап

Түпнұсқалық мәтіндер

Осы Конвенцияның түпнұсқаға тең болып табылатын ағылшын, орыс және француз тіліндегі мәтіндері БҰҰ-ның Бас хатшысына сақталуға тапсырылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА тиісті түрде бұған өкілеттілер осы Конвенцияға қолқойды. 1991 жылдың жиырма бесінші ақпанында ЭСПОДА (Финляндияда) ЖАСАСЫЛДЫ.

I-Қосымша

Қызмет түрлерінің тізбесі

1. Мұнай тазартатын зауыттар (шикі мұнайдан майлайтын материалдарды ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және газдандыру және өнімділігі күніне 500 т немесе одан да асатын көмір мен битумды шымтезектерді азайту үшін қондырғылар.

2. Жылу электр орталығы және 300 мегаватт немесе одан да астам жылу қуатын жағу үшін қондырғылар, сондай-ақ АЭС және басқа ядролық реакторы бар құрылыстар (ең үлкен қуаты тұрақты жылу жүктемесінің 1 киловатынан аспайтын бөлшектейтін және өндіретін материалдарды өндіру және конверсиялау үшін зерттеу қондырғыларын қоспағанда).

3. Ядролық отынды өндіру немесе байыту, пайдаланылған ядролық отынды регенерациялау немесе жинау, радиоактивті қалдықтарды жою және өңдеу үшін ғана арналған қондырғылар.

4. Домналық және мартендік өндіру және түсті металлургия кәсіпорны ірі қондырғылар.

5. Асбесті және асбесті өңдеу мен қайта құрау және асбесті бар өнімдерді шығару үшін: жылдық өндіру 20 000 т дайын өнімнен асатын - асбестцементті өнімдерге қатысты; жылдық өндіру 50 т дайын өнімнен асатын - фрикциялық материалдарға қатысты; жылына 200 т пайдаланатын - асбесті қолданудың басқа да түрлеріне қатысты қондырғылар.

6. Химиялық комбинаттар.

7. Автомагистралдарды, жылдам жүретін жолдарды, алысқа қатынайтын темір жолдарды және негізгі ұшу-қондыру алаңының ұзындығы 2100 метр және одан да асатын әуежайларды салу.

8. Диаметрі үлкен мұнай және газ құбырлары.

9. Сауда порттары, сондай-ақ ішкі су жолдары мен су сыйымдылығы 1350 тоннадан астам кемелердің өтуіне мүмкіндік беретін кеме жүретін ішкі жолдарға арналған порттар.

10. Өртеу үшін қалдықтарды жою, улы және қауіпті қалдықтарды химиялық жолмен өңдеу немесе көму үшін қондырғылар.

11. Ірі плотиналар мен су қоймалары.

12. Егер алынатын судың жылдық көлемі 10 млн. текше метрге жеткен немесе одан да асқан жағдайда жер асты суларын жинау жөніндегі қызмет.

13. Целлюлоза және ауада кептірілген күніне 200 немесе одан астам метрлік тоннадағы қағазды алуды өндіру.

14. Металл рудалары мен көмір өндірілетін жерлердегі кендерді ірі ауқымда өндіру, шығару және байыту.

15. Континентальдық шельфте көмірсутектерін өндіру.

16. Мұнай, мұнай-химиялық және химиялық өнімдерді сақтау үшін ірі қоймалар.

17. Ағаштарды үлкен аумақтарда кесу.

- осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

- "автомагистраль" термині жол төңірегіндегі иеліктерге қызмет көрсетпейтін автокөлік құралдарына арнайы салынған және олардың жүруіне арналған жолды білдіреді:

а) уақытша негіздегі жекелеген учаскелерді қоспағанда, жүруге арналған немесе ерекше жағдайларда басқа құралдармен жүруге арналған бір-бірінен бөліп тұрған алаппен бөлінген екі бағытқа жүруге арналған жекелеген жүретін бөліктері болады;

б) жолдармен, темір жолдармен немесе трамвай жолдарымен және жаяу жүретін жолдармен бір деңгейде кесіп өтетін жерлері болмайды; және

с) автомагистральдар ретінде арнайы белгіленеді:

- "жылдам жүретін жол" термині оған кіру шытырман жолдар немесе реттеп отыратын түйісу жолдары арқылы ғана мүмкін болатын және онда, соның ішінде, тоқтауға және жүретін бөлігінде (жүретін бөліктерінде) аялдауға тыйым салынған, көлік құралдарының жүруіне арналған жолды білдіреді.

II қосымша

Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттың мазмұны

Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттамаға енгізілуге тиісті ақпаратқа 4-бапқа сәйкес, ең кемі мыналар болады:

а) жоспарланатын қызметті сипаттау және оның мақсаттары;

б) қажет болған жағдайда жоспарланатын қызметтің ақылға қонымды баламаларын (мысалы, географиялық немесе технологиялық сипаттағы), соның ішінде қызметтен бас тарту туралы нұсқаны сипаттау;

с) қоршаған ортаның осы элементтерін сипаттау, жоспарланатын қызметке немесе оның баламалы нұсқаларына елеулі түрде қозғау салуы ықтимал;

д) жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға жасалатын ықпалының мүмкін болатын түрлері мен оның баламалы нұсқаларын сипаттау және олардың ауқымдарын бағалау;

е) қоршаған ортаға жасалатын зиянды ықпалды барынша азайтуға бағытталған қорғанышты шараларды сипаттау;

f) болжамдау әдістеріне және олардың негізіне алынатын бастапқы жағдайларға нақты нұсқаулар, сондай-ақ қоршаған орта туралы тиісті пайдаланатын деректер;

q) қажет етілетін ақпаратты әзірлеу кезінде байқалған білімдер мен белгісіз жәйіттердегі ақауларды айқындау;

h) қажет жағдайда мониторинг пен басқару бағдарламаларының және жобадан кейінгі талдаудың бүкіл жоспарларының қысқаша мазмұны; және

i) қажет жағдайда материалды берудің көзбен көретін құралдарын (карталар, графикалар және т.б.) пайдалана отырып, техникалық сипаттағы емес түйін жасау.

III қосымша

I қосымшаға енгізілмеген қызмет түрлерінің экологиялық маңызын анықтауға көмектесетін жалпы критерийлер

1. Оларға қатысты алғанда 2-баптың 5-тармағының ережелері қолданылатын қызметтің жоспарланатын түрлерін қарастыру кезінде мүдделі Тараптар қызметтің осы түрі, оның ішінде, төменде аталған бір немесе бірнеше критерийлер негізінде едәуір зиянды шекаралық ықпал жасай ма деген мәселені зерделейтін болады:

a) Ауқымдары: Қызметтің жоспарланатын түрлері, олардың ауқымдары қызметтің осы типі үшін үлкен болып табылады;

b) Ауданы: Қызметтің жоспарланатын түрлері, олар экологиялық көзқарас тұрғысынан ерекше сезімтал немесе маңызды аудандарда немесе оларға тікелей жақын жерлерде (мысалы, Рамсар конвенциясының шеңберлерінде белгіленген күшті ылғалды жерлер, ұлттық парктер, табиғат қорықтары, ерекше ғылыми қызығушылық туғызатын аймақтар немесе археология, мәдениет немесе тарих ескерткіштері); сондай-ақ қызметтің жоспарланатын түрлері, жоспарланатын шаруашылық жүргізу қызметінің ерекшеліктері халыққа елеулі ықпал етуі мүмкін аудандарда жүзеге асырылады;

c) Салдарлары: адамдар және флораның, фаунаның және организмдердің бағалы түрлері үшін елеулі салдарларға соқтыратын, қозғау салынатын ауданда қазір немесе мүмкін болатын пайдалануға қатер төндіретін және ортаның сыртқы ықпалға тұрақтылық деңгейін арттыратын салмақтың пайда болуына әкеп соғатын ықпалдардың осындай түрлерін қоса алғанда, ерекше күрделі және әлеуетті зиянды ықпал көрсететін қызметтің жоспарланатын түрлері.

2. Осы мақсатпен мүдделі Тараптар халықаралық шекараға тікелей жақын жерде жүзеге асырылатын қызметтің жоспарланатын түрлерін, сондай-ақ шаруашылық қызметін өрістететін жерден көп алыс жерде едәуір шекаралық ықпал көрсетуі мүмкін неғұрлым алыс аудандарда жүзеге асырылатын жоспарланатын қызмет түрлерін қарайды.

IV қосымша

Сұрау салу рәсімі

1. Сұрау салушы Тарап немесе Тараптар хатшылыққа ол немесе олар I Қосымшаға енгізілген қызметтің қандай бір жоспарланатын түрін енгізе ме, осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес құрылатын сұрау салу жөніндегі комиссияның қарауына едәуір зиянды шекаралық ықпал көрсете ме деген мәселені енгізетінін хабарлайды. Хабарламада сұрау салу нысанасы көрсетіледі. Хатшылық осы Конвенцияның барлық Тараптарына осы сұрау салу туралы дереу хабарлайды.

2. Сұрау салу жөніндегі комиссия үш мүшеден тұрады. Сұрау салушы тарап немесе сұрау салу рәсіміне қатысты басқа тарап бір ғылыми немесе техникалық сарапшы тағайындайды және осындай түрде тағайындалған екі сарапшы екі жақты келісім бойынша үшінші сарапшыны тағайындайды, ол сұрау салу жөніндегі комиссияның төрағасы болады. Төраға сұрау салу рәсіміне қатысты бірде-бір тараптың азаматы болып табылмайды, бұл тараптардың бірде-біреуінің аумағында тұрақты тұрмайды, бұл тараптардың қызметінде болмайды және қандай бір сапада болсын бұл іске қатысты болмайды.

3. Егер сұрау салу жөніндегі комиссия төрағасы екінші сарапшы тағайындалғаннан кейін екі ай ішінде тағайындалмаса, онда Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы кез келген тараптардың өтініші бойынша келесі екі ай ішінде төрағаны тағайындайды.

4. Егер сұрау салу рәсіміне қатысушы тараптардың бірі хатшылықтан хабарлама алғаннан кейін бір ай ішінде сарапшыны тағайындамаса, онда басқа Тарап бұл туралы Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына хабарлама бере алады, ол сұрау салу жөніндегі комиссияның төрағасын келесі екі ай кезеңінің ішінде тағайындайды. Тағайындалған бойдан сұрау салу комиссиясының төрағасы сарапшы тағайындамаған тараптан мұны бір ай ішінде жасауды сұрайды. Осы кезең өткен бойда төраға тиісті түрде ЕЭК-тің Атқарушы хатшысына хабарлама береді, ол келесі екі айлық кезең ішінде сарапшыны тағайындайды.

5. Сұрау салу жөніндегі комиссияның төрағасы өз рәсімінің өзіндік ережелерін қабылдайды.

6. Сұрау салу жөніндегі комиссия өз міндеттерін жүзеге асыру мақсатымен тиісті барлық шараларды қабылдай алады.

7. Сұрау салу рәсіміне қатысушы Тараптар, оның ішінде, өздерінің иелігіндегі бар барлық құралдарды пайдалана отырып, сұрау салу жөніндегі комиссияның жұмысына жәрдемдеседі:

а) оған тиісті құжаттарды, шарттары мен хабарламасын береді; және

b) қажет болған жағдайда оған куәларды немесе сарапшыларды шақыру және олардың айғақтарын тыңдау мүмкіндігін береді.

8. Тараптар мен сарапшылар олар сұрау салу жөніндегі комиссия жұмысының барысында құпия тәртіпте алған кез келген ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

9. Егер сұрау салу рәсіміне қатысушы тараптардың бірі сұрау салу жөніндегі комиссияда болмаса және өз ісін бере алмаса, онда басқа тарап сұрау салу жөніндегі комиссиядан өз жұмысын қарауды жалғастыруды және аяқтауды сұрай алады. Сұрау салу жөніндегі комиссия тараптарының біреуінің болмауы немесе өз ісін беруге тараптардың бірінің қатыспауы сұрау салу жөніндегі комиссияның жұмысын жалғастыру және аяқтау үшін кедергі болып табылады.

10. Егер сұрау салу жөніндегі комиссия ерекше жағдаяттар салдарынан өзгеше шешім қабылдаса, онда сұрау салу жөніндегі комиссияның шығындары, сұрау салу рәсіміне қатысушы оның мүшелерін, тараптарды қоса алғанда, өзара тең бөлінеді. Сұрау салу жөніндегі комиссия өзінің барлық шығындарына есеп жүргізеді және тараптарға бұл шығындар туралы түбегейлі есеп береді.

11. Сұрау салу рәсімінің нысанасына шын мәнінде мүддесі болатын кез келген Тарапқа осы іс бойынша пікірді енгізу нәтижесінде қозғауға салынуы мүмкін, оның сұрау салу жөніндегі комиссияның келісімі бойынша іс қарауға қатысуға құқығы болады.

12. Сұрау салу жөніндегі комиссияның рәсімдік мәселелер бойынша шешімін көпшілік дауыспен оның мүшелері қабылдайды. Сұрау салу жөніндегі комиссия түбегейлі пікірін оның мүшелерінің көпшілігі көрсетеді және кез келген ерекше пікірді енгізеді.

13. Сұрау салу жөніндегі комиссия өзінің түбегейлі пікірін, егер ол екі айдан аспайтын мерзімге ұзартуды қажет деп таппаса, өзі құрылған күннен бастап, екі ай ішінде береді.

14. Сұрау салу жөніндегі комиссияның түбегейлі пікірі жалпы қабылданған ғылыми пікірлерге негізделеді. Сұрау салу жөніндегі комиссия сұрау салу рәсімін қатысушы тараптарға және хатшылыққа түбегейлі пікірін жеткізеді.

V қосымша

Жобадан кейінгі талдау

Мақсаттардың өзіне мыналар енеді:

a) шешімде жазылған немесе осы қызметті және ықпалды азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бекіту кезінде айтылған шарттарды сақтауды бақылау;

b) басқарудың тиісті деңгейін және беймәлімдік шарттарында іс-қимылға әзір болуды қамтамасыз ету мақсатында ықпалдың түрлерін талдау;

с) қызметтің осындай түрлерін жүзеге асыру кезінде болашақта алынған тәжірибені пайдалану үшін бұрынғы болжамдарды тексеру.

VI қосымша

Екі тарапты және көп тарапты ынтымақтастық элементтері

1. Мүдделі тараптар қажет болған жағдайда ұйымдастыру тетігін құруды немесе осы Конвенцияны толық дәрежеде жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін екі тарапты және көп тарапты келісімдер шеңберінде бар ұйымдастыру өкілеттіктерді кеңейте алады.

2. Екі тарапты және көп тарапты келісімдерге және басқа уағдаластықтарға мыналар енгізіле алады:

а) тиісті субрегиондарда бар нақты жағдайларды есепке ала отырып, осы Конвенция жүзеге асыруға қатысты кез келген қосымша талаптар;

б) өзара мүдделілік немесе баламалық принциптерінде негізделуге тиісті ұйымдастыру, әкімшілік және басқа уағдаластықтарын әзірлеу;

с) өз саясатын және қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау жүргізуге қатысты нормалар мен дәістердің барынша келісілу мүмкіндігіне қол жеткізу мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы шараларды келісу;

д) өлшеу, болжамдау және ықпалды бағалау мен жобадан кейінгі талдау өткізуді белгілеу әдістерін әзірлеу, жетілдіру және/немесе келісу;

е) қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауға қатысты бастапқы деректерді қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаның сапасына қатысты салғастырылатын деректерді әзірлеу және/немесе әдістері мен жинау бағдарламаларын жетілдіру, талдау және сақтау және дер кезінде тарату;

ф) осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауды және шекаралық ластанудың сыни мөлшерін белгілеуді қолдануға қатысты жоспарланатын қызметті жүзеге асыру орнына, сипаты мен ауқымына байланысты шекаралық ықпалдың маңызын сипаттайтын ақаулы деңгейлер мен неғұрлым нақты критерийлерді белгілеу;

қ) қажет болған жағдайда қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалауды бірлесіп жүргізу, мониторингтің бірлескен бағдарламасын әзірлеу, мониторинг құрылғыларын бір ізге салу және алынған деректер мен ақпараттың сыйымдылығын қамтамасыз ету үшін әдіснамаларды келісу.

VII қосымша

Төрелік

1. Талапкер-тарап немесе Талапкер-тараптар хатшылықты Тараптар дауды осы Конвенцияның 5-бабының 2-тармағына сәйкес төрелікте қарауға беруге уағдаласқаны туралы хабардар етеді. Хабарламада, оның ішінде, туындаған дауды түсіндіруге немесе қолдануға қатысты осы конвенцияның Бабын қоса алғанда, төрелікте іс қараудың нысанасы көрсетіледі. Хатшылық осындай түрде алынған ақпаратты осы Конвенцияның барлық Тараптарына жібереді.

2. Төрелік сот үш мүшеден тұрады. Талапкер-тарап немесе Талапкер-тараптар сияқты дауға қатысушы басқа Тарап немесе басқа Тараптар бір төрешіден тағайындайды және осындай түрде тағайындалған екі төреші өзара келісім бойынша төрелік сот төрағасының міндетін орындайтын үшінші төрешіні тағайындайды. Төраға даудың бірде-бір тарапының азаматы болмайды, бұл тараптардың бірде-біреуінің аумағында жетте тұрғылықты жері болмайды, бұл тараптардың қызметінде болмайды және қандай бір сапада болсын бұл іске қатысты болмайды.

3. Егер екінші төреші тағайындалғаннан кейін екі ай өткеннен кейін төрелік соттың төрағасы тағайындалмаса, онда Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы кез келген тараптардың өтініші бойынша келесі екі ай ішінде оны тағайындайды.

4. Егер дау тараптарының бірі хатшылықтан өтініш алғаннан кейін екі ай ішінде төрешіні тағайындамаса, онда басқа Тарап бұл туралы Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына хабарлама бере алады, ол төрелік сот төрағасын келесі екі ай кезеңінің ішінде тағайындайды. Өзі тағайындалғаннан кейін төрелік соттың төрағасы төрешіні әлі тағайындамаған тараптан мұны екі ай ішінде жасауды сұрайды. Осы кезең өткен бойда төраға тиісті түрде ЕЭК-тің Атқарушы хатшысына хабарлама береді, ол келесі екі айлық кезең ішінде төрешіні тағайындайды.

5. Төрелік сот халықаралық құқыққа және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес өз шешімін шығарады.

6. Осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес құрылған кез келген төрелік сот өз рәсімінің өзіндік ережесін әзірлейді.

7. Рәсімдік мәселелер бойынша да, тиісті мәселелер бойынша да, төрелік соттың шешімі оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

8. Фактілерді белгілеу үшін сот бүкіл тиісті шараларды қабылдай алады.

9. Дау Тараптары төрелік соттың жұмысына, оның ішінде, өздерінің қарамағындағы барлық бар құралдарды пайдалана отырып жәрдем береді:

а) оған барлық тиісті құжаттарды, шарттары мен ақпаратты береді; және

b) қажет болған жағдайда оған куәларды немесе сарапшыларды шақыру және олардың айғақтарын тыңдау мүмкіндігін береді.

10. Тараптар мен төрелік сот мүшелері өздері төрелік сотта іс қарау барысында құпия тәртіппен алған кез келген ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

11. Төрелік сот тараптардың бірінің өтініші бойынша уақытша қорғау шараларын қабылдауға ұсыныс жасай алады.

12. Егер дау тараптарының бірі төрелік сотқа келмесе немесе өз ісін қарауға қатыспаса, онда басқа тарап соттан іс қарауды жалғастыруды және өзінің түбегейлі шешімін шығаруды сұрай алады. Сотта тараптардың бірінің болмауы немесе тараптардың бірінің іс қарауға қатыспауы іс қарау үшін кедергі болмайды. Түбегейлі шешім шығарар алдында төрелік сот талаптың іс жүзінде және заңды түрде негізделгеніне кез жеткізуге тиіс.

13. Төрелік сот тікелей даудың мәнінен туындаған қарсы талаптарды тыңдап, ол бойынша шешім шығара алады.

14. Егер төрелік сот істің нақты жағдайларын негізге ала отырып, өзге шешім қабылдамаса, онда сот мүшелерінің қызметтеріне төлеуді қоса алғанда, сот шығындарын дау тараптары өзара тең бөліседі. Сот өзінің барлық шығындарын тіркейді және тараптарға осы шығындар туралы түбегейлі есеп береді.

15. Дау нысанасында құқықтық сипаттағы мүддесі бар және осы іс бойынша шешім нәтижесінде қозғау салынатын осы Конвенцияның кез келген тарабының сот келісімімен іс қарауға құқығы бар.

16. Төрелік сот, егер ол бұл мерзімді бес айдан аспайтын мерзімге ұзарту қажет деп тапса, өзін құрылған күннен кейінгі бес ай ішінде өз шешімін шығарады.

17. Төрелік соттың шешімі себептерді түсіндірумен қоса жүреді. Оның шешімі түбегейлі және даудың барлық тараптары үшін міндетті болып табылады. Төрелік сот өз шешімін дау тараптары мен хатшылықты назарына жеткізеді. Хатшылық алынған ақпаратты осы Конвенцияның барлық тараптарына жолдайды.

18. Тараптар арасында сот шешімін түсіндіруге немесе орындауға қатысты пайда болуы мүмкін кез келген дау осы шешімді шығарған төрелік сотқа кез келген тарап арқылы немесе оның қызметін пайдалану мүмкін болмаса, біріншісі сияқты осындай мақсатпен құрылған басқа сотқа беріледі.

19.11.2012ж.: МӘРТЕБЕСІ

**XXVII ТАРАУ
ҚОРШАҒАН ОРТА**

**Трансшекаралық Мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау
бойынша Конвенция**

Эспо, Финляндия, 1991жыл 25 ақпан

Күшіне енуі 1997 10 қыркүйек, 18 (1) бабына сәйкес

Тіркеу 1997 10 қыркүйек, № 34028

Мәртебе Қол қойғандар: 30. Тараптар: 45. ¹

Ескерту: Конвенция Финляндия, 1991 жылдың 25 ақпанынан 1 наурыз аралығында Эспо-да болған экология және су мәселелері бойынша ЕЭК елдерінің бас сарапшыларының Төртінші сессиясында қабылданды.

Конвенция көрсетілген мерзімде Эспо-да қол қойылу үшін ашылған болатын, Финляндия, сонан соң 1991 жылдың 2 қыркүйегіне дейін Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық кеңселерінде ашылды.

Қатысушылар	Қол қойылуы, (d)	Ратификация, Қабылдау (А), Мақұлдау(АА), Күшіне енуі (а)
Албания	1991ж 26 ақпан	1991ж 4 қазан
Армения		1997ж 21 ақпан а
Австрия	1991ж 26 ақпан	1994ж 27 шілде
Азербайджан		1999ж 25 наурыз а
Белоруссия	1991ж 26 ақпан	2005ж 10 қараша А
Бельгия	1991ж 26 ақпан	1999ж 2 шілде
Босния и Герцеговина		2009 ж 14 желтоқсан а
Болгария	1991ж 26 ақпан	1995ж 12 мамыр
Канада	1991ж 26 ақпан	1998 ж 13 мамыр
Хорватия		1996 ж 8 шілде а
Кипр		2000 ж 20 шілде а
Чешск Республикасы ²	1993ж 30 қыркүйек d	2001ж 26 ақпан
Дания ³	1991ж 26 ақпан	1997ж 14 наурыз АА
Эстония		2001ж 25 сәуір а

Еуропалық одақ	1991ж 26 ақпан	1997ж 24 маусым АА
Финляндия	1991ж 26 ақпан	1995ж 10 тамыз А
Франция 4	1991ж 26 ақпан	2001ж 15 маусым АА
Германия	1991ж 26 ақпан	2002ж 8 тамыз
Греция	1991ж 26 ақпан	1998ж 24 ақпан
Венгрия	1991ж 26 ақпан	1997ж 11 шілде
Исландия	1991ж 26 ақпан	
Ирландия	1991ж 27 ақпан	2002ж 25 шілде
Италия	1991ж 26 ақпан	1995ж 19 қаңтар
Қазақстан		2001ж 11 қаңтар а
Қырғызстан		2001ж 1 мамыр а
Латвия		1998ж 31 тамыз а
Лихтенштейн		1998 ж 9 шілде а
Литва		2001ж 11 қаңтар а
Люксембург	1991ж 26 ақпан	1995ж 29 тамыз
Мальта		2010ж 20 қазан а
Черногория		2009ж 9 шілде а
Нидерланды 5	1991ж 25 ақпан	1995ж 28 ақпан А
Норвегия	1991ж 25 ақпан	1993ж 23 маусым
Польша	1991ж 26 ақпан	1997ж 12 маусым
Португалия	1991ж 26 ақпан	2000ж 6 сәуір
Молдова Республикасы		1994ж 4 қаңтар а
Румыния	1991ж 26 ақпан	2001ж 29 наурыз
Ресей Федерациясы	1991ж 6 маусым	
Сербия		2007ж 18 желтоқсан а
Словакия ²	1993ж 28 мамыр д	1999ж 19 қараша
Словения		1998ж 5 тамыз а
Испания	1991ж 26 ақпан	1992ж 10 қыркүйек
Швеция	1991ж 26 ақпан	1992ж 24 қаңтар
Швейцария		1996ж 16 қыркүйек а
Бұрынғы югославия республикасы		1999ж 31 тамыз а
Македония		
Украина	1991ж 26 ақпан	1999ж 20 шілде
Біріккен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Патшалығы 6	1991ж 26 ақпан	1997ж 10 қазан
Америка Құрама Штаттары	1991ж 26 ақпан	

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОӘБ БОЙЫНША САРАПШЫЛАРДЫҢ МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫ

№	АТЫ-ЖӨНІ	Байланыстар (мекен-жай, телефон, электрондық почта)	Ұйым атауы және атқаратын лауазымы	Мамандану (ҚОӘБ шеңберінде)	Елдегі ҚОӘБ дамуы үшін ұсынылатын идеялар
1.	Атауоллауы Даниярбек	Тараз қ., Төле би көшесі, 42а, тел. 8(7262)43-82-25, e-mail: ekoexpert@mail.ru	Шу-Талас экология департаменті, экореттеу бөлімінің бастығы	Жоблардың сараптамасы	Эмиссия нормативтері жобаларын болдырмау, экологиялық реттеуді ҚОӘБ бойынша жүзеге асыру
2.	Быстрицкая Лидия Григорьевна	Ақтау қ., 11 шағын аудан, 35 үй, 9 пәтер. жұмыс.тел. 8-7292-50-54- 71(115) үй.т. 8-7292-43-48-70 ұялы. т. +7 705 832 88 77 эл. почта – aktauexpert@yandex.ru	Жайық-Каспий экология департаментінің Маңғыстау филиалы. Мемлекеттік экологиялық сараптама өткізу бөлімі бойынша экологиялық реттеу бөлімі секторының бас бас маманы, Маңғыстау облысы бойынша жауапты сарапшы.	Мұнай-газ саласы объектілерінің ҚОӘБ; Барлау, Каспий теңізі қайраңында (теңіздік бұрғылау, сейсмосбарлау) көмірсутек шикізатын өндірудің ҚОӘБ; Магистральдық теміржол тораптарын, газ құбыры құрылыстарының ҚОӘБ; Атом энергетика жобалық жұмыстарымен байланысты ҚОӘБ	1.Қоршаған ортаның барлық компоненттеріне жұмыстардың барлық түрлері үшін әсерді бағалаудың бірыңғай өлшемдерін орнату. 2. ҚОӘБ толық көлемін тек қана қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына едәуір әсер ықпал ететін маңызды объектілер үшін әзірлеу. 3. Ерекше маңызды объектілердің өлшемдерін орнату. 4. ҚОӘБ әзірлеу барысында ғылыми жұмыстардың көлемі мен талаптарын жетілдіру
3.	Балабенко Сергей Иванович	Шымкент қ., Шу-Талас экология департаментінің Оңтүстік-Қазақстан филиалы, т. 8725 2 22 27 99, e-mail: balabenko@bk.ru	Шу-Талас экология департаменті, экологиялық реттеу бөлімінің маманы	Атмосфералық ауаны қорғау; Су ресурстарын қорғау; Жер қойнауын қорғау	ҚОӘБ жүргізу және оның нәтижесін рәсімдеу бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік- әдістемелік базасын жетілдіру
4.	Джамалова Вера Джаксановна	Қазақстан Республикасы, Астана қ., Абылайхан даңғылы, 33, 84 пәтер, 29 01 78, 8 700 470 4631,	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Штаттан тыс экология	Биологиялық ресурстарды пайдалану жобаларының сараптамасы	Биологиялық ресурстарды пайдалану бойынша шаруашылық қызметтегі жобаларды келісу барысында экологиялық сараптаманың объектісі сәйкесінше биологиялық негіздемелер

		veradzh@rambler.ru	сарапшысы		болып табылады. Бұл ретте ҚОӘБ жекеше әзірлеу қарастырылмайды. Алайда, мысалы, Орал-Каспий бассейніндегі жыл сайынғы аулап алуға рұқсат берілген бекіре балықтарының апатты жағдайын ескере отырып, жобалық құжаттардың құрамына өзге принциптік тәсілдер қажет. Атап айтқанда, барлық Каспий теңізіндегі балықтар қорының жағдайының сандық көрсеткіштеріне негізделетін бекіре балықтарын аулаудың ҚОӘБ қажет. Аталған талап халықаралық деңгейде ҚОӘБ туралы Конвенция тәріздес, сол сияқты Каспий теңізін қорғау туралы Негіздемелік конвенция шеңберінде орнатылуы қажет.
5.	Дорожкина Татьяна Ивановна	Ақтау қ., 27 шағын ауданы, 6 үй, 44 пәтер. жұмыс тел. 8-7292-50-54-71(133) үй т. 8729 2-41-05-03 ұялы т. 8 701 495 48 52 эл. почта – aktauexpert@yandex.ru	Жайық-Каспий экология департаментінің Маңғыстау филиалы. Мемлекеттік экологиялық сараптама өткізу бөлімі бойынша экологиялық реттеу бөлімі секторының бас бас маман	Мұнай-газ саласы объектілерінің ҚОӘБ; Мұнай және газ өңдеу объектілерінің ҚОӘБ; Мұнай-газ құбырлары объектілерінің ҚОӘБ; Құрылыс саласы объектілерінің (АБЗ, цемент зауыттары, құрылыс материалдарының кеніштері) ҚОӘБ	1. ҚОӘБ әзірлеу бойынша нормативтік базаны жетілдіру. 2. Қоршаған ортаның барлық компоненттеріне жұмыстардың барлық түрлері үшін әсерді бағалаудың бірыңғай өлшемдерін орнату. 3. ҚОӘБ әзірлеу барысында табиғи ортаның компоненттеріне міндетті бақылау өткізуді талап етілуі
6.	Кертешев Талғат Сейітұлы	Астана, Бараев көшесі, 16 А секциясы, 2 кеңсе	БҰҰДБ, Ұлттық менеджер	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, биоресурстар	
7.	Колча Татьяна Викторовна	Алматы қ., Желтоқсан 115, 304 кеңсе. 8 (727) 250-36-13 ec_tera2@intelsoft.kz	«ECOTERA» ЖШС Бас маман	ҚОӘБ жобаларына қолданылатын табиғатты қорғау заңдары мен нормативтік-құқықтық құжаттар. Апаттық жағдайлар. Зерттелетін аймақтың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және санитарлық – эпидемиологиялық жағдайы.	Қоршаған ортаға әсерді бағалау барысында литогидроморфогенезі жүйесіне әсерін тұтастай аспектіде қарастыру қажет.

				Шаруашылық қызметтің табиғи ортаның компоненттеріне әсерін бағалау. Қоршаған ортаны және еңбекті қорғау. Қоршаған ортаға залалын бағалау.	
8.	Моногарова Евгения Михайловна	Үй т. 8 7272 685830; Жұмыс тел. 8 7272 64 22 22 (120) Ұялы тел. 8 777 239 0415	"NEDRA консалтингтік орталық " ЖШС Экология департаменті бастығы	ҚОӘБ жобаларының экологиялық жобасы, ҚОҚ бөлімдерінің, ластаушы заттардың нормативтік эмиссия жобалары, жобалардың экологиялық сараптамасы.	Траншекаралық әсері бар жобалар үшін ҚОӘБ (ЭСПО) конвенциясына сәйкес үрдісін орындау. ҚОӘБ конвенциясының процедуралары міндетті өткізілетін шаруашылықтың түрлері және әсерінің қарқындылығы үшін заңнамалық нормативтік құжатты қабылдау мүмкіндігін қарастырып өту. ҚОӘБ конвенциясының процедураларын шаруашылық қызметтің бастапқы кезеңі үшін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының стратегиялық экологиялық бағалау бойынша хаттамаға қосылу мүмкіндігін қарастыру.
9.	Мұхамбеталиева Балжан Медеуқызы	Атырау қ. Құлманов көшесі, 137 8 (7122) 21 18 48 жұмыс. 8701732 55 56 ұялы. ecoexpertatyrau @ mail.ru	Жайық-Каспий экология департаменті, Экологиялық реттеу бөлімінің бастығы	Атырау облысы бойынша Мемлекеттік Экологиялық сараптама. Негізінен мұнай-газ саласындағы ҚОӘБ қарауымен жаттығамын	ҚОӘБ кезеңдерін жеңілдету қажет.
10.	Нұрпейісова Қатира Темирханқызы	Қызылорда, Желтоқсан көшесі, 150 тел. 23-00-38 email: ainura_792002@mail.ru	Арал – Сырдария экология департаменті, экологиялық реттеу бөлімінің бастығы	Жобалардың мемлекеттік экологиялық сараптамасына қатысу: Сырдарья өзені және Солтүстік Арал теңіз арнасын реттеу (ССАТАР) бойынша жоба. Сырдарья өзен бассейнінің комплекстік пайдалану және су ресурстарын қорғау сызбасы Орталық Азия және Әзірбайжан мемлекеттерінің ҚОӘБ бойынша аймақтық семинарларға қатысу, 2008 ж.. мамыр – маусым	ҚОӘБ жекеше нұсқаулығын істегі объектілер үшін әзірлеу. Істегі объектілер үшін ҚОӘБ, бір жағынан ҚОӘБ 5-ші кезеңі «Жобадан кейінгі, бірақ міндетті қосумен» қайталауы қажет - ҚОӘБ кезеңіндегі үнемі өлшеулер мен лабораториялық зерттеулер және ӨӘБ нәтижесімен (анализді) салыстыру; - есептік мәліметтермен бірге ластағыштарды өлшеу нәтижелерін

					талдау - Қалдықтарды басқарудың қолданыстағы жүйесінің талдауы - Қолданылатын технология, құрылғының, арнайы техника, автокөлік, өлшеу құралдарының талдауы; олардың ең жақсы қолжетімді технологияларға сәйкестігі.
11.	Огарь Наталья Петровна	050010 Алматы қ., Көктөбе, Жабаяева көшесі 83 8 727 385 47 56 жұмыс тел. 8 777 23 11 368 ұялы тел. ogar@gis-terra.kz	Қашықтықтан барлау және «Терра» ГИС Орталығы (ЖШС), Директордың орынбасары	Жұмыстардың жалпы координациясы. Табиғи ортаның компоненттеріне әсер: экожүйенің, флора, өсімдік және сол сияқтылар, комплексті бағалау, картографиялық үлгілер, тәуекеледр және залалдар, ықшамдау бойынша іс-шаралар және сол сияқтылар.	Әсерді бағалау кезіндегі экожүйелік келу тәсілі. Шаруашылықтың әралуан түрлері үшін табиғат өзгешіліктерін (айдала, ормандар, шөлдер, теңіз және тағы да басқалар) ескерумен нақтырақ параметрлері мен шарттарын әзірлеу
12.	Пасечный Юрий Васильевич	Тараз қ., Төле би, 42а, тел. 8(7262)43-82-25, e-mail: passechny@mail.ru	Шу-Талас экология департаменті, экореттеу бөлімінің маманы	Жобалар сараптамасы	
13.	Попов Юрий Михайлович	Алматы қ., Желтоқсан 115, 304 кеңсе. 8 (727) 250-36-13 ec_tera@intelsoft.kz	«ECOTERA» ЖШС Бас менеджер	ҚОӘБ жобаларына қолданылатын табиғатты қорғау заңдары мен нормативтік-құқықтық құжаттар. Қоршаған орта компоненттерінің қазіргі жай-күйі. Суды қодану және Суды тұтыну және суды пайдалану. Тұтыну және өндірістік қалдықтарды басқару жүйесі. Шаруашылық қызметтің табиғи ортаның компоненттеріне әсерін бағалау. Қоршаған ортаны өндірістік экологиялық бақылауы.	Табиғи ортаға антропогендік әсер ету кезіндегі қоршаған орта компоненттерінің өзгеруі және әсер бағасының сандық көшудің әдістемелік негізін әзірлеу қажет.
14.	Сухоруков Геннадий Викторович	Қарағанды қ., Бұхар-Жырау даңғылы, 47, жұмыс телефоны +77212410871, үй телефоны +77212773608, жұмыс e-mail: expert_krg@mail.kz	Нұра-Сарысу экология департаменті, экологиялық реттеу бөлімінің бастығы	Атмосфера. Шығарындылардың және су тастандыларынан тазарту құрылыстары	ҚОӘБ үрдісін мейлінше, бірақ барынша тиімді ету.

		Үй E-mail: lexus01@inbox.ru			
15.	Тажмағамбетов Ерболат Абдукаримұлы	Алматы қ., Желтоқсан 115, 307 кеңсе. 8 (727) 250-95-15 ec_tera@intelsoft.kz	«ECOTERA» ЖШС Директор	Жобаның негізгі техникалық жағдайы. Шаруашылық қызметтің табиғи ортаның компоненттеріне әсерін бағалау	Алғашқы абиғат қорғау шараларын анықтай ҚО дестабилизациясын кешенді (интегралды) бағалау үшін мақсатты қызметтерді құру
16.	Фомичев Михаил Афанасьевич	Тараз қ., 1-шағын ауданы. 24 үй, 1 пәтер, тел 8(7262)34-06-17 e-mail: ekoks_taraz@mail.ru	«ЭКО-КС» ЖШС, ГИП, эксперт	Табиғатты қорғау жобаларының әзірленуі және сараптамасы	
17.	Шевцов Сергей Петрович	Астана, Қабанбай батыр 19, «НК «КазМунайГаз» АҚ, Жұмыс тел.7-7172-979156, Ұялы тел. 8-701 544 9297, S.Shevtsov@kmg.kz	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ, Қарашығанақ департаментінің ЕҚ, ҚТ және ҚО жобасы бойынша менеджері	Мұнай-газ және радиациялық-қауіпті объектілер үшін ҚОӘБ	Қазақстан Республикасындағы ҚОӘБ әзірлеудің талаптарын Халықаралық Қаржы Корпорациясының және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келтіру.
18.	Шаханова Асел Бляловна	Қазақстан, Астана қ., Сол жақ жағалау, Министрлік Үйі, тел +7-7172-74-08-47 a_shakhanova123@mail.ru a_shakhanova@moos.kz	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Бас сарапшы	Өндірістік жобалар сарапшысы	ҚОӘБ жетілдіру қажет: Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексіне сәйкес ҚОӘБ бес кезеңі бар. Бұл ретте, кейбір кезеңдер техникалық жобалауға сәйкес келмейді. Сонымен қоса, өндірістік жобалар бойынша ҚОӘБ техникалық құжаттың экологиялық сүйемелдеуі болғандығына байланысты, өндірістің салалары бойынша ҚОӘБ нұсқаулығын әзірлеу қажет: құрылыс, мұнайгаз, жаңа техниканың ҚОӘБ, технология және т.б.
19.	Шмелева Татьяна Евгеньевна	050010 Алматы қ., Көктөбе шағын ауданы, Жабаев көшесі 83 8 727 385 47 56 жұмыс тел. 8 705 118 34 26 ұялы	Қашықтықтан барлау және «Терра» ГИС орталығы (ЖШС), ҚОӘБ бөлімінің жетекшісі	Қоршаған ортаның компоненттеріне әсері: атмосфералық ауа, жер үсті сулары және сол сияқтылар, кешенді бағалау, тәуекелдер, залалдар, ықшамдау бойынша іс-шаралар	Нормативтік базаны жетілдіру. Әдістемелік қағидастарды есептік параметрлерге бірыңғай талаптарды қоса алғанда әзірлеу.

		тел. schmeleva@gis-terra.kz			
20.	Овчинников Сергей Николаевич	Алматы қ., Желтоқсан 115, 304 кеңсе, 8(727)250-36-13 ec_tera@intelsoft.kz	«Ecotera» ЖШС Жобалардың бас менеджері	Ауа бассейінін қорғау.	Өндірістің зияндылығы және ірілігіне байланысты ҚОӨБ толтырылу көлемін анықтау және нақтылау үшін өлшемдерді құру қажет. Көптеген шағын кәсіпорындар немесе қысқы мерзімді жұмыстар үшін оларды есепке алу жеткілікті болып саналады
21.	Павличенко Людмила Михайловна	Алматы қ., Желтоқсан 115,304 кеңсе, 8(727)250- 36-13 ec_tera@intelsoft.kz	«Ecotera» ЖШС Менеджер	Қоршаған ортаның компоненттеріне әрекеттегі және жоспарланып жатқан объектілер әсерін бағалау, миграциялық ағындыларда өзара байланысты үлгілеу, кешенді бағалаудың сараптамалық үлгілері	Ластағыш заттардың параметрлерін болжау (жағдайды талдау), көп шамалы статистикалық және сараптамалық үлгілерді қолдану негізінде тенденциялардың талдауын қосу.

**Каспий теңізі
теңіз айдынын қорғау бойынша
Негіздемелік конвенция**

Distr.: General
18 сентября 2012 г.
Русский
Original: English

ТАРАПТАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Төртінші сессия

Москва, 2012 жыл 10-12 желтоқсан

Күн тәртібінде 11 (а) және 12 тармағы

Каспий теңізінің теңізі ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясының тараптары конференциясының Хаттамасы («ТЕГЕРАН КОНВЕНЦИЯСЫ»)

(Уақытша Хатшылықтың хаты)

Кіріспе

1. Каспий теңізінің теңізі ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясының (Тегеран конвенциясы) Келісілген Тараптардың Конвенция хаттамаларын дайындауда өзара бірлесе әрекет етуін талап етеді.

2. Тегеран конвенциясының 24 бабын 1 тармағына сәйкес хаттамалар Конференция Тараптарының бірегей шешімімен қабылданады. Хаттамалар заң күшіне Келісілген Тараптардың өз заңдарына сай ратификациялау, қабылдау немесе бекіткеннен соң болады. Хаттамалар Тегеран конвенциясының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Тегеран конвенциясының 17 бап, 3 параграф Келісілген Тараптардың «осы Конвенциясының хаттамасын әзірлеуде трансшекаралық мазмұнда Каспий теңізінің теңіз ортасына әсерін бағалау үрдістерін орнату хаттамаларын жасауға бірге қатысады».

4. Бұл заттың I қосымшасында Трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау хаттамасының мазмұны 2005 жыл наурыздан 2012 жылдың шілде айына дейін үкімет бекіткен сарапшылардың 10-шы отырысында келісіліп, аяқталды.

5. 2010 жылдың 21 мамырдағы хата Үкімет «ішкі бекітулерді ТК-3 хаттаманы қабылдау және қол қою үрдісін бастауды» ұсынды.

6. Қазақстан Республикасында, Ақтауда 2012 жылы 10-12 тамызда өткен ТК-3 Министрлерге талқылауды аяқтап, хаттаманы қабылдауға уақыты жетпейді. «Каспий теңізінің теңізі ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясының тараптары конференциясының Хаттамасының мәтіні бойынша қағидалық келісім-шарттарды ескеріп (ТС/СОР3/4 құжаттың I қосымшасы)», министрлер Хаттаманы қабылдауға және қол қоюға Конференция Тараптарының төртінші сессиясына дейін жылдамырақ аяқтауы тапсырды.

7. ТК-4 Дайындық комитетінің 2012 жылы 11-13 шілдеде Женева қаласында өткен бірінші сессиясында хаттама мәтіні келісіліп, министрлерге осы хаттар туралы 2012 жылдың 19 шілдесінде хабарланды.

Сонымен қатар, бұл хаттағы қосымшаның мазмұны Келісілген Тараптардың арасында электронды пошта арқылы 2012 жылдың 27 шілдеде орыс және ағылшын тілдерінде таралды.

8. Түркіменстанның «алдыңғы теңіз байлығын өндіру қызметтеріне барлауды енгізуді» ұсынуы бойынша шешім қабылданып, ТК-4 соңғы кезеңіне дейін қабылданатын болады.

Ұсынылатын шаралар:

Конференция Тараптары қалауы мүмкін:

a) «Көмірсутектердің теңіз барлауын» өндіріске қосымша ретінде енгізу үшін Хаттаманың I.16 Қосымшасының мәтіні өзгертілуі қажет пе екендігінің шешімін шығаруы;

b) Қоршаған ортаға трансшекаралық мазмұндағы әсерді бағалау бойынша Хаттаманы, осы хатқа I қосымшада сақталғандай түрінде қабылдау.

c) Хаттамаға қол қойылуын қолдау (елдер атауы);

d) Хаттамаға (елдер атауы) тезірек қол қоюға шақыру;

e) Хаттамаға қол қойған елдерді оны ратификациялау үрдісін бастауына және оны тез аяқтауына шақыру.

f) Хатшылықты (уақытша) бастамашылық етуді, Хаттаманы елдер деңгейінде дайындауды және жүзеге асыру іс-әрекеттерін жылжытуды өтіну.

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕҢІЗ ОРТАСЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗДЕМЕЛІК КОНВЕНЦИЯҒА КАСПИЙ ТЕҢІЗІН ЖЕР ҮСТІ КӨЗДЕРІНЕН ЖӘНЕ ҚҰРЛЫҚТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІНДЕ ЛАСТАНУДАН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА

Кіріспе

Каспий маңы мемлекеттері:

Әзербайжан Республикасы,
Иран Ислам Республикасы,
Қазақстан Республикасы,
Ресей Федерациясы,
Түрікменстан,

бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталады,

2003 жылғы 4 қарашада Тегеранда, Иран Ислам Республикасы, жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенциясының Тараптары бола отырып, бұдан әрі Конвенция деп аталады,

Конвенцияны және атап айтқанда, оның 7-бабы мен 11-бабын 1-тармағын орындау шешіміне бекініп,

2008 жылғы 12 қарашада Тегеранда, Иран Ислам Республикасы, қабылданған Каспий теңізі үшін конвенцияның Стратегиялық іс-қимыл бағдарламасын назарға ала отырып,

Каспий теңізінің планетадағы ірі ішкі су қоймасы ретінде экологиялық және гидрологиялық сипаттамаларының бірегейлігін мойындай отырып,

даму процесінің ажырамас бөлігі ретінде Каспий теңізінің теңіз ортасын және жағалау маңы аудандарын қорғау мен сақтауды және оның табиғи ресурстарын орнықты пайдалануды қамтамасыз етуге ниеттене отырып, бұл ретте қазіргі және келешек ұрпақтың қажеттіліктерін әділетті негізде қанағаттандыра отырып,

жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудың теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарға, биологиялық ресурстар мен адам денсаулығына елеулі қатерін түсіне отырып,

атап айтқанда, теңіз деңгейінің ауытқуынан туындайтын экологиялық проблемаларды назарға ала отырып,

1995 жылғы 3 қарашада Вашингтонда, Колумбия округі, қабылданған Теңіз ортасын құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі жаһандық іс-қимыл бағдарламасының Каспий маңы мемлекеттері үшін маңыздылығын атап өте отырып,
төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

1-бап. Хаттама мақсаты

Осы Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің экологиялық таза теңіз болуына қол жеткізу және оны сол қалпында ұстау үшін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметтер нәтижесінде теңіз ортасының ластануын болдырмау, төмендету, бақылау және барынша мүмкін болатын дәрежеде жою болып табылады.

2-бап. Терминдерді пайдалану

Осы Хаттаманың мақсаты үшін:

- a) «Уағдаласушы Тараптардың конференциясы» Конвенцияның 22-бабында көрсетілген органды білдіреді;
- b) «Хатшылық» Конвенцияның 23-бабында көрсетілген органды білдіреді;
- c) «Қолда бар ең үздік технологиялар (ҚБЕҮТ)» термині шығарындылар мен қалдықтарды шектеу үшін нақты шаралардың тәжірибелік жарамдылығын көрсететін қазіргі заманғы технологияларды, жабдықтарды немесе қызмет әдістерін білдіреді. «Технологиялар» жеке өзінде пайдаланылатын технологияларды, сондай-ақ, өндірістік қондырғыны жобалауға, құруға, оған қызмет көрсетуге, оның жұмыс істеуіне және оны бөлшектеуге көмегі тиетін тәсілдер мен әдістерді қамтиды;
- d) «Ең үздік табиғат қорғау практикасы (ЕҮТҚП)» қоршаған ортаның жай-күйін бақылау саласындағы шаралар мен стратегиялардың неғұрлым ұтымды ұштастырылуын пайдалануды білдіреді;
- e) «Жағалау маңындағы аудан» жағалау жиегімен шектесетін және теңіздің жақындығы мен теңіз деңгейінің ауытқуы әсеріне ұшырай отырған құрлық белдеуін білдіреді;
- f) «Шиеленісті нүкте» адамдар денсаулығына, экожүйеге немесе табиғи ресурстарға, сондай-ақ, экономикалық маңызы бар артықшылықтарға іс жүзіндегі немесе әлеуетті қолайсыз әсерді болдырмау немесе төмендету мақсатында шектен тыс ластануға ұшыраған бірінші кезекте назарға алуды талап ететін алаңы жөнінен шектеулі және бөлшектенуге ұшырайтын құрлық учаскесін, жер беті сулары учаскесін немесе нақты сулы қабатты білдіреді;

- g) «Жер үсті көздерінен ластану» су жолымен, атмосфера арқылы немесе тікелей жағалаудан теңіз ортасына түсетін, құрлықта жатқан жекедара нүктелі және шашыраңқы көздерден теңіздің ластануын білдіреді;
- h) «Жеке-дара нүктелі көздер» шығарындылары ажыратылатын, шектелген және атап айтқанда ластайтын заттарды шығаратын немесе шығаруы мүмкін су ағызып жіберу арналарын, жыраларды, тоннельдерді, құбырларды немесе ұңғымаларды қоса алғанда, оқшауланған көлік-көшіру құрылғылар арқылы қоршаған ортаға түсетін, құрлықта жатқан ластау көздерін білдіреді;
- i) «Шашыраңқы көздер» жеке-дара нүктелі көздерден ерекшеленетін, сорғыту, сіңіру немесе гидрологиялық өзгерістер немесе мекендеу орындарының бұзылуы нәтижесінде заттары қоршаған ортаға жер үсті суағарларымен, жауын-шашындармен, атмосфералық булармен өтетін, құрлықта жатқан ластау көздерін білдіреді;
- j) «Шығарындылар» суға, атмосфераға немесе топыраққа ластаушы заттардың төгінділерінің, ағындыларының немесе ағызып жіберулерінің кез келген түрін білдіреді;
- k) «Шығарындыларды реттеу» шығарындылардың шекті мөлшерін белгілеу немесе шығарындылардың әсерлеріне, сипатына немесе басқа сипаттамаларына қатысты шектеулер мен қойылатын шарттарды не шығарындыларға әсер ететін пайдаланудың шарттарын басқа нысанда анықтау сияқты арнайы шектеуді талап ететін реттеу шараларын білдіреді;
- l) «Шығарындылардың шекті шамасы» қандай да бір нақты параметрлерде көрсетілген массаны, уақыттың бір немесе бірнеше кезеңі ішінде шамадан аспайтын шығарындылардың шоғырлануын немесе деңгейін білдіреді. Заттар шығарындыларының шекті шамасы, әдетте, сұйылту есепке алынбай қондырғыдан шығарындылардың шығу нүктесі үшін қолданылады;
- m) «Сапаның экологиялық стандарты (СЭС)» суда, шөгінділерде немесе биотада белгілі заттың немесе заттар тобының шоғырлану деңгейін білдіреді, ол адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында шамадан аспау керек;
- n) «Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіші (ҚОСНК)» қоршаған орта сапасының талапқа сай нысаналы деңгейін айқындайтын, мақсатты білдіреді.

Қоршаған ортаның нақты бір құрам бөлігіне, мысалы өзен, жағажай немесе өндірістік объектіге қатысты қол жеткізілуге тиіс.

3-бап. Қолданылу аясы

1. Конвенцияның 3-бабына және осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес осы Хаттама:

- a) Каспий теңізінің теңіз ортасына және/немесе жағалау маңындағы аудандарға теріс әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін жер үсті жеке-дара нүктелі және шашыраңқы көздерден шығатын заттар шығарындыларына қолданылады. Осы шығарындыларға *өзгелердің ішінде* тұзды суларды, марштарды және лагуналарды қоса алғанда, өзендер сағалары, арналар немесе өзге де су тораптары, жерасты суағарлары, жағалаудағы қалдық жою орындары және суын жіберу, құрлықта төселгендерді және теңіз түбіне орналастырылғандарды қоса алғанда, солар арқылы да, жер үсті суағарлары арқылы да теңіз ортасына түсетіндер жатады;
- b) Осы Хаттамаға III қосымшада айқындалған жағдайларда Каспий теңізінің теңіз ортасына атмосфера арқылы жер үсті көздерінен таралатын ластаушы заттардың түсіміне; және
- c) жағалау сызығының табиғи жай-күйінің физикалық өзгеруі және ландшафттың немесе мекендеу орындарының өзгеруі мен бұзылуы нәтижесінде ластануды қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасына және/немесе жағалау маңындағы аудандарына әсер ететін қызметтің осындай түрлері нәтижесінде ластануға қолданылады.

4-бап. Жалпы міндеттемелер

1. Уағдаласушы Тараптар жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың ластануын және оған басқа да жағымсыз әсерледі болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкіндігінше жою үшін Конвенция ережелеріне сәйкес барлық тиісті шараларды дербес немесе бірлесіп қолданады.
2. Уағдаласушы Тараптар, атап айтқанда:
 - a) сақтық қағидатын қолданады, оған сәйкес теңіз ортасына немесе халық денсаулығына елеулі немесе қайтымсыз залал келу қатері болған, толық ғылыми сенімділік болмаған кезде мұндай залалды болдырмау жөніндегі экономикалық тиімді шараларды кейінге қалдыру үшін негіз ретінде пайдаланылмайды;
 - b) «ластаушы төлейді» қағидатын қолданады, оған сәйкес ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдегі жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстарды ластаушы көтеруге тиіс;

- c) Уағдаласушы Тараптардың Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарға елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін қызмет түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалауға қатысты екіжақты және көпжақты ынтымақтастығына жәрдемдеседі;
- d) тиісті жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу кезіндегі экологиялық факторларды, оның ішінде адамдардың денсаулығына байланысты аспектілерді жан-жақты есепке алуды қамтамасыз етеді;
- e) зілзалаларға әзір болуды және ден қоюды қамтамасыз ету арқылы өнеркәсіптік авариялар мен үлкен зілзалалар нәтижесінде ластану тәуекелін барынша азайту үшін алдын алу шараларын қолданады;
- f) бекіре, Каспий арқан балығы мен басқа да бағалы түрлердің табиғи уылдырық шашуы үшін ықтимал түрде зиянды болатын жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі арнайы шараларды қолданады;
- g) жағалау маңындағы аудандардың дамуына кешенді түрде қарау арқылы жағалау маңындағы аудандардың орнықты дамуына жәрдемдеседі;
- h) өзара келісім негізінде, аумағында Каспий теңізі гидрологиялық бассейнінің бір бөлігі орналасқан жағалау маңына жатпайтын мемлекеттермен Хаттама мақсаттарына қол жеткізуде ынтымақтастыққа ұмтылады.

5-бап. Орындау шаралары

1. Әр бір Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың орындалуын үйлестіруге және басқа Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы тиісті ақпаратты ұсынуға құқығы бар ұлттық органды тағайындайды.
2. Осы Хаттаманы орындау барысында Уағдаласушы Тараптар:
 - a) ластану көздеріне бақылау жасау шараларына негізделген және шараларды, қажет жерлерде оларды орындау кестелерін қамтитын өңірлік немесе ұлттық іс-қимыл бағдарламаларын немесе жоспарларын қабылдайды. Осындай бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеу кезінде олар Теңіз ортасының құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі жаһандық іс-қимыл бағдарламасының ұсынымдарын және Каспий теңізі бойынша стратегиялық іс-қимыл бағдарламасының тиісті ережелерін назарға алғаны жөн;
 - b) мыналарды біртіндеп әзірлеу, қабылдау және жүзеге асыру жолымен I
қосымшада санамалап көрсетілген қызмет түрлері мен заттарды:

- (i) тиісті заттар үшін шығарындылардың шекті шамасын, сапаның экологиялық стандарттарын және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін, сондай-ақ I қосымшада айқындалатын факторларға негізделген басқару тәжірибесін қоса алғанда шығарындыларға бақылау; және
 - (ii) шекті шамада қол жеткізу, тиісті басқару тәжірибесін енгізу және Уағдаласушы Тараптармен келісілген шараларды орындау кестелерін қамтуды қамтамасыз етеді;
- c) ҚБЕҮТ және ЕҮТҚТ-ні пайдаланады немесе пайдалануға, сондай-ақ, экологиялық негізделген технологияны қолдануға, осы Хаттамаға V-қосымшада санамалап көрсетілген әлеуметтік, экономикалық және технологиялық жағдайлар мен өлшемшарттарды ескере отырып, мейлінше экологиялық таза өндірісті қоса алғанда, оған қол жеткізуге және оны беруге жәрдемдеседі.
3. Осы Хаттамада Уағдаласушы Тараптардың жекедара немесе бірлесіп, осы Хаттамада белгіленген шаралардан басқа мейлінше қатаң шараларды қабылдау құқығына осы Хаттамада ешнәрсе әсер етпейді.

6-бап. Жалпы басшылыққа алынатын қағидаттар және стандарттар

1. Конвенцияның 18-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда құзыретті халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, біртіндеп жалпы басшылыққа алынатын қағидаттарды және мән-жайларға байланысты, атап айтқанда:
- a) жағалау маңында су ағызып жіберуге арналған, атап айтқанда, шығарындыларды тазарту үшін пайдаланылатын әдістерді ескере отырып, құбырлардың ұзындығына, төселу тереңдігіне және орналастыруына;
 - b) бөлек тазартуды талап ететін шығарындыларға қойылатын арнайы талаптарға;
 - c) нақты мақсаттарда пайдалану кезінде адамдар денсаулығын, биологиялық ресурстар мен экожүйелерді қорғауға қажетті теңіз суының сапасына;
 - d) теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандардың ластануына елеулі дәрежеде себепші болатын өнімдерді, объектілер мен өнеркәсіптік және өзге де процесстерді бақылауға және қажет болған жағдайда біртіндеп ауыстыруға;
 - e) тасталынатын заттардың санына, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген олардың шығарындыларда шоғырлануына және оларды тастау әдістеріне қатысты нақты талаптарға орай стандарттарды немесе өлшемшарттарды әзірлейді және қабылдайды.

2. Осы Хаттаманың 5-бабы 2-тармағының а)-тармақшасында көрсетілген өңірлік бағдарламалар мен іс-қимыл жоспарлары мынадай ережелер ескеріле отырып әзірленеді және жүзеге асырылады:

а) Уағдаласушы Тараптар шығарындылардың жалпы шекті шамасын, сапаның экологиялық стандарттарын немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін, сондай-ақ, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттар үшін жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластағанды мән-жағдайларға қарап болдырмауға, бәсеңдетуге немесе жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыру кестесін белгілейді және мезгіл-мезгіл қайта қарайды; және

б) Уағдаласушы Тараптар конференциясы ластануды болдырмау өлшемшарттарын айқындайды және Каспий теңізінің теңіз ортасының жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануын бәсеңдету, бақылау және жою жөніндегі тиісті шараларға ұсынымдар береді және осы Хаттаманың 13-бабында көрсетілген мониторинг бағдарламаларын жүргізу, өнеркәсіптік және басқа да антропогендік қызметтегі өзгерістер мен ғылым және ластануға қарсы күресу технологиялар саласындағы ықтимал прогресс нәтижелері бойынша ақпарат көлемінің ұлғаюын көрсете отырып, оларды мезгіл-мезгіл жаңартып отырады.

7-бап. Жеке-дара нүктелі көздерден ластану

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға теріс әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттардың ластануының жеке-дара нүктелі көздерінен түсетін шығарындыларды реттеу қолда бар ең үздік технологияларға, ең үздік табиғат қорғау практикасына немесе шығарындылардың тиісті шекті шамаларына негізделуі үшін шара қолданады.

2. Уағдаласушы Тараптар «шиеленісті нүктелер» тізімінің негізінде жеке-дара нүктелі көздерден түсетін ластаушы заттардың айтарлықтай азаюына қол жеткізу кестесімен ұлттық іс-қимыл жоспарларын қабылдайды және жүзеге асырады, олар бекітіледі, кейін Уағдаласушы Тараптар конференциясында қайта қаралып, екі жыл сайын жаңартылып отырады.

3. Жеке-дара нүктелі көздерден шығарындыларды Уағдаласушы Тараптардың құзыретті ұлттық органдарынан рұқсат алған жағдайда жол беріледі немесе осы органдардың осы Хаттаманың ережелерін, оған IV қосымшаны және Уағдаласушы Тараптар конференциясының тиісті шешімдері мен ұсынымдарын ескере отырып реттеуіне жатады.

4. Осы мақсатпен Уағдаласушы Тараптар берілген рұқсаттар мен қоршаған ортаға шығарындыларды реттейтін, қабылданған нормативтік актілер талаптарының сақталуын бағалау үшін өздерінің құзыретті ұлттық органдары жүзеге асыратын жүйелі түрде инспекциялау және қадағалау жүйесін құруды қамтамасыз етеді. Рұқсаттар мен нормативтік актілер талаптары сақталмаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар тиісті санкцияларды енгізеді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

8-бап. Шашыраңқы көздерден ластану

1. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген және Каспий теңізінің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарға әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін, заттардың ластануы шашыраңқы көздерінен шығарындыларды реттеу әдістері ҚБЕҮТ-ге және ЕҮҚП-на негізделуі үшін шара қолданады.
2. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға әсерін тигізетін ауыл шаруашылығы қызметімен байланысты ластану ауыртпалығын айтарлықтай азайту үшін, оның осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттар бойынша келісілген сапаның экологиялық стандарттарына және қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, осы Хаттамаға II қосымшада айқындалған өлшемшарттарға сәйкес барлық қажетті шараларды қолданады.

9-бап. Қызметтің өзге де түрлерінен туындайтын ластану

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарға жағымсыз әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін және осы Хаттаманың 7 және 8-баптарында қамтылмаған қызмет түрлері ҚБЕҮТ және ЕҮҚП негізінде жүзеге асырылуы үшін шараларды қолданады.
2. Уағдаласушы Тараптар теңіз деңгейінің ауытқуы нәтижесінде теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандардың ластануын болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша барлық тиісті шараларды қолданады. Осы мақсаттарда мұнай және химия өнеркәсібі қондырғыларын, сондай-ақ, мұнай басып кету қатері бар жерлерді мұнаймен ластанудан қорғау жөнінде шара қолданады және ескірген жағалау қондырғылары мен қоймаларын пайдаланудан шығарады.

10-бап. Жағалау маңындағы аудандарды дамытуға кешенді көзқарас

1. Уағдаласушы Тараптар өзгелердің ішінде жағалау маңындағы аудандарды жоспарлау негізінде, жеке-дара және, ұтымды болған жағдайда, бірлесіп жеке, жағалау маңындағы аудандарды кешенді дамытуды қолданады. Олар теңіздің ұзақ уақыт бойы ауытқуын, жел кума-айдау құбылыстары, дауыл, жер сілкіністері және жағалау эрозиясы сияқты қауіпті табиғи факторлардың жағалау маңындағы аудандардың халқына және инфрақұрылымына жағымсыз әсерлерін бәсеңдету үшін жеңілдету шараларын қолданады және жүзеге асырады.
2. Уағдаласушы Тараптар жағалау маңындағы аудандардағы жерлердің орманы жойылуын және жұтандауын азайту және тоқтата тұру үшін барлық қажетті шараларды қолданады және ормандарды қалпына келтіруге және шөлейттенуге қарсы күресуге бағытталған ұлттық іс-қимыл жоспарларын және бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады.

11-бап. Траншекаралық әсер ету

1. Кез келген Уағдаласушы Тараптың жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметі нәтижесінде ластану басқа немесе бірнеше басқа Уағдаласушы Тараптардың жағалау маңындағы аудандарына немесе Каспий теңізінің теңіз ортасына жағымсыз әсерін тигізетін жағдайларда тиісті Уағдаласушы Тарап ықтимал қатысы болатын Уағдаласушы Тараптарды хабардар етеді және проблеманы шешу мақсатында олар консультациялар өткізеді.
2. Егер екі немесе одан да көп Уағдаласушы Тараптардың аумағы арқылы өтетін немесе олардың арасында шекара болатын ағын судан төгінділер Каспий теңізінің теңіз ортасының ластануы қауіпін туғызса немесе туғызуы мүмкін болса, оған қатысы бар Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы толық көлемде, оның ішінде орынды болатын жерлерде қолдануды ластанумен байланысты проблемаларды анықтауға және шешуге жауапты бірлескен органдарды құру жолымен қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтасады.
3. Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың Тарапы болып табылмайтын мемлекеттің немесе мемлекеттердің аумағында туындайтын кез келген ластану үшін жауап бермейді.

12-бап. Қоршаған ортаға әсерін бағалау

1. Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 17-бабын орындау мақсатында ықтимал трансшекаралық әсерлерді қоса алғанда, құрлықта жүзеге асырылатын жобалар мен қызмет түрлерінің қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалауға қатысты өңірлік және тиісті ұлттық басшылыққа алынатын қағидаттарды әзірлейді және қабылдайды, және бұл

ұтымды болған кезде, осы басшылыққа алынатын қағидаттарды қайта қарайды және жаңартады.

2. Әр Уағдаласушы Тарап құрлықта оның аумағының шегінде жүзеге асырылатын, Каспий теңізінің теңіз ортасына немесе жағалау маңындағы аудандарына елеулі түрде жайсыз әсерін тигізуі мүмкін кез келген жоспарланған қызмет түрінің немесе жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсімдерін енгізеді және қолданады.
3. Осы баптың 2-тармағында аталған қызмет түрлері мен жобалар Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының алдын ала жазбаша рұқсаты бойынша жүзеге асырылады, онда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың тұжырымдары мен ұсынымдары толық көлемде ескеріледі.

13-бап. Ақпараттар мен деректерді жинау, олардың мониторингі және оларды бағалау

1. Конвенцияның 19-бабының ережелері және онда көзделген мониторинг бағдарламалары шеңберінде, ал қажет болған кезде құзыретті халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта Уағдаласушы Тараптар, мүмкіндігінше:
 - a) Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі туралы, оның физикалық, биологиялық және химиялық сипаттамаларына қатысты деректер мен ақпараттар жинауды жүзеге асырады, деректер базасын дайындайды және жүргізеді;
 - b) Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына енгізілген заттардың көздерін бөлу және мұндай заттардың саны туралы санамалап көрсетілген ақпаратты қоса алғанда, осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген заттардың жер үсті көздерінен түсімдері деректер мен ақпараттар жинауды жүзеге асырады, деректер базасын дайындайды және жүргізеді;
 - c) жүйелі түрде (кемінде бес жылда бір рет) Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйіне өңірлік бағалауды жүргізеді;
 - d) өзінің жағалау сызығы бойындағы, әсіресе осы Хаттамаға I қосымшада санамалап көрсетілген қызмет түрлеріне және заттарға қатысты ластану деңгейін жүйелі бағалайды, және Хатшылыққа аталған мәселе бойынша мезгіл-мезгіл ақпарат ұсынады;
2. Уағдаласушы Тараптар сапаны талдамалық бақылауды көздейтін мониторингтің өңірлік бағдарламаларының және мониторингтің бірлескен ұлттық бағдарламаларының құрамбөліктерін дайындау кезінде, сондай-ақ, деректерді сақтауға, алуға және алмасуға жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған ақпарат басқа Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы беріледі.

14-бап. Ақпарат алмасу

Конвенцияның 21-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар тікелей немесе Хатшылық арқылы теңіз ортасы және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі және осы Хаттаманың орындалуы жөніндегі қолжетімді деректер мен ақпараттарды жүйелі түрде алмасып отырады. Уағдаласушы Тараптар ақпарат алмасу үшін жүйелер мен желілер құрады.

15-бап. Жұртшылықтың қатысуы

1. Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 21-бабына және өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасы және жағалау маңындағы аудандарын жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғауға қажетті іс-шараларға және осы Хаттаманы орындаумен байланысты шешімдер қабылдау процестеріне жергілікті билік органдарының және жұртшылықтың қатысуына жәрдемдеседі.
2. Әр Уағдаласушы Тараптар Конвенцияның 21-бабына және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес өздері Тараптары болып табылатын, экологиялық ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі туралы қолданыстағы халықаралық келісімдердің ережелерін назарға ала отырып, Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының жай-күйі туралы, ластануды болдырмау, бақылау және бәсеңдету жөнінде қабылданған немесе жоспарланып отырған шаралар туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін жеңілдетеді.

16-бап. Ынтымақтастық және жәрдемдесу

1. Уағдаласушы Тараптар Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандарының жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою мақсатында ынтымақтастықты өңірлік негізде Хатшылық арқылы немесе, ұтымды болған кезде екіжақты негізде жүзеге асырады.
2. Конвенцияның 20-бабына сәйкес Тараптар жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластану мәселелері, атап айтқанда, түсімдердің сапалық және сандық құрамын, ластаушы заттардың таралу жолдарын, олардың қайта өзгеруін және қоршаған ортаға әсерін зерттеу бойынша, сондай-ақ, ластануды болдырмау,

бәсеңдету және жоюдың жаңа әдістері мен тәсілдерін әзірлеудегі, оның ішінде осы мақсаттар үшін неғұрлым экологиялық таза өндірістік процестерді әзірлеуде және қолдануда ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ынталандырады.

3. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы орындауға жәрдемдесуді сұрайтын Уағдаласушы Тараптармен тікелей және Хатшылық арқылы атап айтқанда:
 - a) ғылыми, техникалық, білім беру және қоғамдық-ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу, сондай-ақ, ғылыми, техникалық және әкімшілік кадрларды дайындау;
 - b) техникалық консультациялар, ақпараттар ұсыну және өзге де жәрдем көрсету кезінде ынтымақтасуға ұмтылады.
4. Уағдаласушы Тараптар теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластануды болдырмауға, бәсеңдету және бақылауға қатысы бар халықаралық ұйымдармен, бағдарламалармен және халықаралық келісімдер органдарымен ынтымақтасады.

17-бап. Баяндамаларды ұсыну

1. Әр бір Уағдаласушы Тарап Хатшылыққа Уағдаласушы Тараптар конференциясында қабылданған форматта осы Хаттаманы орындау жөнінде қолданылған шаралар туралы баяндамаларды ұсынады. Хатшылық алған баяндамаларды барлық Уағдаласушы Тараптар арасында таратады.
2. Аталған баяндамалар, *өзгенің ішінде*:
 - a) нормативтік-құқықтық сипаттағы шаралар, іс-қимыл жоспарлары, бағдарламалар және осы Хаттаманы орындау үшін қолданылған басқа да қадамдар туралы ақпаратты, оған Қосымшаларды және оларға байланысты қабылданған ұсынымдарды;
 - b) Каспий теңізіне тасталатын, I қосымшаға сәйкес бақыланатын заттардың мөлшері туралы деректерді;
 - c) осы Хаттаманың 7-бабына сәйкес берілген рұқсаттарға қатысты статистикалық деректерді;
 - d) осы Хаттаманың 13-бабында көзделген мониторинг нәтижесінде алынған деректер мен ақпаратты;
 - e) жағалау сызығын өзгертетін немесе жағалау маңындағы аудандар шегінде мекендеу орындарына жағымсыз әсерін тигізетін қызмет нәтижесінде ластану туралы ақпаратты;
 - f) шиеленісті нүктелерден ластануды жою және бақылау процесінде қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпаратты;

- g) осы Хаттаманы орындау кезінде қол жеткізілген нәтижелер және егер осы Хаттаманы орындау кезінде туындаған жағдайда, ондай қиындықтар туралы ақпаратты қоса алғанда, осы Хаттаманың шеңберінде жер үсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың ластануын болдырмау, бақылау, бәсеңдету және мүмкін болғанынша жою жөнінде қабылданған және жүзеге асырылатын іс-қимыл жоспарларының, бағдарламалардың және шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты қамтиды.
3. Хатшылықтың жәрдемімен ұлттық баяндамаларда қамтылған деректер мен ақпаратты пайдалануымен осы Хаттаманың орындалуы туралы және Каспий теңізі теңіз ортасының және жағалау маңындағы аудандардың жай-күйі туралы өңірлік баяндалар дайындалады.
 4. Осы Хаттамада ештеңе қандай да бір Уағдаласушы Тараптан ашылуы оның ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне қайшы келетін ақпаратты ұсынуды талап етпейді.

18-бап. Сақтау

1. Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманың орындалуына жәрдемдесу үшін Уағдаласушы Тараптар конференциясында бекітілуге жататын осы Хаттаманы сақтау рәсімдерін әзірлейді.
2. Уағдаласушы Тараптардың конференциясы:
 - a) 17-бапта аталған баяндамалардың және Уағдаласушы Тараптар ұсынған кез келген өзге де ақпараттың негізінде Хаттаманы сақтау туралы баяндамаларды, сондай-ақ, оған байланысты қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды қарайды және бағалайды;
 - b) тиісті жағдайларда Хаттаманың және оған байланысты қабылданған шешімдердің сақталуын қамтамасыз ету үшін шешімдер қабылдайды және шараларды көздейді және шығарылған ұсынымдардың, оның ішінде Уағдаласушы Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына жәрдемдесетін шаралардың жүзеге асырылуына септігін тигізеді.

19-бап. Ұйымдастыру ережелері

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22-бабының 10-тармағына сәйкес Уағдаласушы Тараптар конференциясы, *өзгенің ішінде*:
 - a) осы Хаттаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
 - b) Хатшылықтың жұмысын қадағалауды жүзеге асырады және оның қызметін басқарады;
 - c) осы Хаттамаға шолуды жүзеге асырады;

- d) осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына түзетулерді, сондай-ақ, кез келген үстеме қосымшаларды қарайды және қабылдайды;
 - e) осы Хаттаманың орындалуына байланысты мәселелер бойынша Хатшылық ұсынатын есептерді қарайды;
 - f) қолданылған шаралардың нәтижелерін және қосымшада баяндалған шараларды қоса алғанда, басқа шараларды қолданудың ұтымдылығын қарайды;
 - g) осы Хаттаманың 5-бабына сәйкес тиісті өңірлік бағдарламаларды, іс-қимыл жоспарларын және шараларды қабылдайды және қажет болған кезде қайта қарайды;
 - h) осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес өңірлік басшылыққа алынатын қағидаттарды, стандарттарды немесе өлшемшарттарды қабылдайды және қажет болған жағдайда қайта қарайды;
 - i) осы Хаттаманың 14-бабына сәйкес ақпарат алмасу рәсімдерін қабылдайды және қажет болған жағдайда қайта қарайды және ақпарат алмасу үшін ақпараттық жүйелер мен желілерді құруға жәрдемдеседі;
 - j) осы Хаттаманың 13, 14 және 17-баптарына сәйкес Уағдаласушы Тараптар ұсынған ақпаратты қарайды және оған баға береді;
 - k) осы Хаттаманың 18-бабында көзделгендей Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманың ережелерін және онымен байланысты қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды сақтауын қарайды және оған баға береді;
 - l) «шиеленісті нүктелер» тізімін қабылдайды және қайта қарайды және осы Хаттаманың 7-бабында көзделгендей қажет болған жағдайда оған өзгерістер енгізеді;
 - m) осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болған жағдайда тиісті халықаралық ұйымдар мен ғылыми институттарға техникалық және қаржылық қызмет көрсетілуіне өтініш білдіреді;
 - n) Конвенцияның 22-бабы 9 (a) және (c) тармақтарына сәйкес осы Хаттаманың орындалуы үшін қажет деп танылуы мүмкін кез келген қосалқы органдарды құрады.
2. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 23-бабы 4-тармағына сәйкес Хатшылық, *өзгенің ішінде*:
- a) Уағдаласушы Тараптардың қарамағына осы Хаттаманың орындалуы үшін талап етілуі мүмкін немесе олар сұрататын баяндамаларды және зерттеулер нәтижелерін дайындайды және береді;
 - b) осы Хаттаманың 13-бабына сәйкес Хатшылықта ұсынылған ақпаратты Уағдаласушы Тараптарға жолдайды;

- с) осы Хаттаманың 5-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар конференциясының бекіту үшін өңірлік бағдарламалардың, іс-қимыл жоспарларының немесе шаралардың жобаларын дайындайды;
- д) осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес Уағдаласушы Тараптар Конференциясының бекітуі үшін өңірлік басшылыққа алынатын қағидаттар, стандарттар мен өлшемшарттар жобаларын дайындайды.

20-бап. Хаттаманы қаржыландыру

1. Осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігіне қарай:
 - а) тиісті ішкі, екіжақты және көпжақты бағдарламаларды, жобалар мен шараларды әзірлеуді және орындауды қаржылай қамтамасыз етуді қарайды және жүзеге асырады;
 - б) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, қаржыландырудың екіжақты және көпжақты көздерінің және тетіктерінің қаржы ресурстарын тартуға жәрдемдеседі;
 - с) қорлардың, басқа елдердің үкіметтік мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жеке сектор құрылымдарының қаражатын қоса алғанда, ресурстарды тарту және бөлу үшін инновациялық әдістер мен ынталандыруды зерттейді.
2. Егер Уағдаласушы Тараптар конференциясы басқа шешімді қабылдаса, осы Хаттамаға Конвенцияның *mutatis mutandis* қаржылық қағидасы қолданылады.

21-бап. Дауларды реттеу

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты кез келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес реттеледі.

22-бап. Хаттаманың қабылдануы және күшіне енуі

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бірауыздан мақұлданған шешімімен қабылданады.
2. Осы Хаттама қаласында дейін тек Каспий маңы мемлекеттерінің қол қою үшін ашық.
3. Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады. Хаттама қол қоюға жабылған күнінен бастап, кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін ашық болады.
4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттар Конвенция Депозитарийіне сақтауға тапсырылады.

5. Осы Хаттама барлық Каспий маңы мемлекеттері ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе оған қосылу туралы құжаттарды Депозитарийге сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

23-бап. Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды және оның

Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды, сондай-ақ, оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныс енгізе алады. Уағдаласушы Тараптар осындай түзетулер мен қосымшаларды қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24 және 25-баптарына сәйкес күшіне енеді.

24-бап. Хаттаманың ұлттық заңнамаға әсері

Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманы орындау жөнінде бойынша тиісті мейілінше қатаң ұлттық шаралар қолдану құқығына әсер етпейді.

25-бап. Өзге де халықаралық келісімдермен байланыс

Осы Хаттамада ешнәрсе Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын өзге де халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

26-бап. Ескертпелер

Осы Хаттамаға ешқандай түсіндірмелерге жол берілмейді.

27-бап. Депозитарий

Осы Хаттаманың Депозитарийі Конвенцияның Депозитарийі болып табылады.

28-бап. Мәтіндердің тең түпнұсқалығы

Осы Хаттаманың әзербайжан, қазақ, орыс, түрікмен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалығы болып табылады. Осы Хаттаманы түсіндіру немесе қолдану туралы дау туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

29-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздерге қатынас

Осы Хаттама ережелерінің ешқайсысы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің нәтижесін айқындаушы ретінде түсіндірілмейді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН, осыған тиісті түрде уәкілеттік берілген,
төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

..... **ЖЫЛҒЫ** **қаласында** **жасалды.**

Әзербайжан Республикасы

Иран Ислам Республикасы

Қазақстан Республикасы

Ресей Федерациясы

Түркіменстан

Қызмет түрлерінің тізбесі

1. Мұнай өңдеу зауыттары (шикі мұнайдан жағар материалдарын ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және өнімділігі күніне 500 т немесе одан көп көмірді немесе битуминоздық тақтатастарды газдандыруға және сұйылтуға арналған қондырғылар.
2. Жылу қуаты 300 мегаватт немесе одан жоғары жылу станциялары мен сұйылтуға арналған басқа да қондырғылар, сондай-ақ
3. Атом электр станциялары және басқа атом реакторлары ең жоғары қуаты 1 кВт тұрақты жылу жүктемесінен аспайтын ыдыратқыш және ұдайы өндірілетін материалдарды өндіруге және конверсиялауға арналған зерттеу қондырғыларын қоспағанда, атом электр станцияларын немесе атом реакторларын¹ бөлшектеуді немесе пайдаланудан шығаруды қоса алғанда.
4. Ядролық отынды өндіруге немесе байытуға, пайдаланылған ядролық отынды регенерациялауға және сақтауға немесе радиоактивті қалдықтарды сақтауға, көмуге және қайта өңдеуге ғана арналған қондырғылар.
5. Домна және болат балқыту өндірісіне және түсті металдарды балқытуға арналған ірі қондырғылар.
6. Асбест және асбесті өңдеу мен қайта жасау және асбесті бар өнімдерді шығару үшін: жылдық өндірісі 20 000 т дайын өнімнен асатын - асбестцементті өнімдерге қатысты; жылдық өндірісі 50 т дайын өнімнен асатын - фрикциялық материалдарға қатысты; және жылына 200 т пайдаланатын - асбесті қолданудың басқа да түрлеріне қатысты қондырғылар.
7. Химия және мұнай-химия кәсіпорындары.
8. Автомагистральдарды, жылдам жүретін жолдарды², алысқа қатынайтын темір жолдарды және ілеспе көпірлерді және негізгі ұшу-қону жолағының ұзындығы 2100 метр және одан да асатын әуежайларды салу, реконструкциялау және/немесе кеңейту.
9. Мұнайды, газ бен мұнай өнімдерін немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған үлкен диаметрлі құбырлар.
10. Теңіз сауда порттары, сондай-ақ ішкі су жолдары мен су сыйымдылығы 1350 т асатын кемелердің өтуіне мүмкіндік беретін кеме жүретін ішкі жолдарға арналған порттар.
11. Қалдықтарды өртеу, химиялық өңдеу жолымен жою қондырғылары және қалдықтарды көму объектілері.
12. Ірі бөгендер, су айдындары және Каспий теңізінен су тарту арналары.

13. Егер алынатын немесе толтырылатын судың жылдық көлемі 10 млн. текше метрге жеткен немесе одан да асқан жағдайда жер асты суларын тарту жөніндегі қызмет немесе жер асты суларын жасанды жолмен толтыру жүйесі.

14. Ауамен кептіруден өткен, күніне 200 т немесе одан да көп көлемде целлюлоза, қағаз және картон алатын өндіріс.

15. Ірі карьерлер және металл рудалары немесе көмір өндірілетін жердегі кендерді ірі ауқымда ашық өндіру, шығару және байыту.

16. Көмірсутектерін теңізде өндіру. Алынатын көлемі мұнай болған жағдайда күніне 500 т асатын және газ болған жағдайда 500 000 текше метр болатын коммерциялық мақсатта мұнай және табиғи газды өндіру.

17. Мұнай, мұнай-химия және химия өнімдерін сақтауға арналған ірі қоймалар.

18. Үлкен алаңдарда орманның жойылуы.

19. Су ресурстарын өзен бассейндері шегінде немесе арасында қайта ауыстыру жөніндегі жұмыстар, мұндай қайта ауыстыру судың жетіспей қалу мүмкіндігін болдырмауға бағытталған және ауыстырылатын судың көлемі жылына 100 млн. текше метрден аспайды; барлық басқа жағдайларда су ресурстарын жылына 2000 млн. текше метрден асатын бассейннен су алуды көп жылдық орташа ағыны бар өзен бассейндері шегінде немесе арасында қайта ауыстыру жөніндегі жұмыстар, мұндай жағдайда ауыстырылатын су көлемі осы ағынның 5 %-нан асады. Екі жағдайда да құбырлық ауыз суды ауыстыруға болмайды.

20. Баламалы халық санының 150 000 адам санынан асатын өнімділікпен ағынды суларды тазалауға арналған қондырғылар.

21. Микробиологиялық және биотехнологиялық өнеркәсіп орындары және қоршаған ортаға гендік-түрлендірілген организмдерді шығару.

22. Құрлық учаскелерін жасанды түрде ұлғайту және аралдар, жолақтар және рифтер жасау.

I қосымшаға ескертпе

¹ Осы Хаттаманың мақсаттары үшін барлық ядролық отын және басқа да радиоактивті ластанған элементтер қондырғының өнеркәсіптік алаңынан түпкілікті жойылған жағдайда атом электр станциялары және басқа да атом реакторлары мұндай қондырғы болудан қалады.

² Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:

- «Автомагистраль» термині автокөлік құралдарына арнайы салынған және олардың жүруіне арналған, жол маңындағы иеліктерге қызмет көрсетпейтін жолды білдіреді және онда:

(а) жекелеген орындарды немесе уақытша шектеулерді қоспағанда, жүруге арналмаған немесе ерекше жағдайларда басқа құралдармен жүретін бір-бірінен бөліп

тұрған жолақпен бөлінген екі бағытта жүруге арналған жекелеген жүру бөліктері болады;

(b) жолдармен, темір жолдармен немесе трамвай жолдарымен, жаяу жүретін жолдармен бір деңгейде кесіп өтетін жерлері болмайды;

(c) автомагистральдар ретінде арнайы белгіленген.

- «Жылдам жүретін жол» термині оған кіру айырықтар немесе реттеп отыратын түйісу жолдары арқылы ғана мүмкін болатын және онда, атап айтқанда, тоқтауға және жүретін бөлігінде (жүретін бөліктерінде) аялдауға тыйым салынған, көлік құралдарының жүруіне арналған жолды білдіреді.

³ Осы Хаттаманың мақсаттары үшін «әуежай» термині Халықаралық азаматтық авиация ұйымын құратын 1944 жылғы Чикаго конвенциясында қамтылған анықтамаға сай келетін әуежайды білдіреді (14-қосымшасы).

**Елеулі трансшекаралық әсерді айқындауға септігін тигізетін
критерийлер тізбесі**

Мүдделі Тараптар қызметтің елеулі келеңсіз трансшекаралық әсері, атап айтқанда, төмендегі критерийлердің бірінің немесе бірнешеуінің негізінде әсері бола ма деген мәселені қарай алады:

(a) Мөлшері: мөлшері қызметтің осы түрі үшін ауқымды болатын қызметтің жоспарланатын түрлері;

(b) Орналасуы: ерекше экологиялық сезімтал немесе маңызды немесе оларға жақын (1971 жылғы 2 ақпандағы Ең алдымен суда жүзетін құстардың тіршілік ету орны ретінде халықаралық мәні бар сулы-батпақты алқаптар туралы конвенцияда айқындалған сулы-батпақты алқаптар, ұлттық парктер, табиғи қорықтар, ерекше ғылыми мүддедегі орындар немесе археологиялық, мәдени немесе тарихи маңызы бар орындар сияқты) аудандарда тікелей орналасқан жоспарланатын қызмет түрлері; сондай-ақ жоспарланатын әзірлемелердің сипаттамасы халыққа елеулі әсер ететін орындардағы жоспарланатын қызмет түрлері;

(c) Әсер етуі: адамға немесе құнды түрлерге немесе организмдерге айтарлықтай әсер ету тәуекелін ұлғайтатын, қозғалатын ауданның қазіргі немесе әлеуетті пайдалануға қатер төндіретін және қоршаған ортаның әлеуетін көтеруге төтеп бере алмауы мүмкін қосымша шығарындылардың себебі болып табылатын қызмет түрлерін қоса алғанда, ерекше кешенді және әлеуетті келеңсіз әсер етуі жоспарланатын қызмет түрлері.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі құжаттаманың ең аз мазмұны

Осы Хаттаманың 6-бабына сәйкес қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жөніндегі құжаттамаға қосылуы тиіс ақпарат, ең кемінде мыналарды:

- (a) жоспарланатын қызметтің сипаттамасын және оның мақсаттарын;
- (b) сипаттаманы, қажет болғанда жоспарланатын қызметтің ақылға қонымды баламалары (мысалы, географиялық немесе технологиялық сипаттағы), оның ішінде қызметтен бас тарту нұсқасын;
- (c) қоршаған ортаның жоспарланатын қызмет немесе оның балама нұсқалары айтарлықтай қозғауы мүмкін элементтердің сипаттамасын;
- (d) жоспарланатын қызметтің және оның балама нұсқаларының қоршаған ортаға әсерінің ықтимал түрлерінің сипаттамасын және олардың ауқымдарын бағалауды;
- (e) қоршаған ортаға теріс әсерді ең төмен деңгейге жеткізуге бағытталған алдын алу шараларының сипаттамасын;
- (f) болжамдау әдістеріне нақты нұсқаманы және осылардың негізінде жатқан бастапқы ережелерді, сондай-ақ қоршаған орта туралы пайдаланылатын тиісті деректерді;
- (g) білімдегі олқылықтарды және талап етілетін ақпаратты дайындау кезінде табылған белгісіздікті анықтауды;
- (h) қажет болған кезде мониторинг және басқару бағдарламаларының және жобалық талдаудан кейінгі барлық жоспарлардың қысқаша мазмұнын; және
- (i) техникалық емес сипаттағы, қажет болған кезде материалдар берудің көрнекі құралдарын (карталар, кестелер және т.б.) пайдалана отырып берілетін түйіндемені қамтуға тиіс.